

Жоба

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

8/7

Жалпы білім беретін мектептің  
8/7-сынып мұғалімдеріне арналған құрал



Алматы "Мектеп" 2018

**Омарбеков Т., Хабижанова Г., Қаратаева Т., Ноғайбаева М.**

**Қазақстан тарихы (XVIII — XIX ғғ.): Өдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 8/7-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. — Алматы: Мектеп, 2018 — 126 б.**

© Омарбеков Т., Хабижанова Г.,  
Қаратаева Т., Ноғайбаева М., 2018  
© “Мектеп” баспасы, көркем  
безендірілуі, 2018  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүліктік құқықтары  
“Мектеп” баспасына тиесілі

## ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ

### §1. XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы

#### **Сабақтың мақсаты:**

7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талқылау;

7.1.1.1 - жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру

#### **Зерттеу сұрағы:**

Не себепті “Елім-ай” бүкілхалықтық өнге айналды?

#### **Оқулық**

XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы. 8–11 беттер

#### **Тірек сөздер:**

Тәуке хан, Жеті жарғы, Күлтөбе, Еділ қалмақтары, Сібір казактары, башұрттар

#### **Ресурстар:**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 96–114 бб.

#### **Сабаққа дайындық:**

Қазақстанның XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі картасын, Тәуке хан және осы кезеңдегі атақты билер мен батырлардың суреттерін, “Жеті Жарғы” туралы Левшиннің кітабынан үзінді берілген және зерттеушілердің еңбектеріне сүйенген слайд дайындау керек.

XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Тәуке ханның реформаларының нәтижесінде қазақ қоғамының одан әрі бірігуі, тұтастану үдерісінің орын алуы мен хан биілігі нығая түсуі, қоғамның көкейтесті мәселелерін шешу үшін үш жүзден құралған кеңестің тұрақты жұмыс атқарғандығына қарамастан қазақ хандығының ішкі жағдайының күрделі болып қала беруінің себептерін талқылауға мүмкіндік беретін қосымша материалдарды қамту керек.

#### **Сабақтың деректі материалдары:**

Халық аса құрметтеп, Өз-Тәуке, Өзиз Тәуке атанған Тәуке ханның ішкі қырқыстарды тоқтатып, ел ішінде тыныштық орнату жолындағы қайраткерлігі мен тарихи тұлғасын көрсететін тарихи деректердің үзінділері, мысалы Левшиннің, Ш. Уәлихановтың еңбектерінен арнайы топтама дайындау керек.

#### **Сабаққа әдістемелік нұсқау:**

Сабақтың түрін аралас сабақ түрінде өткізе отырып, интербелсенді сабақ (Ойын түрлері; Жеке және жұптық, топтық жұмыстар; Сұрақтар қоюда ын-таландыру) қолдану керек.

#### **Сабаққа қатысты ескертпелер:**

Мұғалім алдын ала даярлап әкелген жоспарының негізінде оқушылардың жұмысын ұйымдастырады. Ол жоспарда мынадай мәселелер қаралуы мүмкін.

1. XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ қоғамының дамуына жалпы сипаттама.

2. “Жеті жарғы” заңы.

3. Сыртқы жағдайдың күрделенуі.

4. “Күлтөбеде күнде жиын”.

**Сабақтың барысы.** Мұғалім жалпы XVII–XVIII ғасырдың ширегінде қазақ қоғамының одан әрі бірігу, тұтастану үдерісінің орын алғандығын баяндайды. Хан билігі нығая түсуін, осы кезеңдегі көшпелі аймақтармен қатар Ташкент жазирасымен бірге 32 қала және олардың маңындағы аймақтардың қазақтарға бағынуының тарихы маңызын әңгімелейді. Тәуке ханның ел бірлігін нығайту жолындағы еңбегіне баға береді. “Жеті Жарғы” заңы туралы дайындалған слайд арқылы қосымша материалдарға (Левшиннің, Ш.Уәлихановтың және т.б. еңбектері) сүйене отырып, қазақ хандығының ішкі бірлігі мен қуатының артқандығын көрсетуге ұмтылуы қажет. Мұғалім сабақ барысында аталған кезеңдегі қазақ хандығының ішкі дамуының жетістіктеріне қарамастан жағдайдың күрделене түсуінің себептеріне тоқталады. Өсіресе, сыртқы қауіптің ішкі жағайға қалай әсер еткендігін, Тәуке хан билігінің соңғы жылдарындағы ішкі алауыздықтың күшеюі елді болашақта қандай қауіп-қатерге алып келгендігіне баса назар аударуы қажет.

**Бағалау мүмкіндіктері:** Мұғалім оқушыларды үш топқа бөліп, төмендегі белсенді ойын түрлері арқылы сабақты түйіндейді.

1-топ: “Он сұрақ!” әдісі бойынша дайындалады. Олар басқа екі топ мүшелеріне сабақ тақырыбы бойынша “ИӘ” не “ЖОҚ” деп қана жауап беруге болатын он сұрақ дайындайды.

2-топ: “9 ромб” әдісі бойынша дайындалады. Топ мүшелеріне бүгінгі сабақта талқыланған мәселенің айтарлықтай маңыздысын анықтап, талқылау үшін тізім беріледі. Тізімнің әрбір тармағын үлкен ромбылы торға орналастыру қажет. Маңызды тармақтарды әдетте ромбының жоғарғы жағына, ал оншалықты маңызды еместерін төменгі бөлігіне орналастырады. Әр қатарда орналасқан тармақтардың маңызы бірдей. Кейбір топтар ең маңызды карточкаларын орталықта орналастыра алады (екі нұсқасы сәйкес келеді, себебі тапсырманың маңызды элементі топтағы талқылау үдерісі болып табылады). Ромбының нысаны топқа бірқатар басымдықтар мен перспективаларды қамтуға мүмкіндік береді.

3-топ: “Лездеме!” әдісі бойынша дайындалып, жауап береді. Топтың бір мүшесі алдын ала дайындалған карточкадағы бүгінгі сабақтың негізгі сөздерін топқа сөздің өзін атамай бір минут ішінде түсіндіруі керек. Сөзді тапқан бірінші адам конверттен келесіні таңдайды және қалғандарына түсіндіреді.

**Қосымша тапсырма:**

Тәуке хан тұсындағы қазақ қоғамы ел аузында “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” бейбіт заман ретінде сақталған. Дегенмен елдің ішкі ауызбіршілігі Тәуке хан тұсында-ақ бұзыла бастауының тарихи себептерін талдап, оны нақты тарихи фактілермен, оқиғалар желісімен негіздеуге арналған жазбаша тапсырма.

## **§2. “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” заманы**

### **Сабақтың мақсаты:**

7.4.1.1 - жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау;

7.2.2.1 - халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау.

### **Зерттеу сұрағы:**

Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық өнге айналды?

### **Оқулық**

“Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” заманы. 12–14-беттер.

**Тірек сөздер:** жоңғар хандығы, әскери-көшпелі мемлекет, шапқыншылық.

### **Ресурстар:**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. - Т.3. - Алматы: Атамұра, 2002. – 121-150 бб.

### **Сабаққа дайындық:**

Қазақстан тарихының ауыр да қасіретті беттерінің бірі болып табылатын “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” оқиғасы мен жоңғарларға қарсы Отан соғысының басталуының тарихи маңызы туралы білім беруге ұмтыла отырып, “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” жылдары туралы тарихи және әдеби шығармалардан арнайы үзінділер дайындау керек. Бұл тарихи оқиғалардың халықтың әдебиетінде көрініс табуы қасіртті кезеңдерге қарамастан халық әрқашан өзінің болашағы мен тәуелсіздігі жолында күш біріктіре алатындығын, бұл оқиғаның халықтың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуында үлкен рөл атқаратындығын түсінуге көмектеседі.

### **Сабақтың деректі материалдары:**

Жоңғар әскерлерінің Қазақтан аумағына басып кіруінің сызбасы берілген карта, “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” жылдары бейнеленген фильмдерден (мысалы “Жаужүрек Мың бала”) үзінді, суреттер, “Елім-ай” жырының үзіндісі жазылған слайд, Ықылас атындағы ұлт-аспаптар музейінің экспонаттары, күйлер.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау:**

Сабақты аралас сабақ түрінде ұйымдастыра отырып, сабаққа әдебиет пәнінің мұғалімін шақыруға болады. Мүмкіндік болса, музыка тарихымен айналысатын маманды да тартуға болады. Пікір алмасу, баяндау, ой бөлісу, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру әдістерін пайдалану керек.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер:**

Сабақты Ш.Уәлиханов, А.Затаевич сияқты ғалым-зерттеушілер кезінде жазғып қалдырған Абылай ханның “Қайран елім” күйін ойнату немесе Қожаберген жыраудың “Елім-ай” дастанынан үзінді оқу арқылы бастауға болады. Одан өрі сабақты “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама басталуы” мен оның зардаптарын, әдебиет пен музыкадағы көрініс табуымен байланыстыру керек.

### **Сабақтың барысы.**

Мұғалім 1723 жылы қазақ билеушілері арасындағы өзара алауыздықты пайдаланған жоңғардың қалың қолы қазақ жеріне тұтқиылдан баса көктеп кіруі әйгілі “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” оқиғасына әкеліп соққандығын әңгімелейді. Одан әрі Қожаберген жыраудың “Елім-ай” жыры арқылы халық басына түскен қасіретті жеткізуге ұмтылады. Мұғалім қазақ халқы қаншалықты қасіретті басынан өткеріп, жойылудың аз-ақ алдында тұрғанымен, ел мен жері үшін, болашақ үшін қайтадан бас қосып басқыншыларға қарсы тізе қосып, бас біріктіруінің маңыздылығына баса назар аударады.

### **Білімді бағалау мүмкіндіктері:**

Жоғарыда көрсетілген негізде білім алған оқушылар 3 топқа бөлініп жұмыс жасайды. 1-топ “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” оқиғасының барысын әңгімелей отырып, қазақтың Үш жүзінің жауға шыдамай босуының бағыттарын картадан белгілейді. 2-топ “Ордабасы” жиынының тарихи маңызы туралы жаза отырып, оның өткен орнын картадан белгілейді. 3-топ Бұланты шайқасының өткен орнын картадан көрсете отырып, шайқастың тарихи маңызы туралы қорытынды жасайды.

Мұғалім топқа бөлінген оқушылардың білімдерін бекіту үшін төмендегідей сұрақтар қояды:

1. Неліктен 1723 жылғы оқиға “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп аталды?

2. Қазақ жүздерінің 1723 жылғы қасіретке ұшырауының себептері неде?

3. Қожаберген жыраудың “Елім-ай” жыры несімен құнды?

### **Қосымша тапсырма:**

“Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” жылдары туралы ауыз әдебиеті үлгілері мен қосымша материалдарды пайдалана отырып эссе жазыңдар.

## **§3. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастыру**

### **Сабақтың мақсаты:**

7.3.1.2 - Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.1.1 - Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру.

### **Зерттеу сұрағы:**

Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?

### **Оқулық**

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастыру. 15–17-беттер.

**Тірек сөздер:** Қарақұм жиналысы, Табын Бөгенбай батыр, Аягөз шайқасы.

### **Ресурстар:**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. — Т.3. — Алматы: Атамұра, 2002. – 121-150 бб.

### **Сабаққа дайындық:**

Жоңғар мемлекетінің күшеюі мен олардың қазақ жерлерін басып алу соғыстарының мақсаттарын талдай отырып, Жоңғар шапқыншылығына тойтарыс берудегі Қарақұм жиналысы мен 1718 жылғы Аягөз шайқасының маңызы туралы оқушылардың тиянақты білім алуына мүмкіндіктер беру.

Қазақ хандығының тәуелсіздігіне мейлінше қауіп төндірген басты жауы әскери-көшпелі мемлекет – Жоңғария мен Қазақ хандығы арасындағы жүз жылдан астам уақытқа созылған қазақ-жоңғар соғысының күшеюінің себептерін, осыған орай қазақ билеушілері мен батыр-билерінің елді қорғау жолындағы күресті ұйымдастырудағы жетістіктері және билеуші топтар арасындағы алауыздықтың қандай қасіретті салдарларға алып келгендігін талдай отырып, оқушылардың сыни көзқарас пен өткеннен сабақ алу қажеттілігі туралы көзқарастарын дамытуға мүмкіндік беру.

### **Сабақтың деректі материалдары:**

Жоңғария мемлекетінің картасы, Қайып және Әбілқайыр сұлтандар, табын Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет батыр суреттері, Гавердовский жазбасынан үзінді берілген слайд, диаграммалар, кесте-тіректер.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау:**

Сабақтың түрін аралас сабақ түрінде өткізе отырып, пікір алмасу, баяндау, ой бөлісу, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру әдістерін пайдалану керек.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер:**

Мұғалім алдын-ала даярлаған жоспарының негізінде оқушылардың жұмысын ұйымдастырады. Ол жоспарда мынадай мәселелер қаралуы мүмкін.

1. Жоңғарияның күшеюі Қарақұм жиынының мақсаты
2. Табын Бөгенбай батыр бастаған қазақ батырларының азаттық күрестегі орны
3. Аягөз шайқасы мен оның тарихи маңызы

### **Сабақтың барысы:**

Мұғалім сабақты өткен сабақ тақырыбына сүйене отырып, жоңғарлардың қазақ жетіне шапқыншылық соғыстарының басты себептері қандай болғандығын оқушылардың сұрау арқылы бастайды. Одан әрі, жоңғар шапқыншылығының XVIII ғасырдың басында күшейе түскендігін, сонымен қатар жоңғарлармен бірге өткен сабақтарда айтып өткен басқа жаулардың шапқыншылықтары жан-жақтан күшейген тұста қазақ қоғамында жауға қарсы тойтарыс беру ісі әлсірегендігін талдауына жетелеуі тиіс. Дегенмен, мұғалім оқушылардың назарын 1710 жылғы Қарақұм жиынына аудара отырып, ондағы батырлардың ел тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғаудағы ерен еңбектерін шабыттана жеткізуі керек. Осы орайда мұғалім атақты батырлардың бейнелерін көрсете отырып, Қарақұм жиналысы туралы бірден-бір тарихи дерек Гавердовский жазбасының жазылу тарихымен таныстыра кетеді. Нәтижесінде 1711, 1713 жылдардағы жауға берілген тойтарыс туралы айтып өтуі керек. Бірақ, 1718 жылғы Аягөз шайқасындағы жеңіске қарамастан, хан-сұлтандар арасындағы алауыздықтың

нәтижесінде жаудың түпкілікті жеңілмеуі болашақтағы қасіретті жылдарға алып келгендігін терең түсіндіреді.

#### **Бағалу мүмкіндіктері:**

Жоғарыда көрсетілген негізде білім алған оқушылар төмендегідей сұрақтар негізінде қорытынды жасайды. Жауаптарды «серпілген сұрақ» тәсілімен ұйымдастыруға болады. Бұл әдіс бойынша оқушылардың төменде берілген сұрақтарға жауаптарын одан әрі толықтыруға мүмкіндік беріледі. Мысалы: «Айжан, Рауанның жауабын қалай толықтыратын едің?», «Санат, барлық сұрақтарға берілген жауаптарды қалай қысқа қорытындылауға болады?» және с.с.

1. Жоңғар шапқыншылығының күшеюінің басты себептері неде?
2. Қарақұм жиналысында қандай шешім қабылданды?
3. Қарақұм жиналысындағы азаттық күресті ұйымдастыру туралы бастама көтерген тарихи тұлғалардың қызметін қалай бағалайсындар?
4. Қарақұм жиналысындағы шешімнің нәтижесінде қазақ қолы қандай жетістіктерге жетті?
5. Аягөз шайқасындағы қазақ қолының жеңісі толық болды ма? Өз пікіріңді дәлелдендер.

#### **Қосымша тапсырма:**

Оқулықта көрсетілген тапсырмалар мен сұрақтар оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

### **§4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы халық жасағының құрылуы**

#### **Сабақтың мақсаты:**

- 7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;
- 7.3.1.1. – Қарақұм мен Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру.

**Зерттеу сұрағы:** Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болып табылады?

#### **Оқулық**

Жоңғар шапқыншылығына қарсы халық жасағының құрылуы. 17–20 беттер.

**Тірек сөздер:** Ордабасы, “Қаламаққырылған”, Бұланты шайқасы, Қожаберген жырау.

#### **Ресурстар:**

Қазақстан тарихы: көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 121-150 бб.

#### **Сабаққа дайындық:**

1726 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі Бадам өзені алқабындағы Ордабасы тауының етегінде Үш жүздегі қазақ билері, Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс төрізді қазақ хандары, сондай-ақ осыған дейін жауға қарсы күресте



даңққа бөленген атақты қазақ батырлары мен қолбасылары да қатысқан Ордабасы жиыны мен бүкіл халықтық азаттық күреске бастама болған Бұланты немесе “Қалмаққырылған” шайқасының тарихи маңызын көрсету арқылы тек бірлік пен ынтымақ қана елдің тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтап қала алатындығын түсіндіруге бағыттау керек.

#### **Сабақтың деректі материалдары:**

Жоңғар әскерлерінің Қазақтан аумағына басып кіруінің сызбасы берілген карта, Ордабасында бас қосқан батырлар мен билердің, қолбасшылардың суреттері, “Қалмаққырылған” шайқасының картасы, Үмбетей және т.б. жыраулардың шығармаларынан арнайы үзінділер дайындау.

#### **Сабаққа әдістемелік нұсқау:**

Сабақты аралас сабақ түрінде ұйымдастыра отырып, пікір алмасу, баяндау, ой бөлісу, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру әдістерін пайдалану керек.

#### **Сабаққа қатысты ескертпелер:**

Сабақты ұйымдастыру барасында Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара жыраулардың шығармаларынан арнайы үзінділер дайындау керек. Патриоттық рухты шығармалар арқылы Ордабасы жиыны мен Қалмаққырылған шайқасының ел бірлігі мен рухын көтерудегі маңызын көрсетуге болады.

#### **Сабақтың барысы.**

Мұғалім 1723 жылы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның” оқиғасы басталған қайғылы уақыт қазақ халқының ерік-жігері мен рухын мұқата алмағанын азаттық күресті ұйымдастыруды қолға алған батырлар, билер мен хан-сұлтандардың қызметі арқылы баяндайды.

Ордабасындағы жиынды көшпелілердің тарихи дәстүрлеріндегі құрылтай жиналыстарының маңызымен салысыра отырып көрсетеді. Сонымен қатар, Қаламқырылған шайқасының өткен орны, осы шайқаста қазақ қолбасшылары таңдап алған шайқастың стратегиясы мен тактикасын талдап көрсетеді. Шайқастың жоңғар шапқыншылығына қарсы толық тойтарыс беру ісін жүзеге асырудағы маңызын талдайды.

#### **Білімді бағалау мүмкіндіктері:**

Оқушыларға төмендегідей сұрақтар бере отырып, олардың сабақты игеру мүмкіндіктерін бағалауға болады.

1. Ордабасыдағы басқосу кімдердің қатысуымен өтті?
2. Жауға тойтарыс беруді ұйымдастыру ісінде кімдер жетекші рөл атқарды?
3. Ордабасыдағы басқосудың тарихи маңызы қандай?
4. Бұланты шайқасы қай жерде өтті?
5. Бұланты немес “Қалмаққырылған” шайқасының тарихи маңызы қандай?

#### **Қосымша тапсырма:**

Қазақстан аумағындағы “Қалмаққырылған” деген атаумен белгілі топонимдерді анықтаңдар және олардың пайда болу тарихын анықтаңдар.

## **§5. Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызы**

### **Сабақтың мақсаты:**

7.3.2.1. – жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың ролін түсіндіру.

**Зерттеу сұрағы:** Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?

### **Оқулық**

Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызы. 21–23беттер.

**Тірек сөздер:** Аңырақай шайқасы, Азаттық күрес, Әмілмәмбет хан, Абылай сұлтан.

### **Ресурстар:**

Қазақстан тарихы: көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 121-150 бб.

### **Сабаққа дайындық:**

Жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық күресте бетбұрыс жасаған ең ірі жеңіс – Аңырақай шайқасының тарихи маңызы мен XVIII ғасырдың 30–40-жылдардағы қазақ-жоңғар қатынастарының одан өрі дамыуы мен қазақ жерлерін жаудан азат ету жолындағы күрес тарихынан білім беру арқылы 100 жылдан аса уақытқа созылған жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі бетбұрыс кезеңнің шешуші оқиғасы Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызын көрсету. Аңырақай шайқасының қазақ жерін жоңғарлардан түпкілікті азат ету жолындағы батырлардың ерлік жолы туралы білім бере отырып, оқушылардың тарихи танымдарын кеңейту, ұлттық тарихтың жасампаздық ролі туралы көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

### **Сабақтың деректі материалдары:**

Қазақстанның XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы картасы, атақты билер мен батырлардың суреттері, “Аңырақай” шайқасының орны мен картасы, қазақ жерін жоңғарлардан азат ету жолындағы күрестің бағыттары көрсетілген карта, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау, Бұқар жыраудың шығармаларынан үзінді берілген слайд.

### **Сабаққа әдістемелік нұсқау:**

Аралас сабақ түрін пайдалана отырып, интербелсенді сабақтың жеке және жұптық, топтық жұмыстар, сұрақтар қоюда ынталандыру әдістерін пайдалу керек.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер:**

Аңырақай шайқасының тарихи маңызын дүниежүзі тарихындағы шешуші шайқастар тарихымен салыстырмалы түрде беруге болады. Аңырақай шайқасы өткен жер туралы ғылыми пікір-таластардың туындауы мен оның нақты өткен жерін картадан белгілеу, оларға қатысты ақпараттарды тарихи деректермен салыстыру арқылы нақтылау қажет.

### **Сабақтың барысы.**

Сабақ біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі Аңырақай шайқасының өткен орны мен жылы туралы мәліметтерден, соғыстың барысы және осы кезеңдегі болашақ тарихи қайраткер Абылайдың алғашқы ерлігі туралы әңгімелеуден басталады. Мұғалім “Аңырақай” шайқасының тарихи маңызын қазақ батырлары мен жауынгерлерінің ерлігі жеке бастарының қаһармандығы және осы соғысқа өздері де қатысқан ақын өрі батыр Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау және оқиғаның куәсі болған Бұқар жыраудың шығармашылығы негізінде түсіндіреді. Мұғалім Аңырақайдағы жеңістен кейінгі алуыздықты айта отырып, Жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің 1741–1742 жылдары Орта жүз бен Кіші жүзге ұйымдастырған бұрынғы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан” кем түспейтін шапқыншылықтары Қазақстандағы саяси жағдайды шиеленістіре түскеніне баса назар аударады. Осылайша, сабақты жоңғар шапқыншалығына қарсы азаттық күресті ұйымдастыру мен жүргізудегі қазақ билері мен батырларының рөлі арқылы қорытындылайды.

### **Білімді бағалау мүмкіндігі:**

Сабақты қорытындылау барысында мұғалім оқушылардың білімдерін қысқаша сұрақтар қою арқылы, сонымен қатар оқушылардың Аңырақай шайқасының өткен орны, тарихи маңызы мен оны ұйымдастырудағы батырлар мен билердің, хан-сұлтандардың қызметін аналитикалық тұжырым жасай білу мүмкіндіктеріне қарай бағалай алады.

### **Қосымша тапсырма.**

Аңырақай шайқасына қатысқан батырлар, билер мен жыраулар, сұлтандар туралы эссе дайындау.

## **XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ**

### **§ 7-8. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. Ресейдің әскери отарлау әрекеттерінің басталуы**

#### **Сабақтың мақсаты:**

7.3.1.2. – қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау.

7.3.2.2. – қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

**Зерттеу сұрағы:** Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың “кілті мен қақпасы” деп санады?

#### **Оқулық**

XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. Ресейдің әскери отарлау әрекеттерінің басталуы

**Тірек сөздер:** *әскери отарлау, әскери шептер, Омбы бекінісі, Бухгольц экспедициясы.*

#### **Ресурстар:**

Қазақстан тарихы: көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 150-179 бб.

Абдиров М. *История казачества Казахстана.* – Алма-Ата: Казахстан, 1994.

**Сабаққа дайындық:** Ресейдің қазақ жерлерін әскери отарлауының басталуы мен оның себептерімен, қазақ жеріндегі әскери отарлауда маңызды рөл атқарған Бухгольц экспедициясымен, Омбы бекінісінің салыну тарихымен таныстыра отырып, қазақ жерлеріндегі әскери бекіністер мен шептердің салынуының одан әрі күшеюінің барысын Ресей патшалығының отарлау саясатының негізгі тірегіне айналғандығын көрсету.

Ресейдің қазақ жерін отаулау саясатының негізгі бағыты әскери отарлаудан басталғандығын, қазақ жеріне әскери бекіністер мен шептердің салынуының бағыттарын талдай отырып, оқушыларды оқиғаларды сабақтастықта қарастыруға, кешенді ойлауға, шығармашылыққа баулу.

**Сабақтың деректі материалдары:** Қазақ жерлеріндегі орыс бекіністері мен шептерінің салынуының картасы, *Бухгольц экспедициясының маршруты*, көркем суреттер.

**Сабаққа әдістемелік нұсқау:** Сабақты ұйымдастыруда тарихи сараптау, интербелсенді тапсырмалар, картамен жұмыс түрлерін пайдалану керек.

**Сабаққа қатысты ескертпелер:** Қазақ жерлерін отарлау саясатының кең көлемді жүргендігін, соның ішінде оның үш негізгі бағытының (әскери отарлау, қоныстандыру саясаты, рухани отарлау) бірінші кезеңінің ерекшеліктерін ашып көрсету керек. Әскери бекіністердің қазақ жерін шеңберлеп қоршай түскендігін, орыс-казак жасақтарының құрылу тарихымен бірге қарастыру керек.

**Сабақтың барысы.** Мұғалім XVIII ғасырдың басында патшалық Ресей қазақ даласында әскери бекіністерді салу арқылы өзінің әскери – отаршылдық әрекеттерін бастағандығын әңгімелейді. Ресейдің әскери отарлау саясаты империялық сананы басшылыққа орыс өкіметінің I Петрдің тұсында “қырғыз-қайсақ ордаларын” өзіне қаратуды ойластыра бастауынан туындағандығын және қазақ даласының Ресейден шығып, Орталық Азия хандықтары мен қалаларына апаратын сауда жолдарында жатуы да отаршылдық пиғылды күшейте түскендігін түсіндіреді. Аймақтық географиялық тұрғыдан қазақ даласын Ресейден бөліп жататын тау жоталарының болмауы да орыстардың қазақ жеріне дендеп енуін жылдамдатқандығын картадан көрсетеді. Қазақ жерін билеуші топтардың солтүстіктегі көршісімен сауда-экономикалық, әскери-стратегиялық байланыстарға ұмтылуы да Ресейдің Қазақстанға деген қызығушылығын арттыра түскендігін түсіндіреді. Осындай ахуалды пайдаланып қалуға тырысқан орыс билеушілері қазақ жерін және Орта Азия арқылы өтетін барлық керуен жолдарын өзінің қол астына бағындыруды көздеген әрекеттерді қолға алуға итермелегендігін және өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін арнайы экспедициялар жабдықтап, Жайықтың бойында қамалдар салуды және башқұрт-қазақ халықтарын өзара жауластыруды қолға ала бастағандығын тарихи фактілермен, көрнекілік құралдарды пайдалана отырып баяндайды.

**Білімді бағалау мүмкіндіктері:** Мұғалім оқушыларды екі топқа бөліп, оларға арнайы тапсырма береді. 1-топ Ресейдің қазақ жерлеріне салған әскери бекіністері мен шептерін картадан белгілей отырып, әскери отарлаудың бағыттары туралы өз пікірлерін айтады. 2-топ Бухгольц экспедициясының маршрутын сызып, бұл экспедицияның қазақ жерлерін әскери отарлауда атқарған рөлі туралы өз пікірлерін айтады.

### **Қосымша тапсырма.**

Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау. Хрестоматияда берілген тарихи құжаттармен таныса отырып, әскери отарлаудың салдарлары туралы әссе дайындау.

## **§ 9. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары**

**Сабақтың мақсаты:** 7.3.1.2. – қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау.

7.3.2.2. – қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

**Зерттеу сұрағы:** Әбілқайыр хан Анна Иоанновнаға жазған хатында қандай мақсат көздеді?

### **Оқулық**

§ 9. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары. 31–35 беттер.

**Тірек сөздер:** Әбілқайыр хан, ант қабылдау, бодандық, Анна Иоановна, Орта жүз, Кіші жүз.

### **Ресурстар:**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 150-179 бб.

*Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. – Алма-Ата, 1960.*

**Сабаққа дайындық:** Кіші және Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауының басты себептерін анықтап көрсету үшін Қазақстанның сол кезеңдегі ішкі жағдайы мен сыртқы геосаяси жағдайын талқылау керек. Жалпы тарихтағы саяси, экономикалық мүдделер мен күштердің ара-салмағының, жалпы құрлықтар мен елдердің саяси аренадағы орындары мен рөлдерінің өзгеру тенденцияларымен байланысты қарастыру керек.

**Сабақтың деректі материалдары:** Қазақстанның саяси құрылымына қатысты материалдар жинағында жарияланған (<http://elib.nklibrary.kz> сайтынан да алуға болады) Әбілқайыр ханның 1730 жылғы хатының мәтінін, транскрипциясын дайындау, қазақ хандығының картасы арқылы осы кезеңдегі қазақ жүздерінің арасындағы саяси, шаруашылық-экономикалық байланыстардың үзілуі мен сыртқы саяси жағдайдың күрделілігін көрсететін деректік материалдардан үзінділер дайындау.

**Сабаққа әдістемелік нұсқау:** Сабақты ұйымдастыруда пікірталас форматын қолданып, тарихи сараптау, интербелсенді тапсырмалар, картамен жұмыс түрлерін пайдалану керек.

**Сабаққа қатысты ескертпелер:** Әбілқайыр ханның Ресей бодандығына өту туралы ұсынысының тарихи себептерін талдауға назар аудару қажет. Ресей бодандығына өту тек бір тұлғаның әрекеті (Әбілқайырдың хаты) ме немесе жалпы тарихи-саяси даму үдерісінің қорытындысынан туындаған акт пе деген сұраққа оқушылардың өз беттерімен жауап бере алуын қамтамасыз ету қажет.

**Сабақтың барысы.** Аңырақай шайқасынан кейінгі қазақ жүздерінің ішкі және сыртқы саяси жағдайын талдау арқылы қазақ елінің аса күрделі саяси жағдайға тап балуының себептерін айқындау керек. Жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық, миграциялық және сауда-экономикалық жағдайын өзгертуінің барысын өткен сабақтармен байланыстыра отырып талдау, патшалық Ресей үкіметі неліктен қазақ билеушілерінің жоңғарларға қарсы күресте одақтас болу туралы ұсынысын қабылдауға мүдделі болмауын көрсетеді.

**Білімді бағалау мүмкіндіктері:** Әбілхайыр хан хатының тарихи маңызы туралы пікірталас ұйымдастыра отырып, оқушылардың қарастырылып отырған кезеңдегі саяси, тарихи жағдайды жалпы бағалай білу мен қорытынды жасай алу мүмкіндіктеріне байланысты бағаланады.

**Қосымша тапсырма.**

Оқулықта берілген Әбілхайыр ханның Ресей бодандығына өту жөніндегі әрекеттерін қалай бағалауға болады? “Бұл ханның жеке басының қамқарекетін ойлағаннан туындаған әрекеті ме, әлде халқының тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтап қалу жолындағы күресінің нәтижесі ме” атты тақырыпта эссе дайындау.

## **§10. XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты**

**Сабақтың мақсаты:** 7.3.1.2. – қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау.

7.3.2.2. – қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

**Зерттеу сұрағы:** қазақ хандығының ішкі саяси жағдайының шиеленісуінің салдары қандай болды?

**Оқулық**

XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты. 35–38 беттер.

**Тірек сөздер:** Әбілқайыр хан, Нұралы, Орта жүз, Хиуа хандығы, Батыр сұлтан, Барақ сұлтан,

**Ресурстар:**

1. Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 150-179 бб.

**Сабаққа дайындық:** XVIII ғасырдың 30-40-жылдарындағы Кіші және Орта жүздің жағдайын талдай отырып, Әбілқайыр ханның саяси ықпалының өсуі мен оның Ресеймен қарым-қатынастарындағы өзгерістердің себептерін, жалпы Ресей билігін мойындауының тарихи маңызы туралы білім беру.

XVIII ғасырдың 40-жылдары қазақ халқының саяси дамуындағы күрделі кезеңнің сипатын ашып көрсете отырып, Ресейдің құрамына қосылғанымен Кіші жүздің жағдайының түзелмеуінің себептерін, Әбілқайыр ханның Ресеймен қарым-қатынасындағы бастапқы ұстанымының өзгеруінің себептерін, оның Орта жүзде де ықпалының артуының барысын талдай отырып, қазақ тарихындағы күрделі кезең туралы оқушылардың танымын кеңейту, тарихи талдау дағдыларын қалыптастыру.

**Сабақтың деректі материалдары:** Карта, тарихи суреттер, тірек-кестелер мен тарихи құжаттардан үзінділер берілген слайд.

**Сабаққа қатысты әдістемелік нұсқаулық:** Сабақты ұйымдастыру барысында тарихи экскурсия, сауалнама, технологиялық ақпараттылық әдістерін пайдалану керек.

**Сабаққа қатысты ескертпелер:** қазақ халқының саяси дамуындағы күрделі кезең болып саналатын XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Кіші жүз бен Орта жүздің саяси жағдайын түсіндіру үшін Орынбор шекаралық комиссиясының жаңа төрағасы И.И.Неплюевтың жеке тұлғасы мен қазақ жеріндегі саясатын талдауға назар аудару қажет.

**Сабақтың барысы.** Сабақты XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Кіші және Орта жүздегі саяси жағдайдың күрделі болғандығынан бастау керек. Жоңғар шапқыншылығының толық аяқталмауы мен Ұлы жүздің шын мәнінде жоңғарлар қол астында қалуы жағдайында парсы билеушісі Нәдір шах тарапынан туындағын жаңа басқыншылық соғыс қаупі, Ресейдің саяси жағдайды қаншалықты күрделендіре түскендігін түсіндіру керек. Осы орайда материалдың күрделілігін ескере отырып, оқушыларды жаңа сабақты игеру үшін 4 топқа бөліп, өз беттеріне тапсырмалар беру қажет. 1-топ алдын ала дайындалған жоспар бойынша XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Кіші жүздегі саяси жағдайды талдайды. 2-топ Әбілхайыр ханның Орта жүздегі ықпалының өсуінің себептерін көрсетуі керек. 3-топ Әбілқайыр ханның саясатындағы өзгерістерді талдаса, 4-топ Әбілқайыр ханның өлімі мен оның жалпы Ресейге қатысты ұстанған саясатының нәтижелерін талдауға бағытталуы тиіс.

**Білімді бағалау мүмкіндіктері.** Мұғалім алдын ала дайындалған жоспар бойынша сыныпты бірнеше топқа бөліп, оларға арнайы дайындалған сұрақтар қояды. Әр сұраққа жауап берген оқушының жауабын өзге топтың оқушыларының толықтыруын сұрайды.

**Қосымша тапсырма** оқулық мәтінімен және хрестоматияда берілген қосымша материалдармен жұмыс.

## § 11. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы саяси жағдайдың асқынуы

**Сабақтың мақсаты:** 7.3.1.2. – қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау.

7.3.2.2. – қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

**Зерттеу сұрағы:** Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайының шиеленісуінің салдары қандай болды?

**Оқулық**

XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы саяси жағдайдың асқынуы. 39–41 беттер.

**Тірек сөздер:** *Алтай тау-кен орындары, Лама-Доржи, Әмірсана, маньчжур-қытай әскерлері*

**Ресурстар:**

Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 150-179 бб.

**Сабаққа дайындық:** XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап жоңғар шапқыншылығының қайта күшеюінің себептері, патша үкіметінің қазақ-

жоңғар соғыстары барысындағы ұстанған саясатының сипаты туралы білім беру. Орталық Азия аумағындағы күшті көшпелі мемлекеттердің бірі – Жоңғар хандығының мемлекет ретінде тарих сахнасынан жойылып кетуінің ащы сабақтары, бұл оқиғаның қазақ елінің геосаяси жағдайына тигізген әсері туралы пікір өрбіте отырып, оқушылардың сыни ойлау мен тұжырым жасау қабілеттерін дамыту.

Ресейдің отарлау саясатының күшейе тусуіне қазақ билеушілерінің ішкі алауыздығы қалай әсер еткендігін көрсету, Нұралыны хан сайлаудың патша тарапынан ұйымдастырылуы және бекітілуі, оны орыс патшасына толық тәуелді еткендігін көрсету арқылы оқушыларға тарихи оқиғаларды кешенді қарастыру мен олардың сабақтастығын айқындай білу қабілеттерін дамыту.

**Сабақтың деректі материалдары:** Карта, тарихи суреттер, тарихи құжаттардан үзінділер берілген слайд.

**Сабаққа қатысты әдістемелік нұсқаулық:** оқушылардың танымдық қызығушылығын артырып, ынталадыру үшін Жоңғар хандығының құлауы, оның себептері мен салдарларына қатысты мәселелер туралы өз көзқарастарын белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғалық және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау. Пікірсайыс әдісі өз мақсатына жету үшін оқушылардың өз ойларын анық және дәл тұжырымдау іскерлігінің болуын, дәйекті дәлелдерді құрастыра білуін талап етіп, оларды ойлауға, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге, ой жарыстыруға жетелеу қажет.

**Сабаққа қатысты ескертпелер:** Аталған кезеңдегі қазақ жүздерінің күрделі ішкі-сыртқы жағдайының, 1745 жылы Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін, Орталық Азиядағы саяси жағдайдың шиленісуі, Жоңғар мемлекетінің құлауы, 1756 жылдың наурыз айында маньчжур-қытай әскерлері Іле өзенін бойлай Қазақстан шекарасына дейін жетуінің тарихи салдарларын талдау арқылы оқушыларды тарихтан сабақ алуға, мәліметтерді сыни тұрғыдан талдауға бағыттау керек.

**Сабақтың барысы:** Мәселені XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы қазақ-жоңғар қатынастарының сипатын талдау барысында Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен белгілі сұлтан Абылайдың жоңғар шапқыншылығына қарсы тойтарыс беру әрекеттерін баяндайды. Осындай күрделі жағдайдағы Ресей үкіметінің қазақтарды қорғау деген желеумен Оралдан, Сібірден әкелінген зеңбіректерді, әскери бөлімдерді Ертіс, Алтай өңіріндегі бекіністерге орналастырып, отарлық, әсіресе шаруашылық мүддесін бірінші орынға қоюының барысы талданады.

1745 жылы жоңғар билеушісі Қалдан Сереннің қайтыс болуына байланысты Жоңғарияда билік үшін ішкі бақталастық күшейіп, бұл мемлекет саяси жағынан ыдырай бастады. Енді әлсіреген Жоңғар хандығынан қазақтар ыға қойған жоқ.

Жоңғария мемлекетінің құлауының барысын түсіндіре отырып, Қалдан Сереннің қайтыс болуынан кейінгі ішкі жағдай мен Жоңғар тағына үміткер Әмірсанаға Орта жүздің белді сұлтандары Абылай мен Әбілпайыздың қолдау көрсетуінің себептері айқындалады.

**Білімді бағалау мүмкіндіктері.** Мұғалім арнайы дайындалған сұрақтар арқылы оқушылардың аналитикалық ойлау, тұжырым жасау, жаңа фактілерді игеру мүмкіндіктерін анықтайтын арнайы тапсырмалар дайындау арқылы бағалайды.



## **Қосымша тапсырма**

Қазақ-жоңғар қарым-қатынастары барысында пайда болған тарихи жыр-дастандар мен әңгімелер туралы мәліметтер дайындау.

### **§12. Абылай ханның қайраткер ретінде қалыптасуы**

**Сабақтың мақсаты:** 7.3.1.2. – қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау.

7.3.2.2. – қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

**Зерттеу сұрағы:** Дербес қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?

#### **Оқулық**

XVIII ғасырдың 50–60-жылдарындағы Ұлы және Орта жүздегі саяси үдерістер. Абылай хан. 42–45 беттер.

**Тірек сөздер:** Әбілмансұр, Орск, Цин империясы, “Шүршіт қырылған”.

#### **Ресурстар:**

Қазақстан тарихы: көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 247-278 бб.

*Тарақ Ә.* Абылай хан. – Алматы, 2014.

**Сабаққа дайындық:** Көрнекті мемлекет қайраткері болған тарихи тұлға Абылай ханның өмір жолы мен көрнекті мемлекет қайраткері ретінде қалыптасу барысы, қайраткердің балалық шағы мен өскен ортасы туралы, ол өмір сүрген тарихи кезеңнің ерекшелігі туралы білім беру.

Абылай ханның өскен ортасы, оның тұлға ретінде қалыптасуына әсер еткен тарихи жағдаймен таныстыру арқылы оқушылардың оны “Ұлттық тұлға” ретінде тануына қол жеткізу. Абылай ханның көрнекті мемлекет қайраткері ретінде қалыптасу жолын оқыту арқылы оқушылардың санасын, көзқарасын “ұлттық идеология” тұрғысынан қалыптастыру.

Абылай ханның көрнекті мемлекет қайраткері ретінде қалыптасу жолы арқылы оқушыларды тұлғаны құрмет тұтуға, өткенді сыйлауға, жақсы адамға еліктеп бой түзеуге, өзін-өзі тәрбиелей білуге, өзін-өзі тани білуіне тәрбиелеу.

**Сабақтың деректі материалдары:** Фотослайд. Абылай ханның тарихи суреттері, қалпына келтірілген бас мүсіні, Абылайдың балалық шағы туралы тарихи құжаттар мен тарихи-әдеби шығармалардан үзінді.

**Сабаққа қатысты әдістемелік нұсқаулық:** Сабақ түрін тұлғатану форматында таңдап алуға болады. Сонымен қатар сабақты ұйымдастыруда интербелсенді сабақ әдістерін, мысалы дискуссия, ақпараттылық, ғылымилылық, танымдық ойындар түрлерін жан-жақты пайдалану керек.

**Сабаққа қатысты ескертпелер:** Абылай ханның тарихи тұлғасын жан-жақты аша түсу үшін ханның өмірі мен қызметіне қатысты тарихи, әдеби шығармалардан үзінділер келтіру, арнайы материалдар топтамасын дайындау керек. Оны сабақ барысында пайдалануға, оқушыларға арнайы тапсырма ретінде (мысалы, мәтінмен жұмыс тәсілі түрінде) беруге болады.

**Сабақтың барысы.** Мұғалім сабақты тарихи-әдеби шағырмалар негізінде Абылай ханның дүниеге келуі, оның ата-тегі мен алғашқы ерлігі нәтижесінде Абылай атын иеленуі туралы әңгімеден бастайды. Одан өрі өткен сабақтардағы

матариларды оқушылардың есіне сала отырып, осы кезеңдегі Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатындағы күрделі жағдайдың Абылайдың қайраткер ретінде қалыптасуына қалай әсер еткендігін түсіндіруі керек.

**Білімді бағалау мүмкіндіктері.** Арнайы ойын түрінде оқушыларды топтарға бөліп, әр топ мүшелеріне бүгінгі сабақта талқыланған мәселенің айтарлықтай маңыздысын анықтап, талқылау үшін тізім беріледі. Тізімнің әрбір тармағын үлкен ромбылы торға орналастыру қажет. Маңызды тармақтарды әдетте ромбының жоғарғы жағына, ал оншалықты маңызды еместерін төменгі бөлігіне орналастырады. Әр қатарда орналасқан тармақтардың маңызы бірдей. Кейбір топтар ең маңызды карточкаларын орталықта орналастыра алады (екі нұсқасы сәйкес келеді, себебі тапсырманың маңызды элементі топтағы талқылау үдерісі болып табылады). Ромбының нысаны топқа бірқатар басымдықтар мен перспективаларды қамтуға мүмкіндік береді.

#### **Қосымша тапсырма.**

”Көшпенділер” фильмін қарап, ондағы Абылай образының тарихилығы туралы шағарма дайындау.

### **§13. Абылай хан және біртұтас Қазақ хандығының қайта нығаюы**

**Сабақтың мақсаты:** 7.3.1.2. – қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау.

7.3.2.2. – қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

**Зерттеу сұрағы:** Дербес қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?

#### **Оқулық**

Абылай хан және біртұтас Қазақ хандығының қайта нығаюы. 46–48 беттер.

**Тірек сөздер:** Абылай хан, Бұхар жырау, Үмбетей жырау, төлеңгіт.

Ресурстар:

Қазақстан тарихы: көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 247-278 бб.

*Тарақ Ә.* Абылай хан. – Алматы, 2014.

**Сабаққа дайындық:** Қытайдың басқыншылық саясатына дипломатиялық жолмен шектеу қойған Абылайдың елдің ішкі мәселелерімен айналысып Орта жүзде ғана емес, Кіші жүзде де, Ұлы жүзде де ел сыйлайтын ықпалды тұлғаға айнала бастауының барысы мен оның 1771 жылы үш жүздің ұлы ханы болып сайлануының тарихи маңызы туралы білім беру.

Абылай ханның қазақ хандығының ішкі бірлігін қайта қалпына келтіру, қазақ билеушілерінің арасындағы алауыздықты жоюы, біртұтас қазақ хандығын құруға қол жеткізуі жолындағы тарихи еңбегін сараптау арқылы, оқушылардың тарихи танымын, тұлғалардың тарихи қызметінің маңызын бағалау қабілеттерін дамыту.

Абылай ханның біртұтас қазақ хандығын қайта қалпына келтіріп, оның іргесін нығайту жолындағы еңбегін оқыту арқылы оқушыларды жақсылық істерге құмар болуға, өнерлі, білімді, еңбекқор болуға баулу, тұлғалар қызметі арқылы отаншылдыққа тәрбиелу.

**Сабақтың деректі материалдары:** Карта, тарихи суреттер, тарихи құжаттар.

**Сабаққа қатысты әдістемелік нұсқаулық:** Сабақты аралас сабақ түрінде

ұйымдастыра отырып, жеке және жұптық, топтық жұмыстардың түрлерін пайдалануға болады.

**Сабаққа қатысты ескертпелер:** Абылайды хан сайлау тұсындағы қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайының ерекшеліктеріне назар аудару керек. Абылайдың үш жүздің игі жақсыларының ата дәстүрімен хан сайлау рәсімін өткізудің қазақ қоғамы, оның тәуелсіздігі мен бірлігі жолындағы рөлінің маңыздылығын атап өту қажет.

**Сабақтың барысы.** Қытайдың басқыншылық саясатына дипломатиялық жолмен шектеу қойған Абылай енді елдің ішкі мәселелерімен айналысып Орта жүзде ғана емес, Кіші жүзде де, Ұлы жүзде де ел сыйлайтын ықпалды тұлғаға айнала бастағандығын көрсету керек. Одан әрі Ұлы жүзде Абылайдың билігін нығайта түсуіне байланысты оның 50-жылдардың соңында және 60-жылдардың басында қырғыз-қазақ қатынасына араласуға мәжбүр болғанын көрсету керек.

Арада бірнеше жыл өткенде ғана Абылайдың табанды, көпқырлы саясатының нәтижесінде қырғыздардың қаупі азайып, ендігі жерде Ұлы жүз қазақтары да Абылайды өздерінің ханы ретінде ашық мойындап, оған қолдау жасағандығын түсіндіреді. Одан әрі Түркістанды билеп отырған Абылайдың ағасы Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін, Абылайды қазақ ханы етіп сайлауға барлық жағдай жасалғанын, нәтижесінде 1771 жылдың күзінде Үш жүздің өкілдері жан-жақты ақылдасып, жаңа ханды сайлау үшін Түркістан қаласына жиналып, Абылайға Әбілпейіз және Болат сұлтандар, Кіші жүз қазақтарының біраз билеушілері, Орта жүз бен Ұлы жүздің өкілдері жан-жақты қолдау көрсеткенін тарихи құжаттарды талдау арқылы түсіндіруге болды.

**Білімді бағалау мүмкіндіктері:** Оқушылардың білім деңгейін бағалауда Абылай 1771 жылы жалпы халықтың ханы ретінде мойындалып, қазақтар оны ақ киізге отырғызып хан көтеруі, жалпы Абылайдың хан сайлануы, шын мәнінде Қазақ хандығының біртұтастығының және бірлігінің қалпына келуі екендігін игеруіне назар аудару арқылы тұжырымдалуы тиіс.

**Қосымша тапсырма.** Абылайдың Үш жүзге хан болып сайлануының тарихи маңызы туралы шығарма дайындау.

#### **§14. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты**

**Сабақтың мақсаты:** 7.3.1.2. – қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау.

7.3.2.2. – қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

**Зерттеу сұрағы:** Дербес қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?

**Оқулық**

Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты. 49–52 беттер.

**Тірек сөздер:** төлеңгіттер, билер соты, реформа

**Ресурстар:**

Қазақстан тарихы: көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 247-278 бб.

*Тарақ Ә.* Абылай хан. – Алматы, 2014.

**Сабаққа дайындық:** Абылай ханның ішкі саясатын сипаттау барысында оның біртұтас қазақ хандығының ханы болып сайланғандығына қарамастан, Абылайды барлық сұлтандардың қолдай қоймауының себептері, Абылайдың қазақ хандығын саяси жағынан орталықтандыру үшін жүзеге асырған қажетті шаралары туралы, географиялық жағынан екі ірі мемлекеттің қыспағында болған Қазақ хандығының билеушісі Абылайдың басты мақсаты – мемлекет дербестігін қалай да сақтап қалу жолындағы дипломатиялық шаралардың тарихи нәтижелері туралы білім беру.

**Дамытушылық мақсаты.** Абылай ханның ішкі саясатының жетістіктері мен оның жолында кедергі болған күрделі жағдайларды талдау, көрнекті мемлекет қайраткері ретінде жүргізген шебер дипломатиялық саясаты туралы білім бере отырып, оқушыларды тарихи тұлғаларды құрмет тұтуға, өздерінің шығармашылық ой саналарын арттырып, қабілеттерін шыңдауға, өнер мен білімге деген құштарлықтарының, тарихи тақырыпты ғылыми зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын дамыту арқылы оқушылардың ой санасын, логикалық ойлау қабілетін арттыру.

**Сабақтың деректі материалдары:** Тарихи құжаттар, тарихи суреттер, фотоклип, слайдтар. Арнайы дайындалған тақырыптық көрме.

**Сабаққа қатысты әдістемелік нұсқаулық:** Тарихи дискурс, пәнаралық байланыс түрінде сабақты ұйымдастыра отырып, интербелсенділік, сауалнамалық, логикалық, танымдылық әдістерін пайдалану.

**Сабаққа қатысты ескертпелер:** Мұғалім сабаққа Қазақ әдебиеті пәні мұғалімін қатыстырып “бірлескен пәнараластық байланыс” тұрғысындағы “бірлескен сабақ” өткізуіне болады. Сабақтың танымдылық мақсатына орай “Жыраулар шығармашылығындағы Абылай бейнесі” атты тақырыпта кітап көрмесін ұйымдастыру керек. Абылай ханның ішкі, сыртқы саясатының ерекшеліктері мен бағыттарын көрсету үшін XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ хандығының ішкі саяси жағдайының сипатын талдаудан бастау керек. Одан өрі Абылай ханның ішкі саясаттағы реформаларын көрсете отырып, хан саясатының маңызын жыраулар шығармаларынан үзінді бере отырып талдауға болады.

**Сабақтың барысы.** Мұғалім Абылай ханның ішкі саясатта жүргізген қазақ хандығын саяси жағынан орталықтандыру үшін жүзеге асырған шараларды талдаудан бастайды.

Абылай ханның 1740–1742 жылдары Ресейге ант берумен қатар Қытайдың билігін қабылдауының, негізінен, дипломатиялық шешім екендігін түсіндіріп өтуі қажет. 1757–1760 жылдары Қытайдың да билігін мойындауы қазақ елінің дербестігін, жер аумағының бірлігін қамтамасыз ету мақсатынан туындағандығын құжаттар негізінде картамен жұмыс арқылы негіздеуге болады. Сонымен қатар, Абылай Орта Азия елдерімен байланысын дамытуға да көңіл бөлгендігін айта отырып, XVIII ғасырдың 70-жылдарының басында бірқатар соғыстарда Ходжент әміршісіне, Ташкент бегіне соққы бергендігін де атап өту керек. Қазақтар жоңғарлармен соғысып жүргенде өзбек бектеріне ауып кеткен Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа бірнеше қалаларды Абылайдың күшпен қайтарып алып, қазақтардың билігіне қаратқандығын, олар тиесілі алым-салығын төлеп тұруға міндеттелгендігін атап өтеді. Мұғалім бұл шаралардың барлығы Қазақ хандығының халықаралық жағдайы жақсара

бастағандығын, бұл жағдай, шын мәнінде, екі үлкен империяның ортасында тиімді саясат жүргізе білген Абылайдың қазақтың бөлшектеніп кеткен жерлерін қайта біріктіру мақсатын жүзеге асырғанының нақты көрініс екендігін түсіндіреді. Мұның өзі Абылайды халықаралық деңгейдегі ірі саясаткер және қолбасшы ретінде көрші аймақтарға да әйгілі еткендігін, ханның табанды да тиянақты іс-әрекетіне сүйсінген қазақ халқы Абылай туралы әртүрлі жырлар, өлеңдер шығарып, оның ерліктері мен көрегенділіктерін ел арасында кеңінен насихаттағандығын нақты жыраулардың шығармаларынан үзінді келтіру арқылы нақтылауға болады.

**Білімді бағалау мүмкіндіктері:** Мұғалім сабақты алдынала дайындалған төмендегі сұрақтар негізінде қорытындылайды.

1. Абылай Қазақ хандығын бір орталыққа бағындыру жолында қандай шараларды жүзеге асырды?

2. Абылай хан билер мен сұлтандар билігін қалай шектеді?

3. Абылай ханды шебер дипломат әрі саяси қайраткер ретінде сипаттаңдар.

4. Абылай ханның Қытайға көзқарасы қандай еді?

5. Абылай хан Ресейге байланысты қандай саясат ұстанды?

**Қосымша тапсырма.**

Қазақ тарихындағы Абылай ханның орны мен рөлі туралы реферат дайындау.

## **XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ**

### **§15. XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларындағы тарихи оқиғалар**

#### **Сабақтың мақсаты**

7.2.2.1 – халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;

#### **Зерттеу сұрағы**

XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?

#### **Оқулық**

XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларындағы тарихи оқиғалар. 54–57 беттер.

**Тірек сөздер.** Батырлық жырлар, жорық жырлары, жорық ақындары, ауыз әдебиеті, жырау.

#### **Ресурстар**

Қазақтың халық творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 416 б.

Бабалар сөзі. 100 томдық. Астана, Фолиант, 2011 – 2014.

Он ғасыр жырлайды. Алматы, 2006. – 408 б.

Бес ғасыр жырлайды. 1-2 томдар. Алматы: Жазушы, 1989.

Зар заман. Алматы: Жалын, 1993.

## **Көрнекілік**

Карта. XVIII ғасырдағы Қазақстан, жоңғар шапқыншылығы бейнеленген көркемсуреттер. Ақындардың суреттері мен батырлық дастандар графикасы беріледі. Кітап көрмесі.

## **Мақсатты айқындау**

XVIII ғасырда қазақ әдебиетінің одан әрі жандана түсуіне жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ ақындары мен жырауларының қазақ батырларын ерлікке жігерлендірген жорық жырларын тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып түсіндіру. “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп аталған қасіретті кезең, сұрапыл соғыстар, жеңісті жорықтар, саяси және қоғамдық өңірдегі өзгерістер бұл кезеңдегі қазақ әдебиетінің идеялық бағыт-бағдарына, тақырып аясына ерекше ықпал еткенін сипаттау. Сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі жағдайдың әсерінен жаңа батырлық жырлар, аңыз-өңгімелер туындағанын жеткізу.

*Дамытушылық маңызы.* XVIII ғасырда қазақ әдебиетінің дамуын, сол дәуірде туындаған таңдаулы жырларды оқи отырып, оны тарихи оқиғалармен сабақтастыру, оқиғаларды “Қазақ әдебиеті” мен “Қазақстан тарихы” пәндері арасындағы байланыс тұрғысында баяндау арқылы оқушыларды “пәнаралық байланысты” қолдануға, оқиғаларды сабақтастықта қарастыруға, кешенді ойлауға, шығармашылыққа баулу.

*Тәрбиелік маңызы.* Жоңғар шапқыншылығы қазақ жерін, елін қорғаған қазақ әскерінің, батырларының ерліктері көрініс тапқан тарихи жырлар, қол бастаған қазақ батырларының жорықтары мен ерліктерін жырға қосқан ақындар шығармалары арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан сындары арқылы оқушыларды шыншылдыққа тәрбиелеу.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Сабақ барысында осы кезең ақындарының басқа өкілдерін қосымша айта кету керек немесе қосымша факультатив сабақтарда қамтып, оқушыларға толыққанды дерек беру керек. Мысалы, Қазақ халқының XVIII ғасырдағы көрнекті өкілдерінің бірі Көтеш ақын (1745–1818) Баянауыл аймағында туып өскен. Өзінің өлеңдерінде сол замандағы әділеттілік пен әділетсіздікті, жамандық пен жақсылықтың ара-жігін, халықтың намысын баяндаған.

Шал ақын атанған Тілеуке Құлекеұлы (1748-1819) Көкшетау өңірінде өмір сүрген. Өкесі Құлеке Абылай ханның батырларының бірі, ал анасы Төле бидің қызы. Суырып салма ақын ретінде 15 жасында аты шыққан.

”Мекке менен Медине жолдың ұшы,  
Алыс сапар дейді ғой барған кісі.  
Ата менен ананды құрметтесең,  
Мекке болып табылар үйдің іші”.

”Қорқу емей немене қашқан кісі,  
Батыр емей немене шанышқан кісі.  
Мың жылқылы байлардан несі кейін,  
Оразасын үйінен ашқан кісі.”

”Шайы, сиса, асыл қылыш ердің көркі,  
Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі.  
Жарасар әрбір нәрсе өз сәнімен,  
Аққу құс айдын шалқар көлдің көркі.

Гүл шешек орман өсіп желкілдеген,  
Биік тау, асқар төбе жердің көркі.  
Ағайын бір уақыт жақсы болса,  
Соныменен табалады елдің көркі...”

Шал ақынның өлеңдерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттердің бір-біріне қарама-қайшылығын сипаттайды. Жақсы мен жаман мінез құлықтарды ашып көрсету арқылы адам болмысын айқындайды. Ер жігіттің үш түріне жырмен сипаттама бере отырып, ер жеткен жігіттің қасиеттерін ашып көрсетеді, “адам қадірі мал, дәулетпен өлшенбейді”, – деген.

Дерек: “XVIII ғасырдың көрнекті ақыны әрі жырауы Тәттіқара еді. Ақын қатардағы жауынгер ретінде көптеген шайқастарға қатысты. Жорықтар кезінде туған толғауларында ол жауынгерлерді бостандық жолындағы күресте қандай да болсын қиыншылықтың алдында бас имеуге шақырды. Мынадай аңыз сақталған: бір жолы қазақ жасақтары жоңғарлармен шайқаста жеңіліске ұшырап, шегініп бара жатып, лықсып аққан үлкен өзенге келіп тіреледі. Жауынгерлер өзен жағасында жиналып, одан жүзіп өтуге батылы бармай тұрып қалады. Сонда Тәттіқара жауынгерлердің намысын қозғайтын, толғау өлеңін суырып салып, өзенге бірінші болып қойып кетеді де, жүзіп өте шығады. Оның ізінен басқа жауынгерлерде жүзіп өтеді”.

Деректерді оқи отырып, оқушыларға тарихи дәуірлердегі ақындардың шығармашылығы арқылы олардың достық, батылдық, рухшылдық қасиеттерін одан әрі дамытуға бағыт-бағдар беріңіз.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Пәнаралық байланыс (Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы).  
Тарихи, әдеби поэтикалық сараптау.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Келесідей мәселелер басты назарда ұсталады:

1. XVIII ғасырдағы қазақ халқының ақын-жыраулары.
2. Бұқар жырау шығармаларының сарыны мен мазмұны.
3. Ақтамберді жыраудың батырлық, қаһармандық шығармалары.
4. Үмбетай жыраудың Бөгенбай батырдың қазасын өлең жолдарымен естірту.
5. Тәттіқара және Шал ақын шығармаларының ерекшеліктері.

XVIII ғасырдағы қазақ халқының ақын-жырауларының жоңғар шапқыншылығына байланысты туындылары, жоңғарлардың қазақ жеріне кіруі, ірі шайқастар болған жерлер көрсетілген карта арқылы баяндалады. XVIII ғасыр ақындарының жорық жырларын оқығанда дауыс ырғағы (интонация) арқылы оқушыларға патриоттық сезім тудыру керек. Карта интерактивті тақта арқылы көрсетіліп, XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармалары экраннан жүргізіліп оқылатын бағдарлама арқылы жасалған слайдпен қатар

көрсетілсе мақсат етіп қойған тақырыпты тез игеруге болады. Сабаққа “Қазақ әдебиеті” пәнінің мұғалімін қатыстырып, тақырыпты кезектесе отырып түсіндірсе, оқушылардың қызығушылығы арта түседі.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Сабақты келесідей сұрақтармен қорытып, оқушы білімін бағалауға болады.

1. Жорық ақындары деп кімдерді айтамыз?
2. Жорық жырларының мазмұнының ерекшеліктері қандай?
3. Бұқар жыраудың тарихта алатын орны қандай?

### **Қосымша тапсырмалар**

1. XVIII ғасырдың ақын-жырауларының шығармаларының желісіне құрылған эссе құраңдар.

2. Бұқар жырау мен Ақтамберді жыраудың батырлық жырларынан үзіндіні жатқа айтыңдар.

### **Білімін шыңдауға берілген тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

1. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте халықтың намыс-жігерін өз шығармаларында айқын көрсеткен жыраулар:

- |                |                       |
|----------------|-----------------------|
| A) Кетбұға;    | E) Марғасқа;          |
| B) Асан қайғы; | F) Үмбетей, Төтіқара; |
| C) Бұқар;      | G) Жиёмбет, Жанақ;    |
| D) Ақтамберді; | H) Шалкиіз, Қазтуған. |

### **Тесттен 1 дұрыс жауабын тап!**

2. Ақтамберді жырау өз шығармаларын арнаған:

- |                                   |                        |
|-----------------------------------|------------------------|
| A) Қабанбай, Бөгенбай батырларға; | E) Қарасай, Ағынтай;   |
| B) Наурызбай, Бөлек батырлар;     | F) Малайсары, Есет;    |
| C) Бөкей мен Сағыр, Дербісәлі;    | G) Баян, Жауғашар;     |
| D) Шанышқылы Наурызбай, Жиёмбет;  | H) Райымбек, Жауғашты. |

## **§16. Дәстүрлі рухани мәдениет (салт-дәстүр)**

### **Сабақтың мақсаты**

7.2.1.1–салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау

### **Зерттеу сұрағы**

XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?

### **Оқулық**

Дәстүрлі рухани мәдениет (салт-дәстүр) 57–59 беттер.

### **Тірек сөздер**

Жеті ата, наурыз, наурызнама, қымыз мұрындық.

### **Ресурстар**

Алимбаев Н., Муканов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1998.

Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. – Алматы: Ғылым, 2001.



Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі / Құрастырған С.Әжіғали. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2005. – 328 б.; 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2006. – 416 б.

Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар, 1996.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы, 2011–2014.

### **Көрнекілік**

Салт-дәстүрге қатысты суреттер. Бесік түрлері, бесікке бөлеу, тұсау кесу т.б.

### **Мақсатты айқындау**

Қазақ халқының ерте кезден атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерінің маңызын түсіндіру. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың рухани мәдениеттің қайнар көздері, дәстүрлі мұрамыз, ұлттық құндылықтарымыз екеніне баса назар аудару. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің баланың дүниеге келуінен бастап, адам өмірінің барлық қырларын қамтитынын айту.

*Тәрбиелік маңызы.* Салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымыздың бірегейлігін айта отырып, оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрмет, патриоттық сезім қалыптастыру.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Диспут. Интербелсенділік, ақпараттылық. Сыни ойлау әдісі арқылы байырғы отбасылық дәстүрлер мен қазіргі кезеңдегі отбасылық дәстүрлердің арасындағы айырмашылықтарды ажырата білуін ұйымдастыру.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар тақырыбы ауқымды болғандықтан бала тәрбиесіне, отбасылық дәстүрлерге қатысты, үлкенге құрмет, қонақжайлылық дәстүрлері қамтылатынын айту керек. Оқушылардан өздері куә болған тұсау кесу, бесікке салу рәсімдері жайлы естеліктерін сұрауға болады. Ат қою рәсіміне байланысты өз аттарының мәні мен мағынасы туралы пікірлерін білуге болады.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Сабақты қорытындылап, оқушылардың білімін бағалауда келесідей сұрақтарды ұйымдастыруға болады.

Қонақасы беру, қонақжайлылық туралы не білесің?

Не себептен үлкен ұл бөлек үй болып кетіп, кенже бала шаңыраққа ие болып қалған.

### **Қосымша тапсырма**

Бесік жырының үлгілерін жаттап келуге тапсырма беру;

Батаның қандай түрлерін білетінін сұрап, жатқа айтып беруін тапсыру.

**Білімін шыңдауға берілген тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

2. Наурыз мерекесіне қатысты ұғымдарды көрсетіңіз:

A) Наурызнама

E) Наурыз көже

B) Жеті ата

F) Көрісу

C) Ұзынсары

G) Бата жасау

D) Рахмет айту

H) Жақындарына мал беру

## § 17. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі

### Сабақтың мақсаты.

7.2.2.4 – қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау

### Зерттеу сұрағы

Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?

### Оқулық

Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі. 60–63 беттер.

### Тірек сөздер

Қолөнер, Шебер, Ұста, Зергер, Тоқымашы, Тігіншілік.

### Ресурстар

1. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. – Алматы: Рауан, 1995.

2. Алимбай Н., Муканов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизни и быта казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1998.

3. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: “Өнер” баспасы, 1987.

### Көрнекілік

Фотоальбомдар, слайд, қолданбалы өнер туындылары.

Музыкалық фоны бар ұлттық киімдер фотоклипін.

### Мақсатты айқындау

Қолөнер немесе қолданбалы өнер — тұрмыстық және шаруашылық салада қолданыстық маңызы бар өнер туындыларын қолдан өндіретін, дәстүрлі қазақы ортада ертеден қалыптасқан кәсіпшіліктің атауы екенін айта отырып, қолданбалы өнердің салалары мен бағыттарын қамтып айту арқылы қазақ халқының ұлттық қолөнерінің бірегейлігін таныту; қолөнер тұрмыстың барлық саласымен тікелей байланыста қалыптастып әрі бірге дамып отырғандығын, қолөнердің көпсалалығын таныту; қазақ қоғамында қолөнермен айналысатын шеберлердің қоғамда орны ерекше болғандығын, олардың жеке бір салаға маманданғандығын немесе бірнеше еңбекті қатар атқара бергендігін айтып жеткізу.

*Дамытушылық маңызы.* Қазақ халқының ұлттық қолданбалы өнерін дамытқан халық шеберлерінің қолынан шыққан туындыларды жоғары эстетикалық талғаммен жасағандығын көрсете отырып, шеберлер қолданған әдіс-тәсілдерді қамту, олардың халық арасында ерекше құрметке ие болғандығын айта отырып, оқушыларға қазақ халқының материалдық мәдениетінің бірегейлігін, олардың халқымыздың тарихи-мәдени мұрасы екенін ұғындыру, тарихи-мәдени мұрамызға ерекше құрметпен қарауға үйрету.

*Тәрбиелік маңызы.* Қазақ халқының ұлттық қолданбалы өнерінің бірегей туындылары мен оларды жасаған халық шеберлерінің қажырлы еңбегі мен олардың қоғамда алатын орны зор екенін айта отырып, оқушыларды еңбексүйгіштікке, жоғары эстетикалық талғамға баулу.

### Сабақтың деректік материалдары

”Қолөнер немесе қолданбалы өнер – тұрмыстық және шаруашылық салада қолданыстық маңызы бар өнер туындыларын қолдан өндіретін, дәстүрлі қазақы ортада ертеден қалыптасқан кәсіпшіліктің атауы. Қолөнер тұрмыстың барлық саласымен тікелей байланыста қалыптасты әрі бірге дамып отырды. Сондықтан да қолөнер көпсалалы болып келеді” дей отырып қолөнер мен

сәндік қолданбалы өнер түрлері мен туындыларын ізім түрінде көрсетуге болады.

Оқушы қыз балаларға етене таныс кесте өнерінің негізгі бағыттарын бағдарды слайд түрінде көрсетіп, олардың өз кестелерін жасауына қызығушылық тудыру керек. Дерек: “Кестенің біз кесте, шым кесте, әредік кесте деген түрлері бар. *Біз кесте* – дөңгелек немесе төрт бұрышты кергішке керілген матаның бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен шалу арқылы жасалады. Көбіне орамал алақанына, дастарханға салынады. *Шым кесте* – кестенің мата бетіне ашық жер қалдырмай немесе өте аз қалдырып, тұтас кестеленеді. Шым кесте түс киіз, сандыққап, орамал, шапан, кежім, сәукеле, салынады. *Әредік кесте* – матаның әр жеріне бөлек-бөлек кестеленеді. Ол тақия, балақ, етек, жаға, өңір, қоныш сияқты киім бөлшектеріне, перде жиегіге салынады. Салтанатты киімдердерге алтын, күміс жібі талшықтарынан *зер кесте* салынған”.

#### **Дерек:**

”Зергерлік бұйымдар о баста тұмар ретінде пайдаланылса керек. Түсті тастар, қасиетті деп саналатын аң-құстардың тісі, тұяғы, қауырсыны тәрізді киелі саналып, олардан моншақ, білезік, сырға жасап тағу үрдісі қалыптасты. Зергерлік өнер туындылары халықтың ертеректегі наным-сенімінен мол мағұлұмат береді, түрлі символдық қызмет атқарады. Атап айтқанда, зергерлік бұйымдар сәндік мақсатта қолданумен бірге, адамның қоғамдағы орны (қоғамдағы мәртебесі, лауазымы) жас мөлшері, жынысы, қандай кәсіппен айналысатыны, қай ру-тайпаға жататыны сияқты ерекшеліктерін байқатып тұратын символдық функция атқарды”. (*Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 3 том. Алматы, 2012. – Б. 59.*)

”Халық арасында ұста-зергерлердің дүкенін қасиетті орын деп санайды. Ұстаның дүкенінде дауыс көтеруге, балағат сөз бен өсек айтуға қатаң тиым салынды. Әйтпесе, Дәуіт пайғамбардың ашынуы әбден көдік. Тіпті, адамның аузы қисайып қалуы мүмкін. Құрал-аспаптарды аттап өткен адамның аяғы қақсайды, тіпті ақсап қалады екен деседі. Шеберханаға таяу жерге дәрет сындыруға болмайды. Ондай жерге, әдетте, жуынып-шайынып, таза болып бару керек. Ел ішінде бұлардан басқа да қолөнеріне, шеберлер жасаған заттарға байланысты ырымдар мен тиымдар, әдет-ғұрыптар сақталған”. (*Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 3 том. Алматы, 2012. – Б.596.*)

Деректерді оқып, оқушыларға қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің ерекшелігін айту керек.

#### **Сабақ түрі мен әдісі**

Пәнаралық байланыс (Қазақстан тарихы мен Технология пәндері), интербелсенділік, танымдық.

Аралас, мәдени экскурсия. Сауалнама, технологиялық ақпараттылық.

#### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Қазақтың қолданбалы өнерінің түрлері мен ерекшелігі.
2. Қазақ әйелдері айналысқан қолөнер түрлерінің ерекшелігі.
3. Қазақтың темір ұсталары мен зергерлерінің қоғамдағы орны.
4. Тоқымашылық өнер туындылары туралы.

Мұғалім сабақты қолданбалы өнер туындыларын табылғанына қарай көрсете отырып өткізеді. Мысалы, қолдан жасалған кесте бұйымдар, кішкентай кілемше, зергерлік әшекейлердің табылғанын көрсету керек, оны оқушылардың ұстап көруіне мүмкіндік берсе де болады. Сабақты слайд, 1-2 минуттық деректі фильм көрсете отырып өткізуге болады. Кездесу сабақ ретінде халық шеберін қонақ ретінде шақырып, оған 3-5 минут уақыт беруге болады.

#### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Дүкен майлау ғұрпының маңызы неде?
2. Қазақ шеберлерінің еңбегі қалай бағаланды?
3. Қазақ шеберлері қандай құрал-саймандар қолданған?

#### **Қосымша тапсырма**

Қазақстан мұражайларының электронды сайттары арқылы мұражай қорларындағы қолданбалы өнер туындылары топтамаларымен танысыңдар. Ұлттық киімдер туралы деректерді оқып, талдау жасаңыз.

#### **Білімін шыңдауға берілген тесттен 1 қате жауабын тап!**

2. Қазақ ағаш шеберлері жасаған жиһаз түрлерін көрсетіңіз:

- |               |            |
|---------------|------------|
| A) Таға;      | E) Жұкаяқ; |
| B) Кебеже;    | F) Кебеже; |
| C) Адалбақан; | G) Сандық; |
| D) Жозы;      | H) Асадал. |

#### **Тапсырма**

Сабақтың мәтінін оқып шығып, берілген киім түрлерін жіктеп кестеге түсіріңдер.

### **§ 18. Қазақ халқының ұлттық киімдері**

#### **Сабақтың мақсаты.**

7.2.2.4 – қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау

#### **Зерттеу сұрағы**

Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?

#### **Оқулық**

Қазақ халқының ұлттық киімдері. 63–64 беттер.

#### **Тірек сөздер**

Шекпен, Камзол, Сәукеле, Орамал, Кимешек.

#### **Ресурстар**

1. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Алимбай Н., Муканов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1998.
3. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: “Өнер” баспасы, 1987.

#### **Көрнекілік**

Фотоальбомдар, слайд, қолданбалы өнер туындылары.

Музыкалық фоны бар ұлттық киімдер фотоклипi.

#### **Мақсатты айқындау**

Қазақ халқының ұлттық киімдерінің үлгілері мен түрлерін қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде, қазақ халқының ұлттық құндылығы ретінде паш ету. Киім белгілі дәрежеде адамдардың жас айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктері мен этникалық ортасын, ұлттық ерекшелігін танытатынын ұғындыру.

*Дамытушылық маңызы.* Қазақ халқының ұлттық киімдерінің үлгілері мен түрлерін қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру арқылы, қазақ киімдерінің күрделілігін, маусымдық қолданысын, тіршілік қамы жүйесін қамтамасыз етуін, тіршілік қамы жүйесіндегі алатын орнын көрсету арқылы оқушыларды мәдени мұрамызға аса құрметпен қарауға баулу.

*Тәрбиелік маңызы.* Қазақтың ұлттық киімдерінің бірегейлігін таныту арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, дамыту, бекіту. Ұлттық құндылықтарымызды паш ету арқылы патриоттылыққа тәрбиелеу.

### **Сабақтың деректік материалдары**

#### **Дерек:**

”Бұл бір ғажайып көрініс: олар көш кезінде мерекедегідей жасана киінеді, ең әдемі киімдерді, әсіресе байлардың алтын зер тігіп киген шапандарын осы кезде көруге болады. Ауыл ақсақалы көш бастаса, ер-тоқымына қызыл шұғамен тысталған көпшік немесе кілемше жапқан атқа мінген зайыбы оның соңынан ереді... Салт атқа мініп жүруді жақсы көретін бұл халық ең алдымен көлігінің өзеліне көбірек көңіл бөледі. Ер-тұрман олар үшін барлықтың, байлықтың белгісіндей болып, безендірілуге тиіс. Ердің алдыңғы қасын көбінесе күміс қаптатып өрнектейді, тіпті қолы жеткендерінің асыл тас орнататындары да болады. Жүген, өмілдірік, құйысқан – бәрі де шебер өріліп, Шығыс үлгісіндегі өрнектермен безендіріледі” (*Бронислав Залесский. Қазақ сахарасына саяхат. – Алматы: “Өнер” баспасы, 1991.*)

”Қазақтың қандай кәсіпке болмасын табиғатынан қабілеттілігіне тек сүйсінесің, қарапайым құралдармен тамаша ер қапталдарын жасап, алтын, күмістен әсем бұйымдар шығаратындығына таңданбасқа болмайды. Қазақтардың тіккен аяқкиімдері өте берік, киюге ыңғайлы”. (*Леваневский М.А. Очерки киргизских степей Эмбинского уезда. Землеведение. Кн III. М., 1894.*)

Деректерді оқып, оқушыларға қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің ерекшелігін айту керек.

#### **Сабақ түрі мен әдісі**

Пәнаралық байланыс (Қазақстан тарихы мен Технология пәндері), интербелсенділік, танымдық.

Аралас, мәдени экскурсия. Сауалнама, технологиялық ақпараттылық.

#### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

1. Қазақтың ұлттық киімдерінің ерекшелігі.
2. Маусымдық киім түрлері.
3. Бас киімдердің түрлері мен ерекшеліктері.

Сабақты ұлттық киім үлгілері салынған ұлттық музыка өнерінің туындысы жазылып, дыбысталған фонокоментариймен бірге жүріп отыратын фотоклип (музыкалы слайд) жасап, көрсете отырып жүргізеді. Ұлттық киім үлгілерін ҚР мұражайлары сайтынан, “Қазақ киімі” фотоальбомынан алуға болады. Тақырыпқа сәйкес мұғалім қазақтың ұлттық киімдерінің бірін (шапан, кам-



3. Қойгелдиев М. Қазақ елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы). – Алматы, 2014

4. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк) Алматы, 1993.

5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.

6. Артықбаев Ж.О. Этнос және қоғам. XVIII ғ. – Қарағанды, 1995.

7. Букейхан А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // Избранное. – Алматы, 1995.

### **Тірек сөздер**

Түз өндіру, өнеркәсіп, кәсіпорын, сауда-саттық, ұлы Дала, отарлау, Кіші жүз, Ералы, Нұралы, Айшуақ, Жоңғария

### **Көрнекілік**

Отарлау қарсаңындағы Қазақстан мен Ресейдің картасы. Ресейдің Қазақстанмен шекарада әскери шептер салу картасы. Отарлау саясаты дегеннің мәні мен мағынасын ашу, Ресей империясының қазақ көшпенділері мекендеген аймақты отарлауға қызығу себептерін және отарлау барысында алдына қойған басты мақсаттарын оқушыларға нақты деректер негізінде түсіндіру. XVIII ғасырдың ортасындағы Қазақстанмен Ресейдің шекаралық аймақтарын көрсететін карта. Ресейдің қазақ жерін отарлауда өртүрлі әдістерді қолданғанын, осы мақсатпен әскери шептерді нығайтудың, қазақ-орыс сауда байланыстарын нығайтудың, қазақтарға өз жерін пайдалануға шек қоюдың, орыс-казак шаруаларын қоныстандырудың қолға алынғанын оқушыларға түсіндіру.

### **Мақсатты айқындау**

Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатында алға қойға мақсатының оған көрші халықтар үшін аса қауіптілігін Қазақстанның мысалында айқын көрсету, Ресей тәрізді үлкен державаның көршісі болу қазіргі саясатта онымен үздіксіз санасуды қажет ететінін оқушыларға түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы.* Ресей тәрізді империяның өзіне көрші әлсіз халықтарға жасаған отаршылдық қысымы соңғылардың өзіне ұсақтау қорғану қабылетін және азаматтарының отаншылдық сезімін үздіксіз көтеруді қажет ететіндігін оқушыларға ұғындырып оларды патриотизмге тәрбиелеу. Ресейдің қазақ жерін отарлауда өртүрлі әдістерді қолдануы және оның Қазақстанды отарлауға алып келгені қазіргі замандағы көрші елдермен қарым-қатынаста әрқашан ескерілуі тиіс.

*Тәрбиелік маңызы.* Отаршылдыққа қарсы күрес әрқашан қажет екендігін әсіресе Қазақстан үшін отаршылдықтан азат болған қазіргі тәуелсіздіктің бағасы мен қадірі жоғары болып табылатынын оқушыларға түсіндіру.

### **Сабақтың деректік материалдары.**

Оқытушы көрнекілік деректерін пайдалана отырып, отарлау саясаты дегеннің не екендігін оқушыларға нақты түсіндіреді, патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау мақсатын ашады, оның себептерін көрсетеді. Әсіресе жер мәселесіндегі отаршылдық саясатын оның Кіші жүздегі іс-әрекеттері негізінде көрсетеді. Сондай-ақ әскери шептерді салу жұмысының шекаралық аймақтарда кең қанат жаюы Қазақстанды отарлауға негіз жасағанын нақты деректермен баяндап айтады. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды.

Бірінші топ Ресейдің қазақ жерін отарлауға себеп болған мәселелерді тезистер түрінде тізіп жазады. Екінші топ қазақ жерін отарлауға себеп болған жер мәселесіндегі саясаттың мәнін ашатын шығарма жазады. Үшінші топ патша үкіметінің шекаралық аймақта әскери шепті салуды өркендету саясатын осы әскери шептерді картаға түсіру арқылы көрсетеді. Мұғалім нақты деректер негізінде Ресейдің қазақ жерін отарлау үшін әртүрлі әдістерді қолданғанын, осы мақсатпен қазақ-орыс сауда байланыстарын нығайтуға байланысты шараларды қолға алғанын, Сібір, Жайық, Орынбор казак әскерлерін ұйымдастырып, қазақтардың жайылымдық жерлерін тартып алғанын, патша үкіметінің қазақтардың өз жерін пайдалануға шек қоя бастағанын, орыс-казак шаруаларын қазақ жеріне қоныстандырудың басталуын деректерге сүйене отырып түсінікті де ұғымды тілмен баяндайды. Оқушылар картадан орыс-казак саудасын дамытуға негіз болған орталықтарды көрсетеді; орыс-казак шаруалары көптеп қоныстанған аймақтарды картаға белгілейді; жайылымдық жерінен айырылған көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар мекендейтін өңірлерді сипаттап жазады.

#### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

#### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

1. Оқытушы сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

2. Отарлау саясатының мәні мен мазмұны
3. Патшалық Ресейдің жер мәселесіндегі отаршылдық саясаты
4. Қазақ даласында хандық биліктің әлсіреуі
5. Патша үкіметінің әскери шептер салуы. Ресейдің отарлау мақсатымен қазақ-орыс сауда байланыстарын күшейтуі
6. Отаршылдардың қазақтардың өз жерін пайдалануларына шек қоюы
7. Орыс-казак шаруаларын Қазақстанға қоныстандыру саясаты
8. Шекарадағы орыс шептеріндегі әскери бекіністерді күшейту
9. Қазақ даласын отарлаудың әлеуметтік-экономикалық алғышарттары

#### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

1. Отарлау саясатына түсінік беру.
2. Ресейдің қазақ жерін отарлаудағы мақсатын ашып көрсету.
3. Отарлау саясатындағы саяси әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде жер мәселесін айқындау.
4. Қазақ жерімен шекарада әскери шептер салу әрекетінің кең өріс алғанын көрсету.
5. Қазақ хандығының әлсіреу себептерін анықтау.

**Бағалау парақшасы.** 1. Қазақ хандарының ататек шежіресін пайдалана отырып, қазақ жеріндегі хандық биліктің қалыптасу тарихына қысқаша сипаттама жаса.



2. Қазақ жеріндегі хандық құрылыстың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсететін кесте жаса. Онда қазақ даласында хандық биліктің жойылуына не себеп болғанын анықта?

Хандық құрылыстың артықшылықтары	Хандық құрылыстың кемшіліктері	Хандық биліктің жойылу себептері

3. Арнайы кестеде хандық биліктің жойылуына әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен саяси ақуалдың ықпалы қандай болғанын және Ресей билігінің қазақтардағы хандық басқаруға неліктен қарсы болғанын көрсет.

Хандықтың жойылуына ықпал еткен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар	Хандықтың жойылуына ықпал еткен саяси ақуалдар	Ресей билігінің хандыққа қарсы болу себептері

**Бағалау мүмкіндіктері** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### Қосымша тапсырма

1. Оқулық мәтінімен жұмыс.
2. Ресейдің әскери шептерінің шекарадағы орналасуын картаға түсіру.

## §21-22. Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс

**1-сабақ. Тақырып:** Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісінің себептері, кезеңдері және барысы.

### Оқыту мақсаты

7.3.1.5 –халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;

### **Зерттеу сұрағы:**

Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?

### **Оқулық**

Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. 72–81 беттер.

### **Тірек сөздер**

Хандар кеңесі, Игельстром реформасы, Төраға, Сырым Датұлы.

### **Ресурстар**

1. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. –Т.І-2. –Астана, 2013.
2. Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). –Алматы, 2012.
3. История Казахстана. Энциклопедический справочник. –Алматы, 2010.
4. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы” (М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). – Астана, 2001.
5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. –Алматы, 2016.

### **Көрнекілік**

Сырым Датұлы көтерілісі таралған аймақтардың картасы. Нұралы және Ералы ханның суреттері. Оқулықтың 87, 90, 94 беттеріндегі суреттер.

### **Мақсатты айқындау**

Сырым Датұлының көтерілісінің әлсіреуіне О.А. Игельстром жасаған реформаның және хандық биліктің дағдарысқа ұшырауының ықпалдарын ашып көрсету. Сырымның жіберген қателіктерінің себептерін ашу. Көтерілістің жеңілу себептерін сипаттау және оның тарихи маңызына тоқталу.

*Дамытушылық маңызы.* Сырым Датұлы басқарған көтерілістің жалпыхалықтық сипатын айқындай отырып, оның қазақ даласына тигізген әсерін және кейінгі қазақ жеріндегі отаршылдыққа қарсы көтерілістерді рухтандырудағы тарихи маңызын ашып көрсету.

*Тәрбиелік маңызы.* Сырым Датұлы басқарған көтерілістің жеңілу себептерін айқындау арқылы оқушыларды осы қателіктерден сабақ алуға үйрету және көтерілістің тарихи маңызын аша отырып, оның қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресіндегі маңызды тарихи кезең екенін түсіндіру негізінде бүгінгі қазақ халқы қол жеткізген тәуелсіздіктің қымбатшылыққа түскенін, оның оңай болмағанын оқушыларға дәлелдеп беру.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі көтерілістің басталу себептерін, оның барысын және негізгі кезеңдерін анықтауды оқушыларға тапсырады. Оқушылар төмендегідей кестемен жұмыс жасайды.

Көтерілістің себептері	Көтерілістің негізгі кезеңдері	Көтерілістің кезеңдеріне сипаттама

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас, баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау,

ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

**Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы Сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Игельстромның реформалары және көтерілісті әлсіретуге ықпалы
2. XIX ғасырдың 90-жылдарындағы көтерілістің жаңа кезеңі
3. Көтерілістің әлсіреуі
4. Көтерілістің жеңілу себептері
5. Көтерілістің тарихи маңызы

**Бағалау мүмкіндігі**

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

1. Көтерілістің басты себептерін баяндайтын қысқаша эссе жазыңдар.
2. Көтеріліс қалай басталғанын нақты деректермен сипаттап айтып беріңдер.
3. Көтеріліс басшысы Сырым Датұлының және патшалық және хандық биліктің мақсаттарын арнайы кестеде салыстырмалы түрде бейнелеңдер:

Сырым Датұлының мақсаты	Патшалық биліктің мақсаты	Хандық биліктің мақсаты

**Бағалау мүмкіндіктері** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

**Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

**Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді

**Қосымша тапсырма**

1. Оқулық мәтінімен жұмыс және онда көрсетілген тапсымаларға тезистер түрінде жауаптар дайындау.
2. Деректерді пайдалана отырып Игельстром реформасының мазмұнын және салдарларын көрсететін тезистер жазып келу.

3. Сырымның халық арасында зор беделін, шешендігін және батырлығын көрсететін әссе жазу.

**2-сабақ. Тақырып:** А.О.Игельстром реформасы және оның салдарлары  
**Оқыту мақсаты**

7.3.1.6 –ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

**Зерттеу сұрағы:**

А.О. Игельстром реформасы неліктен қажет болды және оның салдарлары қандай?

**Тірек сөздер**

А.О. Игельстром, Қаратай сұлтан, Айшуақ сұлтан, Хиуа ханы, Игельстром реформасы.

**Оқулық**

Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. 86–96 беттер.

**Тірек сөздер**

Хандар кеңесі, Игельстром реформасы, Төраға, Сырым Датұлы.

**Ресурстар**

1. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. –Т.І-2. –Астана, 2013.

2. Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). –Алматы, 2012.

3. История Казахстана. Энциклопедический справочник. –Алматы, 2010.

4. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы” (М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). – Астана, 2001.

5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. –Алматы, 2016.

**Көрнекілік**

Сырым Датұлы көтерілісі таралған аймақтардың картасы. Нұралы және Ералы ханның суреттері. Оқулықтың 87, 90, 94 беттеріндегі суреттер.

**Мақсаты айқындау**

Сырым Датұлының көтерілісінің әлсіреуіне О.А. Игельстром жасаған реформаның және хандық биліктің дағдарысқа ұшырауының ықпалдарын ашып көрсету.

**Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім Сырым Датұлы көтерілісінің кіші жүз аймағына кеңінен тарағанын көрсете отырып оның әлсіреу себептеріне тоқталады. Осыған байланысты ол О.А.Игельстром жасаған отаршылдардың реформасының мәнін, мазмұнын және көтерілісті әлсіретуге ықпалын оқушыларға түсіндіреді. Сонымен қатар көтерілістің жеңілу себептерін нақты деректер негізінде ашып көрсетіп көтерілістің тарихи маңызына арнайы тоқталады. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. Алғашқы топ Игельстромның реформасының

мәні мен мазмұнын көрсететін деректер негізінде тезистер жасайды. Екінші топ көтеріліс әлсіреуін және жеңілуін сипаттайтын эссе жазады. Үшінші топ көтерілістің қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы үшін тарихи маңызын сипаттап шығарма жазады.

### Сабақ түрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Мұғалім сабақ барысында А.О. Игельстром реформасының хандық билікті талқандауды көздеген отаршылдық саясаттың шарасы ретінде қарастыруы тиіс.

### Бағалау мүмкіндігі

1. Көтеріліс тараған аймақтарды тарихи картаға түсіріп, көрсетіндер?
2. Барон О. Игельстром реформасын арнайы сызба түрінде бейнелеп, оның қағидаларын тезистер түрінде қысқаша тізіп көрсетіндер.
3. Көтерілістің жеңілуін, тарихи маңызын, себеп-салдарларын көрсететін арнайы кестені толтырындар:

Көтерілістің себептері	Көтерілістің маңызы

**Бағалау мүмкіндіктері** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

**Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## **§23. 1822–1824 жылдардағы реформалар және қазақ қоғамы**

### **Сабақтың мақсаты**

7.3.1.4 – Патша үкіметінің реформаларындағы өкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;

7.1.2.1 – дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау.

### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда өкімшілік реформалар жүргізілді?

### **Оқулық**

1822–1824 жылдардағы реформалар және қазақ қоғамы. 82–86 беттер.

### **Тірек сөздер**

Реформалар, хандық биліктің жойылуы, Сперанский М.М., Сібір қырғыздары туралы жарғы, округ, болыс, аға сұлтан, болыстық сұлтан, ауыл старшыны.

### **Ресурстар**

Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). – Алматы, 2012.

История Казахстана. Энциклопедический справочник. – Алматы, 2010.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. – Алматы, 2016.

### **Көрнекілік**

Ш. Уәлиханов қазақ хандары мен сұлтандарының ата-тегі туралы кесте, Абылай ханның суреті, қазақ сұлтандарының суреттері, қазақ билерінің суреттері.

### **Мақсатты айқындау**

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында хандық биліктің жойылуының алғышарттарын ашып көрсету. Бұл істе Ресей империясының Қазақстандағы хандық билікті отаршыл саяси өкімшілік басқарумен ауыстыруға байланысты шараларын түсіндіру. Өкімшілік басқарудағы жаңа отаршылдық өзгерістердің Қазақстанда қалай жүзеге асырылғанын нақты деректер негізінде көрсету. Ол бойынша қабылданған жаңа 1854 жылғы 19 мамырдағы «Сібір комитетінің Сібір қазақтарына империяның жалпы заңдарын тарату туралы ережесінің» қазақ даласында қалай енгізілгенін, оның нәтижесінде билер сотының қызметі едәуір қысқартылып, отарлаушы мекеме округтық приказдардың сол саласындағы қызметі қалай кеңейтілгенін, сұлтандар билігін шектеу қалай жүзеге асырылғанын түсіндіру.

1854 жылғы 19 мамырда қабылданған “Сібір комитетінің Сібір қазақтарына империяның жалпы заңдарын тарату туралы ережесінің” қазақ даласында қалай енгізілгенін, оның нәтижесінде билер сотының қызметі едәуір қысқартылып, отарлаушы мекеме округтық приказдардың сот саласындағы

қызметі қалай кеңейтілгенін, сұлтандар билігін шектеу қалай жүзеге асырылғанын түсіндіру. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында хандық биліктің жойылуының алғышарттарын ашып көрсету. Бұл істе Ресей империясының Қазақстандағы хандық билікті отаршыл саяси әкімшілік басқарумен ауыстыруға байланысты шараларын түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы.* Оқушыларға отаршыл Ресейдің қазақ даласындағы хандық билікті жоюға бағытталған саяси-әлеуметтік шараларының шын мәнінде қазақ халқын ұлттық мемлекеттен айыру және отарлау саясаты болғанын, мұның өзі қазақ халқын ұзақ уақыт тәуелсіздіктен айырғанын атап көрсету. Патша өкіметінің отаршылдық саясатының нақты заңдық негіздерге сүйене отырып, қазақ даласының бейбіт жолмен отарлауды қалай жүзеге асырғанын, қазақ қоғамының отаршылдық қамытын қалай кигенін аңғармай қалғанын көрсету.

*Тәрбиелік маңызы.* Қазақ хандығының отаршылдық қысымының нәтижесінде күшпен жойылуын көрсету арқылы қазіргі тәуелсіз мемлекетке қол жеткізген қазақ халқының тәуелсіздік үшін күрестердегі тарихын құрметтеуге оқушыларды тәрбиелеу. Сонымен бірге, отарлаушы елдердің өздері отарлайтын аймақтарды өртүрлі айла тәсілдермен жүзеге асыратынын түсіндіре отырып, мемлекет мүддесін қорғау ісі әрбір азаматтың абыройлы борышы екенін ұғындыру арқылы тәрбиелеу.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім патша өкіметінің билік институттарының 1822 жылғы жарлығына жүйелі түрде қазақ даласында жүзеге қалай асырғандығын баяндайды, осыған байланысты қабылданған жаңа заңның негіздерін түсіндіреді, ол бойынша билер сотының қызметі едәуір қысқартылғанын, отарлаушы округтық приказдардың қызметінің кеңейтілгенін баяндайды. Сондай-ақ, ол патша өкіметінің жаңа тәртібі бойынша сұлтандар билігінің қалай шектелгенін атап көрсетеді.

Оқытушы қазақ даласында хандық биліктің жойылуының алғышарттары мен себептерін, осыған бағытталған отаршыл саяси шараларды оқушыларға түсінікті тілмен баяндайды. Нақты құжатты пайдалану арқылы “Сібір қырғыздары туралы жарғыны” және “Орынбор қырғыздары жөніндегі ережені” қазақ даласын отарлаудың негізгі заңдық құжаттары ретінде оқушыларға ұғындырады. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. Алғашқы топ хандық билікті жоюға байланысты Ресейдің саяси шараларын сипаттайтын эссе жазады. Екінші топ “Сібір Қырғыздары туралы жарғыны” пайдалана отырып, жаңа саяси әкімшілік басқарудың ерекшеліктерін көрсететін тезистер жазады. Үшінші топ Кіші жүздегі отаршыл реформаны қамтамасыз еткен “Орынбор қырғыздары жөніндегі ереженің” негіздерін тезистерге түсіреді.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Аралас сабақ. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Келесідей мәселелер басты назарда ұсталады:

1. Хандық биліктің жойылуының алғышарттары

2. Хандық билікті жоюға байланысты отаршыл Ресей билігінің саяси шаралары

3. “Сібір Қырғыздары туралы жарғы”, “Орынбор қырғыздары жөніндегі ереже”.

4. Кіші жүздегі отаршылдық реформа. «Орынбор қырғыздары жөніндегі ереже».

5. Патша үкіметінің 1822 жылғы Жарғысын қазақ жерінде жүзеге асыру

6. Реформа бойынша бұрынғы дәстүрлі билер сотына өзгерістер енгізу

7. Қазақ даласындағы биліктің жаңа үш сатысы

8. Патша үкіметінің халық наразылығының алдын алу әрекеті

9. Реформаның отаршылдық салдарлары

### Бағалау мүмкіндігі

Мұғалімнің төмендегідей жоспарды тақтаға жазып қоюы оқушылардың тапсырмаларды орындауын жеңілдетеді:

1. Хандық биліктің жойылуының әлеуметтік-экономикалық, саяси алғышарттары.

2. Хандық билікті жоюдың саяси тұрғыдан дайындалуы.

3. “Сібір қырғыздары туралы жарғының” отаршылдық мәні.

4. “Орынбор қырғыздары жөніндегі ереженің” Кіші жүзде отаршылдықты орнықтыруы.

5. Қазақ жерінде әкімшілік-аумақтық басқаруда орын алған өзгерістер.

6. 1854 жылғы 19 мамырдағы “Сібір комитетінің Сібір қазақтарына империяның жалпы заңдарын тарату туралы ережені” қабылдау салдарлары.

7. Шекаралық комиссия жанындағы қамқоршылар институтының қызметі.

8. Шыңғыс тұқымына жататын сұлтандар билігін шектеуі.

9. Қазақ даласында жаңадан құрылған биліктің үш сатысының: округтердің – болыстардың – ауылдардың бұрынғы рулық басқару жүйесінің талқандалуы.

**Бағалау мүмкіндіктері** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойғанбағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

**Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді



## **Қосымша тапсырмалар**

1. Оқулық мәтінімен жұмыс және онда көрсетілген тапсырмаларға тезистер түрінде жауаптар дайындау.

2. Деректерді пайдалана отырып Игельстром реформасының мазмұнын және салдарларын көрсететін тезистер жазып келу.

## **§25–26. 1836–1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі**

**1-сабақ. Көтерілістің себептері, барысы және негізгі кезеңдері.**

### **Сабақтың мақсаты**

7.3.1.5 – қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;

### **Зерттеу сұрағы**

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?

### **Оқулық**

1836–1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі. 90–98 бет.

### **Тірек сөздер:**

Бөкей Ордасы, Ішкі Орда, Бөкей хан, Жәңгір хан, Исатай Тайманұлы

### **Ресурстар**

Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. – Т.І-2. – Астана, 2013.

История Казахстана. Энциклопедический справочник. – Алматы, 2010.

Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы” (М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). – Астана, 2001.

### **Көрнекілік**

Бөкей Ордасының хандары Бөкейдің және Жәңгірдің, Нұралының суреттері, А.И.Левшиннің суреті, Бөкей хандығының орналасу аймағын көрсететін карта, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының суреттері, Исатайдың Жәңгір ханға жазған хатының фото көшірмесі, Махамбеттің Жәңгір ханға жазған хатының көшірмесі, көтерілістің Тастөбе аймағында болған шайқасының картасы, көтерілістің соңғы кезеңін Ақбұлақтағы шайқасты бейнелеген карта, көтерілісті көрсететін телефильмдерден үзінділер. Оқулықтың 102, 103, 104 бетіндегі суреттер.

### **Мақсатты айқындау**

Бөкей Ордасының құрылуын, оның шаруашылықтық және саяси-өлеуметтік ерекшеліктерін түсіндіру. Шаруалар көтерілісінің басталу себептерін және оның барысын, көтеріліске басшы болған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басшылық рөлін, патша өкіметінің көтеріліске қарсы қолданған шараларын, көтерілістің өрістеуін және жеңілу салдарлары мен маңызын баяндау.

*Дамытушылық маңызы.* Бөкей Ордасының құрылу тарихын түсіндіру арқылы патша өкіметінің қазақ жеріндегі хандық билікті қалай талқандағанын және өзінің билігін орнықтыру үшін қандай саяси айла-шарғыларға барғанын түсіндіру. Бөкей Ордасындағы 1836–1838 жылдардағы көтерілістің барысын және салдарларын айту арқылы оның қазақтардың кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстарына жасаған әсерін және маңызын өңгімелеу. Отаршыл империяға қарсы күрес ұйымшыл болғанда ғана жеңіске жететінін оқушыларға ұғындыру.

*Тәрбиелік маңызы.* Отарлаушы империяның кейде наразы халықтың қарсылығын жаныштау үшін мемлекеттік құрылыста қуыршақ басқару аппараттарын ұйымдастыратын, оның өзі шын мәнінде халықтың тәуелсіздікке қол жеткізуіне үлкен кедергі жасайтынын Бөкей Ордасын құру тарихы негізінде оқушыларға ұғындырып, оларды халықшылдық сезім рухына тәрбиелеу. Бұл дәстүр мұғалімнің қызықты баяндауының арқасында оқушыларға рухтандырушы әсер беріп, оларды халықтың ерлік дәстүрлерінің тәжірибесі негізінде халықшылдыққа тәрбиелеуі тиіс. Көтеріліс басшылары Исатай Тайманұлы мен атақты ақын Махамбет Өтемісұлының шаруалар көтерілісіне басшылық жасаудағы рөлін көрсете келе, олардың халық мүддесіне берілген адалдығы және ержүректігі мен батырлығы негізінде жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас сабақ, баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақ барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Бөкей Ордасының құрылуы. Бөкей сұлтан және оның қызметі.
2. Бөкей Ордасының шаруашылығы және әлеуметтік өмірі. Бөкей Ордасының саяси құрылысы.
3. Жәңгір ханның саяси-мәдени қызметі.
4. Шаруалар көтерілісінің басталу себептері, Кіші жүз аймағына таралуы.
5. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының көтерілісті басқарудағы ерекшеліктері мен ерліктері. Ақбұлақтағы соңғы шайқас.
6. Патшаның көтеріліске қарсы шаралары
7. Көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Мұғалім сабақта Кіші жүзді бөлшектейтін Бөкей Ордасын құрудағы отаршылдардың мақсатын, Орданың алғашқы ханы Бөкей сұлтанның қызметін, Ішкі ордадағы халықтың шаруашылық жағдайын, дәстүр салтын, Бөкей Ордасының саяси құрылысын және Жәңгір ханның іс-әрекетін жан-жақты түсіндіреді. Мұғалім оқушыларға шаруалар көтерілісі неліктен басталғандығын нақты мысалдар негізінде түсінікті де, тартымды тілмен ұғындырады. Көтерілістегі Исатай мен Махамбеттің ерліктерін өңгімелейді. Көтерілістің барысын баяндай отырып, оған қарсы патша өкіметінің қолданған шараларын ашып көрсетеді. Оқушылар үш топ болып жұмыс жасайды. Алғашқы топ көтерілістің басталуын сипаттайтын, оның себептерін көрсететін

тезистер жазады. Екінші топ Махамбет Өтемісұлының шығармаларын және Исатайдың ханға және отаршыл орыс билігіне жазған хаттарын пайдалана отырып, көтеріліс басшыларының мақсатын, халыққа берілгендігін және ерлігін ашып көрсетеді. Үшінші топ Кіші жүздегі көтерілістің өрістеуін және ол таралған аймақтарды картада белгілейді.

Мұғалім өзі жасаған сабақ жоспарына сәйкес сабақты төмендегідей мәселелер төңірегінде қорытындылайды:

1. Бөкей Ордасының құрылуының алғышарттары. Бөкей Ордасының саяси-әлеуметтік ерекшеліктері.

2. Бөкей Ордасындағы шаруашылық мәселесі. Бөкей Нұралыұлының қызметі.

3. Жәңгір ханның саяси-ағартушылық жұмыстары.

4. Көтерілістің барысы, Кіші жүзде өрістеуі, баяулау себептері.

5. Махамбет Өтемісұлы шығармасындағы Исатай Тайманұлының образы.

6. Патшалық биліктің көтеріліске қарсы ұстанымы.

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

**2-сабақ. Көтерілістің жеңілу себептері, салдарлары және маңызы.**

### Сабақтың мақсаты.

7.3.1.6 - ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

### Зерттеу сұрағы

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?

### Оқулық

1836—1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі. 102—110 беттер.

**Тірек сөздер:** Ақбұлақ, Баймағамбет Айшуақұлы, Қайышқалы Есімұлы, Шерғазы сұлтан.

### Ресурстар

Халық тарих толқынында. Ғылыми серия:мақалалар жинағы.-Т.І-2. - Астана,2013.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. - Алматы,2016.

### **Көрнекілік**

Көтерілістің соңғы кезеңін Ақбұлақтағы шайқасты бейнелеген карта, көтерілісті көрсететін телефильмдерден үзінділер. Оқулықтың 105, 106, 107, 109, 110 беттеріндегі суреттер.

### **Мақсатты айқындау**

Мұғалім кіші жүзде кеңінен тарала бастаған Исатай мен Махамбет бастаған халық көтерілісінің қаһарынан қаймығып, басып тастауды көздеген шараларға барғанын, дайындығы жеткіліксіз болған көтерілісшілердің жазалаушылар отрядына қарсы күресте, Тастөбе түбінде жеңіліп қалуы көтерілістің кейінгі барысына кері әсерін тигізгенін, Ақбұлақта көтерілісшілердің соңғы шайқасы өрістегенін және ақырында көтерілістің жеңіліп қалғанын, бұл жеңілістің салдарлары мен тарихи маңызын нақты деректерге сүйене отырып, түсіндіреді.

*Дамытушылық маңызы.* Исатай мен Махамбет бастаған Бөкей Ордасындағы көтерілісте орын алған қателіктер мен кемшіліктердің қазақтардың кейінгі жылдары болған басқа ұлт-азаттық қозғалыстарда да кездескенін, отаршыл империяға қарсы күрес ұйымшыл болғанда ғана жеңіске жететінін оқушыларға ұғындыру.

*Тәрбиелік мақсаты.* Бөкей Ордасындағы Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс халықтың ғасырлардан бастау алатын еркіндік және әділеттілік үшін күресінің жалғасы болып саналады. Бұл дәстүр мұғалімнің қызықты баяндауының арқасында оқушыларға рухтандырушы әсер беріп, оларды халықтың ерлік дәстүрлерінің тәжірибесі негізінде халықшылдыққа тәрбиелеуі тиіс.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім көтерілістің біртіндеп өршіп, кіші жүз аймағында өрістегенін, жазалау үшін шыққан патшаның Гекке отрядыалғашқы кезде сәтсіздікке ұшырағанын, бірақ Исатайдың Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске қосылмай, Ішкі Ордада дербес әрекет жасауға ұмтылғанын, мұның өзі көтерілістің сәтсіздікке ұшырауына тікелей себеп болғанын, ұрыс даласында Исатай мен Махамбеттің ерліктері жауынгерлерді рухтандыра тұрса да, ұрыс даласында, Ақбұлақта, Исатайдың қайтыс болуы көтерілістің қарқынын төмендетіп, оның әлсірей түсуіне алып келгенін, ал мұның өзі көтерілістің жеңіліп қалуына әкеліп соққанын түсінікті тілмен баяндайды. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. Алғашқы топ кіші жүзде көтеріліс өрістеген аудандарды картаға түсіреді. Екінші топ көтерілісшілердің жазалаушы патша әркері мен Ақбұлақтағы ақырғы шайқасын, ондағы Исатайдың ерлігін сипаттап, эссе жазады. Үшінші топ көтерілістің салдарларын және маңызын, Махамбет Өтемісұлының шығармаларына сүйене отырып, сипаттайды.

## Сабақ түрі мен әдісі

Аралас сабақ. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Оқытушы Сабақ өткізу барысында оқушылар назарын төмендегідей мәселелерге аударады:

1. Көтерілістің Кіші жүз аймағына таралуы.
2. Ақбұлақтағы соңғы шайқас.
3. Көтерілістің жеңілу себептері
4. Көтерілістің салдарлары.
5. Көтерілістің маңызы

## Бағалау мүмкіндігі

Мұғалім өзі жасаған жопарлау негізінде төмендегідей мәселелер төңірегінде қорытындылар жасайды:

1. Көтерілістің кіші жүзде өрістеуі және баяулау себептері.
2. Көтерілістің басшылары Исатай мен Махамбеттің ерліктері.
3. Көтерілістің жеңілуінің ауыр салдарлары.
4. Көтерілістің қазақ ұлт-азаттық қозғалысы үшін тарихи маңызы.

**Бағалау мүмкіндіктері** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

## Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

**Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## Қосымша тапсырма

1. Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау.
2. Махамбет Өтемісұлының Исатайдың бейнесін ашатын жырларына сүйене отырып, көтеріліс басшысының халықшыл бейнесін ашатын эссе жазу.

## §27—28. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс

**1-сабақ. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының себеп-салдарлары.**

### **Сабақтың мақсаты**

7.3.1.5 — халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;

### **Зерттеу сұрағы**

Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?

### **Оқулық**

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. 99—105 беттер.

**Тірек сөздер:** Кенесары, Орынбор шекаралық комиссиясы, Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт, Қырғыз манаптары

### **Ресурстар**

Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы»(М.Жолдасбекұлы,Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). — Астана,2001.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. - Алматы,2016.

### **Көрнекілік**

Оқулықтың 112 бетіндегі Кенесарының ата-бабасының кестесі, 113-беттегі Кенесары Қасымұлының бейнесі.

### **Мақсатты айқындау**

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының қазақ жерлерінің Ресейден дербестігін, бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын орнықтыруды, оңтүстіктегі Қоқан хандығы қоластындағы қазақтарды азат етуді, қазақтар мекендейтін аймақтарды біріктіруді көздеген ХІХ ғасырдағы ең үлкен көтеріліс болғанын көрсету.

**Дамытушылық бағыттар.** Кенесары бастаған осы көтерілістің қазақтар санасында терең із қалдырып, оның кейінгі қазақтардың азаттық жолындағы күрестерінде басты бағдар болғанын айқындау.

**Тәрбиелік мақсаты.** Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан тарихи тұлғалардың және қазақтың ең соңғы ханының мемлекетшілдігінің, ерліктері мен батырлықтарының негізінде оқушылар бойында отаншыл, халықшыл қасиеттерді қалыптастыру.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім сабаққа дайындап әкелген оқу жоспарына сәйкес Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының басталу себептерін, барысын баяндай келе, тарихи тұлға және саясаткер ретінде Кенесары Қасымұлының бейнесіне тоқталады. Ондағы Кенесарының өзінің алдына қойған мақсаты өңгімеленеді. Көтерілістің басталуы туралы айта келе, мұғалім бұл көтерілістің

бүкіл қазақ даласын қамтығанын 19 ғасырда қазақ даласындағы ең үлкен көтеріліс болып табылатынын көрсетеді. Көтерілістің шешуші кезеңге өтуі арнайы әңгіме болады. Онда Кенесарының амалсызды Арқа даласын тастап, Ұлы жүзге қоныс аударуы, оның себептері, Қоқан хандығының күшімен қайшылықтар, көтерілістің жеңілуі және тарихи маңызы нақта деректер негізінде қызықты да тартымды тілмен сипатталады. Оқушылар үшке бөлініп жұмыс істейді». Алғашқы топ көтеріліс басталған аудандарды картаға түсіреді. Екінші топ Кенесары Қасымұлының жеке басына қатысты оның ерліктерін, қайраткерлігін сипаттайтын эссе жазады. Үшінші топ көтерілістің жеңілу себептерін және тарихи маңызын тезистер түрінде талдап, жазады.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабылетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер келесідей:

- 1.Көтерілістің басталу себептері.
2. Кенесары – мемлекет қайраткері, қолбасы, тарихи тұлға.
- 3.Көтерілістің қазақ даласын қамтуы.
4. Көтерілістің шешуші кезеңі.
- 5.Көтерілістің жеңілуі.
6. Көтерілістің тарихи маңызы.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Мұғалім сабақ жоспарына сәйкес төмендегідей қорытындылар жасайды:

1. Кенесарының көтерілісінің басталу себептері.
2. Кенесары – тарихи тұлға.
3. Көтерілістің ерекшеліктері.
4. Көтерілістің соңғы кезеңі және жеңілуі.
5. Көтерілістің тарихи маңызы

**Бағалау мүмкіндіктері** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

**Қосымша тапсырма**

1. Мұғалім оқушыларға оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындап келуді тапсырады.

2. Кенесары Қасымұлына байланысты көркем әдбиеттегі (І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы) оның тарихи тұлғасына байланысты сипаттауларға сүйене отырып, шығарма жазып әкеледі.

**2-сабақ. Тақырып: Көтерілістің барысы, батырлары, жеңілуі және тарихи маңызы**

**Оқыту мақсаты**

7.3.1.6 – ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру.

**Зерттеу сұрағы:**

Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілісінде халық батырлары қандай рөл атқарды?

**Тірек сөздер:** Наурызбай батыр, Ағыбай батыр, Иман батыр, Жанайдар батыр, Жәуке батыр, Сұраншы батыр, Байзақ батыр, Сыпатай батыр, Жоламан батыр, Бұқарбай батыр, Байсейіт батыр

**Оқулық**

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. 111-121 беттер.

**Ресурстар**

Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы»(М.Жолдасбекұлы,Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). - Астана,2001.

Қазақстан(Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. - Алматы, 2016.

**Көрнекілік**

Астана қаласындағы Кенесарының ескерткіші (оқулықтың 115-беті). Жанайдар батырдың Қарағандыдағы, Ағыбай батырдың балқаш қаласындағы, Жоламан Тіленшіұлының суреті, Сұраншы мен Саурықтың Алматы қаласындағы ескерткіші, Бұқарбай батырдың ескерткіші (оқулықтың 115-120 беттері).

**Мақсатты айқындау**

Кенесары Қасымұлын көтерілісте қолдаған халық батырларының бейнесін ашу. Кенесарының қырғыз манаптарымен қарым-қатынасының қасіретті салдарларын анықтау.

**Дамытушылық маңызы.** Кенесары көтерілісіне қатысқан халықтық батырлардың бейнесі және ерліктері бүгінгі қазақ халқының жас ұрпағын ерлікке, отаншылдыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарып отырғанын оқушыларға түсіндіріп, мұның бүгінгі тәуелсіз қазақ елі үшін зор маңызын айқындау.



**Тәрбиелік мақсаты.** Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан тарихи тұлғалардың және қазақтың ең соңғы ханының мемлекетшілдігінің, ерліктері мен батырлықтарының негізінде оқушылар бойында отаншыл, халықшыл қасиеттерді қалыптастыру.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Кенесары туралы халық арасында тараған Нысанбай және т.б. жыраулардың дастандарынан үзінділер оқу. Оқушылардың тағы бір тобына Ресей империясының Кенесарыға байланысты мұрағат құжаттарынан үзінділер оқып беру. Кенесарыға байланысты оның көтерілісіне қатысқандардың естеліктерін пайдалану және осы көтеріліске байланысты І.Есенберлиннің «Көшпенділер» эпопеясынан үзінділер пайдалану. Бұл құжаттардың бәрі оқушыларды мұғалімнің бірнеше топқа бөліп жұмыс жасатуын қажет етеді.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас. баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабылетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Оқытушы сабақты қызықты ету үшін көтеріліске қатысқан қаһарман тұлғалардың, батырлардың бейнесін ашу қажет екенін ұмытпауы керек.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

**Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### **Қосымша тапсырма**

Оқулықтың 121-бетіндегі «Білімді теңсер» сұрақтарына жауап дайындау.

## §29–30. Орта Азия хандықтарының басқыншылығына қарсы қазақ көтерілістері

### 1-сабақ. XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары.

#### Сабақтың мақсаты

7.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;

#### Зерттеу сұрағы

Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?

#### Оқулық

Орта Азия хандықтарының басқыншылығына қарсы қазақ көтерілістері. 106–111 беттер.

**Тірек сөздер:** Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Хиуа хандығы, жазалаушы отрядтар, казак отрядтары, Есет Кетібарұлы

#### Ресурстар

1. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. – Т.1-2. – Астана, 2013.

2. Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). – Алматы, 2012.

#### Көрнекілік:

Жанқожа Нұрмұхамедұлының көтерілісі таралған аудандарды көрсететін карта.

#### Мақсатты айқындау

XIX-ғасырдың 50-жылдарында Орта Азия хандықтарының Қазақстанға деген басқаншылық саясатты күшейе түскенін, әсіресе Хиуа хандарының өктемдігі халықтың қаналуының күшеюіне және наразылықтарына алып келгенін, оған қарсы халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтерілістің басталғанын, бұл көтеріліс халықтың қолдауына сүйене отырып, қуатты күшке айналғанын және бұл көтерілістің тарихи маңызын атап көрсету.

*Дамытушылық маңызы.* Хиуа хандығының басқыншылық әрекетіне қарсы халық наразылығын сипаттай отырып, бұл көтерілістің Қазақстандағы кейінгі кезеңдерде орын алған ұлт-азаттық қозғалыстарына ықпалын айқындау.

*Тәрбиелік маңызы.* Жанқожа Нұрмұхамедұлының халықшыл, батыр тұлғасын үлгі ете отырып, жастарды туған халқына қызмет ету сезіміне баулып, тәрбиелеу.

#### Сабақтың деректік материалдары

Мұғалім өзі дайындаған жоспардың негізінде Хиуа ханының ұлы Мұхаммет Рахым Аллахұлдың Жаңадария және Қуандария аудандарындағы қазақтар арасында әскери қамалдар тұрғызуын басқыншылық ретінде сипаттайды, бұл әрекетке қарсы халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының бастаған көтерілісінің себептерін, барысын және тарихи маңызын атап көрсетеді. Оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды. Алғашқы топ Хиуа

хандығының картасына олар басып алған жерді түсіреді. Екінші топ Жанқожа Нұрмұхаметұлының тұлғасын сипаттайтын эссе жазады.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас, баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында келесідей назарда ұсталатын басты мәселелер:

1. Хиуа ханының және Ресейдің Арал теңізінің солтүстік жағалауындағы қазақтарға қарсы саясаты.

2. Қоқан хандығының Оңтүстік Қазақстан аймағындағы отаршылдық әрекеттері.

3. Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхаметұлы бастаған халық көтерілісінің басталу себептері, барысы.

4. Көтерілістің жеңілуі және маңызы.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. 1858 жылғы қазақ шаруаларының көтерілісін 1836–1838 жылдардағы қозғалыспен салыстырыңдар.

2. XIX ғасырдың ортасындағы Жетісу және Оңтүстік Қазақстандағы халық көтерілістерінің негізгі себептері қандай болды?

3. Жанқожа мен Есет батырлар бастаған көтеріліс туралы әңгімелеңдер.

4. Діні, тілі және дәстүр-салттары жақын халықтардың арасын аша түскен себептер қандай?

5. Қоқан бектеріне қарсы қазақтардың көтерілісі қандай сипат алды?

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### **Қосымша тапсырма**

Мұғалім оқушыларға төмендегі тапсырмаларды орындап келуді тапсырады:

1. Хиуа хандығының басқыншылық әрекеті

2. Жанқожа Нұрмұхаметұлының халық батыры ретіндегі тұлғасы

3. Ол бастаған көтерілістің басталуы және жеңілуі

4. Көтерілістің тарихи маңызы

5. Оқулықтың 125-бетіндегі «Білімді тексер» тапсырмасын орында.

6. 1858 жылғы қазақ шаруаларының көтерілісін 1836 — 1838 жылдардағы қозғалыспен салыстырып, олардың себептерін және ерекшеліктерін көрсететін арнайы кесте жасаңдар.

1858 ж. көтерілістің себептері	1836-38 ж. көтерілістің себептері	1858 ж. көтерілістің ерекшеліктері	1836-38 ж. көтерілістің ерекшеліктері

## **2-сабақ. Орта Азия хандықтарының отарлау саясатына қарсы қазақтардың көтерілістерінің жалғасуы**

### **Сабақтың мақсаты**

7.3.1.6 - ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

### **Зерттеу сұрағы**

Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?

### **Оқулық**

Орта Азия хандықтарының басқыншылығына қарсы қазақ көтерілістері.

**Тірек сөздер:** шекті руы, Арыстан Жантөрин, Мырза Ахмет, Қоқан ханы. Арынғазы.

### **Ресурстар**

Халық тарих толқынында. Ғылыми серия:мақалалар жинағы.-Т.І-2. - Астана, 2013.

Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). - Алматы, 2012.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. - Алматы, 2016.

### **Көрнекілік**

Көтерілістер болған аудандарды көрсететін карталар. Оқулықтың 125-бетіндегі Есет батырдың суреті. 126-бетіндегі оның кесенесі.

### **Мақсатты айқындау**

Арал теңізінің солтүстік батысындағы қазақтардың Хиуа хандығының отаршылдық әрекеттеріне қарсы әділетті күресін, 1858 жылы оңтүстік қазақтарының Қоқан хандығының отарлауына көтерілісін тартымды тілмен баяндап, осы көтерілістердің барысын және тарихи маңызын көрсету.

Дамытушылық және тәрбиелік мақсаты. Орта Азия хандықтарының озбыр отаршыл саясатына қарсы қазақтардың көтерілістерінің тәжірбиесінің қазақтардың кейінгі ұлт-азаттық күрестерінде пайдаланылғанын, бұл күрестердің қазақтардың азаттық үшін болған болашақ күрестерінде ескерілгенін оқушыларға ескерту және түсіндіру. Аталған көтерілістер негізінде оқушыларды қазақтардың азаттық және тәуелсіздік үшін күрестерінің рухы негізінде халықшыл, отаншыл болуға тәрбиелеу.

## Сабақтың деректік материалдары

Мұғалім Хиуа хандығының және ресейліктердің қазақтарға қарсы отарлау саясаты халық көтерілісіне алып келгенін, ол көтерілісті Есет Көтібарұлы басқарғанын, оңтүстікте де осыған ұқсас жағдайлар қалыптасып, мұндағы қазақтардың Қоқан хандығының езгісіне ұшырағандарын, және мұның өзі осы аймақта да қазақтар көтерілісіне алып келгенін нақты деректерге сүйене отырып баяндайды. Оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды. Бірінші топ Хиуа хандығына және Ресей отарлауына қарсы күрескен Есет Көтібарұлының тарихи тұлғасын ашатын қысқа эссе жазады. Екінші топ Оңтүстік Қазақстандағы қоқандықтардың қатал отарлау әрекеттерін сипаттап, тезистер жазады.

### Сабақ түрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабылетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертулер

Келесідей мәселелер басты назарда ұсталады

1. Хиуа ханының және Ресейдің Арал теңізінің солтүстік жағалауындағы қазақтарға қарсы саясаты.

2. Есет Көтібарұлы.

3. Қоқан хандығының Оңтүстік Қазақстан аймағындағы отаршылдық әрекеттері.

4. 1858 жылы қоқандықтарға қарсы болған қазақтардың көтерілісі.

### Бағалау мүмкіндігі

Мұғалім өзі жасаған сабақ жоспары негізінде мына мәселелер төңірегінде тұжырымдар жасайды:

1. Есет Көтібарұлының хиуалықтарға және орыс отаршыларына қарсы күресі.

2. Оңтүстік Қазақстандағы Қоқан хандығының езгісіне қарсы қазақтардың күресі.

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс

дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

**Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### Қосымша тапсырма

Оқулықтың 125-бетіндегі «Біліміңді тексер» тапсырмасын орындандар.

1. Жанқожа мен Есет батырлар бастаған көтерілістердегі Ресейдің, Хиуа хандығының және көтерілісшілердің ұстанымдарын салыстырмалы түрде көрсететін кестені толтырыңдар.

Ресейдің ұстанымы	Хиуа хандығының ұстанымы	Көтерілісшілердің ұстанымы

2. Хиуа-қазақ қатынасындағы діні, тілі және дәстүр-салттары жақын халықтардың арасын аша түскен себептер қандай?

3. Қоқан бектеріне қарсы қазақтардың көтерілісінің Хиуа хандығына қарсы көтерілістен қандай айырмашылығы бар?

4. Хиуа және Қоқан хандықтарына қарайтын аймақтарды картаға белгілеңдер.

## §31–32. Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы

### 1-сабақ. Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылар қарсаңындағы жағдайы.

**Сабақтың мақсаты.**

7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

**Зерттеу сұрағы**

Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?

**Оқулық**

Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы. 112–118 беттер.

**Тірек сөздер:** ағылшындар, Хиуа хандығы, Бұхара хандығы, Ұлыбритания.

**Ресурстар**

1. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. – Т.І-2. – Астана, 2013.

2. Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). – Алматы, 2012.

3. История Казахстана. Энциклопедический справочник. – Алматы, 2010.

## **Көрнекілік**

Ресейдің Оңтүстік Қазақстандағы отарлау саясатының бағытын көрсететін карта, Верный бекінісінің 1857 жылы салынған суреті, Ресейдің Қазақстанды отарлау кезеңдерін көрсететін карта.

## **Мақсатты айқындау**

Ресей империясының оңтүстік Қазақстанды отарлауының алғышарттарын, Үндістанда орнығып алған ағылшын үкіметінің қолдауына сүйенген Орта Азия хандықтарының Ресейге қарсы әрекеттерін, қазақ жерін Ресейдің қалай бағындырғанын көрсету.

*Дамытушылық маңызы.* Ресейдің Қазақстанды жаулау әрекеттерінің өрістеп кетуіне мүмкіндік берген ахуалды талдай отырып, Қазақстан бүгінгі күні де Ұлы империяларға көрші орналасқандықтан осы мемлекеттермен қарым-қатынаста тарих тәжірибесін ескеруі тиіс екендігін оқушыларға түсіндіру.

*Тәрбиелік маңызы.* Ресейдің отарлау барысында Оңтүстік Қазақстандағы халық мүддесін қорғаған тарихи тұлғалардың іс-әрекетінің негізінде оқушыларды халықшылдыққа, ел мүддесіне қызмет етуге тәрбиелеу.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім оқушыларға Ресейдің Оңтүстік Қазақстанға отаршылдық саясатының себептерін түсіндіреді. Қоқан хандығының қарсылығына байланысты Жетісуда Верный бекінісінің салынуының қолға алынғанын, бұл бекіністің Қазақстанның оңтүстік аудандары мен қырғыз жерінің Ресей қол астына қарауын тездеткенін, кейіннен осы бекіністің аумағында Алматы қаласының бой көтергенін, Қазақстанның Ресейге қосылуының салдарларын және Ресей тарапынан қазақ жерін әскери отарлаудың күшейе түскенін нақты дәлелдермен түсіндіреді. Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс жасайды. Алғашқы топ Ресей әкімшілігінің Оңтүстік Қазақстанды отарлауына қарсы Хиуа, Қоқан, Бұхар хандықтарының ағылшын үкіметінің қолдауына сүйеніп жасаған әрекеттерін тезис түрінде жазып шығады. 2-топ Верный бекінісінің салынуы және оның отаршылдықты күшейтудегі ролін осы маңда бой көтерген елді мекендердің – Үш Алматы елді мекенінің арғы тарихтан бастау алып және Верный бекінісіне жалғасатын тарихын Верный және Алматы қаласының тарихы туралы деректер негізінде баяндайды. Мұндайда оқушылар Алматы қаласының 2000 жылдығына байланысты ғылыми-теориялық конференция материалдарын пайдаланады. 3-топ Әбілқайыр хан бастап қол қойған 1731 жылғы орысқа бодандыққа қарау туралы құжаттардың мазмұнын және Ресейдің Қазақстанды толық бағындыруының нәтижелері мен салдарларын көрсетіп тезистер жазады.

## **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

1. Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жеделдете отарлауының себептері, кезеңдері.

2. Верный бекінісінің салынуы.

3. Ресейдің қазақ жерін толық бағындыруы.
4. Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижелері мен салдарлары.
5. Қазақстан аумағын әскери отарлаудың күшеюі.

### Бағалау мүмкіндігі

Мұғалім өзінің сабақ өткізуге дайындап әкелген жоспары бойынша төмендегі мәселелерге байланысты тұжырымдар жасайды:

1. Ресей империясы Қазақстанның Ұлы жүз аймағын отарлауға саяси және экономикалық жағынан мүдделі болды.

2. Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды отарлауын жеделдеткен себептер.

3. Верный бекінісінің аймағындағы қазақ өлкесінің бұрынғы және кейінгі тарихы.

4. Ресейге Қазақстанның күшпен қосылуының салдарлары.

5. Ресейдің әскери отарлауды күшейте түсуі.

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### Қосымша тапсырма

1. Мұғалім оқушыларға оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындап келуді тапсырады.

2. Оқушылар Ұзынағаш шайқасын сипаттайтын эссе жазып әкеледі.

## 2-сабақ. Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатының себептері және салдарлары

### Сабақтың мақсаты.

7.3.2.2 — Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

### Зерттеу сұрағы

Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?



## **Оқулық**

Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы. 128–134 беттер.

**Тірек сөздер:** бодандық, «қай жеңгенің менікі».

## **Ресурстар**

Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). — Алматы, 2012.

Елтұтқа. Ел тарихының өйгілі тұлғалары: оқу құралы» (М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). — Астана, 2001.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. — Алматы, 2016.

## **Көрнекілік**

Ресейдің Қазақстанды отарлау кезеңдерін көрсететін карта. Оқулықтың 128,134 беттеріндегі суреттер.

## **Мақсатты айқындау**

Ресей империясының Қазақ жерлерін отарлауды көздеген саясатының орыс жері Мәскеу төңірегіне шоғырлана бастаған ХҮ ғасырдың орта шенінен-ақ қолға алына бастағанын, ал мұның өзі І Петр патшаның ХҮІІІ ғасырдың бірінші ширегіндегі шығыс саясатында басты мәнге айналғанын, Ресейдің қазақ мемлекеттігін жоюды көздеп, Жоңғар шапқыншылығы орын алған тұста екі көшпелі мемлекеттің соғыстарын бақылаушы рөлін атқарып, «қай жеңгенің менікі» деген бейтарап саясатты ұстанғанын, 1731 жылғы Кіші жүздің Ресейге кіру саясатын қазақ жерін құқықтық тұрғыдан заңдастыра жаулау негізі ретінде қарастырғанын, оның үстіне Ұлы жүздің Қоқан басқыншылығынан құтылу үшін Ресей бодандығын амалсыз қабылдағанын түсіндіру. Сонымен қатар Ресейдің қазақ жерін отарлауы қазақ елін ұзақ мерзім тәуелсіздіктен айырылуға алып келгенін, оқу, білім және мәдениет саласында мұндай бодандықтың жақсы да жағымды жақтары бола тұрса да, еркінен айрылған елдің отарлық езгіге түсуі мұны ақтай алмайтынын нақты дәлелдермен айтып оқушыларға ұғындыру.

*Дамытушылық маңызы.* Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда ұлт мәселесіне байланысты орын алып отырған кейбір қиыншылықтардың шын мәнінде басталуы Ресей отаршылдығы болып табылатынын оқушыларға нақты баяндау.

*Тәрбиелік мақсаты.* Тәуелсіздік баға жетпес құндылық болып табылатынын, мұны тіптен қазақтардың басқаға отар болған тұстағы ағарту және мәдениет саласындағы жетістіктерімен де ауыстыра алмайтындығымызды айта отырып, жастарды тәуелсіз елдің патриот азаматы ретінде қалыптастыру.

## **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім өзінің сабақ жоспарына сәйкес оқушыларға қазақ жерін басқа елдің отарлау себептерін, қазақтардың Ресейге қосылуының екі жағын, отарлау барысын және оның аур салдарларын нақты мысалдармен түсіндіреді. Оқушылар бірнеше топқа бөлініп жұмыстар жасайды. 1-топ отарлау себептерін айқындайтын тезистер жасайды; 2-топ, Әбілқайыр хан бастап қол қойған 1731

жылғы орысқа бодандыққа қарау туралы құжаттардың мазмұны сипаттайтын шығарма жазады. 3-топ отарлаудың ауыр салдарларын атап көрсететін тезистер жазады.

### Сабақ түрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

1. Ресейдің қазақ жерін жаулау себептері.
2. Отарлау мақсаттары.
3. Ресейдің отарлау саясатындағы кезеңдер.
4. Ресейге қосылудың жағымды жақтары.
5. Қазақ жерлерін отарлаудың ауыр салдарлары.

### Бағалау мүмкіндігі

Оқытушы жоғарыда көрсетілген сабақ жоспарына сәйкес қорытындылар жасайды.

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалшағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған-бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### Қосымша тапсырма

1. Мұғалім оқушыларға оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындап келуді тапсырады.
2. Әбілқайыр хан бастаған азғана ат төбеліндей азшылықтың іс-әрекетін талдайтын эссе жазып келу.
3. Орта Азия хандықтарының қол астында қалған қазақ және қырғыз жерлерін тарихи картаға сызып көрсетіңдер.
4. Ұлы жүз аймағындағы Ресейлік отарлаушылар басып алған қалалардың қашан олардың қол астына өткендерін көрсетіп, тарихи картаға белгілеңдер.
5. Тарихи құжаттар мен әдебиеттерге сүйеніп, Ұзынағаш шайқасын сипаттайтын шығарма жазыңдар. Оған қатысқан тарихи тұлғалар есімдерін анықтаңдар.

6. Шоқан Уәлихановтың өмірінің осы кезеңін анықтайтын құжаттармен және көркем әдебиеттермен танысыңдар, және олардың негізінде қысқаша тарихи эссе жазыңдар. Әдебиеттер Оңтүстік Қазақстанды Ресей қол астына қарату үшін патша үкіметі қандай шараларды іске асырды?

## V-бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

### §33–34. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы реформалар

#### 1-сабақ. 1867—1868 жылдардағы патша үкіметінің отаршыл реформалар жүргізудің алғышарттары.

##### Сабақтың мақсаты

7.3.1.3 – Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;

7.3.1.4 – Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;

7.1.2.1 – дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау

##### Зерттеу сұрағы

Патша өкіметі тарапынан “бөліп ал да, билей бер” ұстанымы қалай жүзеге асты?

##### Оқулық

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы реформалар. 120–125 беттер.

**Тірек сөздер:** Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы, Уақытша ереже, Приставтық, Вице-губернатор, Қыстау, Жайлау.

##### Ресурстар

1. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия:м ақалалар жинағы. – Т.І-2. – Астана, 2013.

2. Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). – Алматы, 2012.

##### Көрнекілік

1867–1868 жылдардағы Уақытша ереженің саяси құрылымын көрсететін схеманы пайдалану.

##### Мақсатты айқындау

Патша үкіметінің Қазақстанда жаңа реформаларды жүзеге асыруды жоспарлаудағы мақсатын, реформаның отаршылдық мазмұнын және реформаның мәнін түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы.* 1867–1868 жылдардағы реформалардың отаршылдықтың негізгі құжаттары ретіндегі орны мен рөлін айқындай отырып, осы құжаттардың күні бүгінге дейін қазақтардың сана-сезімін бодандыққа бейімдеуде ауыр салдарлар қалдырғанын көрсету.

*Тәрбиелік маңызы.* Қазақстанға көрші екі елдің қарым-қатынасындағы жағдайларды анықтайтын құжаттарды дайындау және ресми түрде қабылдау мәселелеріне Қазақстан азаматтарының аса сақтықпен қарауға қажеттігін, мұндайда әрқашанда Қазақстанның тәуелсіздігі алғашқы орында тұруы қажеттігін түсіндіріп, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім оқушыларға өзі сабақ дайындап әкелген жоспары негізінде бұл реформаның дайындалу себептерін, оған жергілікті қазақтардың және империялық шенеуніктердің екі түрлі көзқарасын, реформаның мәнін және мазмұнын ашатын тартымды әңгімелер айтады. Оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды. Бірінші топ реформаның дайындалу кезеңдерін сипаттап, тезистер жасайды. Екінші топ реформаның мазмұны мен мәнін көрсететін сызба дайындайды. Сонымен қатар оқушылар оқулықтың 144-бетінде көрсетілген №1 тапсырманы орындайды.

1. 1822 және 1867—68 жылдардағы реформалар ерекшеліктерін көрсететін кестені толтырыңдар:

1822 ж. реформа ерекшеліктері	1867—68 жж. реформалар ерекшеліктері

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас, баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Реформаны дайындау жұмыстары
2. Реформаны іске асыруға байланысты шаралар
3. Реформаның саяси-әлеуметтік мазмұны
4. Отарлық жүйені нығайтудағы орны

### **Бағалау мүмкіндігі**

Мұғалімнің жоспарында көрсетілген маңызды мәселелер төңірегінде оқушыларға қысқаша қорытындылар жасалынады.

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс

дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

1. Оқушыларға 1867–1868 жылдардағы реформаның Қазақстан жеріндегі отаршылдық салдарларын анықтайтын тезистер жазу тапсырылады.

2. Жергілікті басқарудың реформаға дейінгі және реформадан кейінгі жағдайын сызба түрінде жасап келу тапсырылады.

**Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## 2-сабақ. Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты

### Оқыту мақсаты

7.4.1.2 – отарлау саясатының қазақтардың дәстүріне тигізген әсерін талдау;

7.1.1.2 – Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарларын талдау;

7.1.2.1 – дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау.

### Зерттеу сұрағы:

Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?

**Тірек сөздер:** Қыстау, жайлау, крепостниктік право, шербина экспедициясы

**Оқулық.** XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстандағы реформалар. 140-144 беттер.

### Ресурстар

Халық тарих толқынында. Ғылыми серия:мақалалар жинағы. -Т.І-2. - Астана,2013.

Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). - Алматы, 2012.

### Көрнекілік

Оқулықтың 139-бетіндегі «Билер соты» атты сурет. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аймағын көрсететін карта.

### Мақсатты айқындау

Оқытушы қазақтар иемденіп отырған рулық қауым меншігіндегі жерлерді мемлекеттің қандай әдіс-айлалармен және амалдармен тартып алғанын анықтап береді.

### Сабақтың деректік материалдары

Сабақ барысында оқытушы оқушыларды бірнеше топқа бөліп, оларды 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» жарғының мазмұнын анықтауға және 1868 жылғы «Басқару туралы Уақытша ереженің» мазмұнын айқындауға

жұмылдырады. Оқушылар слайдты пайдалана отырып, Ф.А. Щербина бастаған экспедицияға қатысқан қазақтар туралы мағлұматтар жинастырады. Сонымен қатар оқушылар оқулықтың 144-бетінде көрсетілген №2-3 тапсырманы орындайды:

2. Ережелердің мазмұнына, отаршылдық пиғылын анықтайтын, еуропалық келімсектің және қазақ көшпелісінің мүдделеріндегі айырмашылықтарды салыстырмалы түрде көрсететін кесте құрастырыңдар:

Ресей билігінің отаршыл пиғылы	еуропалық келімсектің мүддесі	қазақ көшпелілерінің мүддесі

3. 1867—1868 жылдардағы реформаның Қазақстан жеріндегі кейінгі зардаптарын қысқаша тезистер түрінде жазып көрсетіңдер.

### Сабақ түрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабылетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Оқытушы Жетісу және Оңтүстік Қазақстан аймағының патша үкіметі тарапынан күшпен отарланғанын, бұл аймақтың қазақтарының екі жақты отарлауға қарсы күрес жүргізгендерін (Ресейге және Қоқан басқыншылығына қарсы) сабақтағы ең басты назарда ұстайтын мәселе деп қарауы керек.

**Бағалау мүмкіндіктері.** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## §35-36. 1860–1870 жж. азаттық күрес

### 1-сабақ. Қазақстардың 1860—1870 жылдардағы азаттық күресінің себептері

#### Сабақтың мақсаты.

7.3.1.5 – қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

#### Зерттеу сұрағы:

XIX ғасырдың 60-70-жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?

#### Оқулық

1860–1870 жж. азаттық күрес. 126–131 беттер.

**Тірек сөздер:** Капитализм, Уақытша ереже, адайлар.

#### Ресурстар

1. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. – Т.1-2. – Астана, 2013.
2. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. – Алматы, 2016.

#### Көрнекілік

Көтеріліс болған аудандардың карталары.

#### Мақсатты айқындау

1868–1869 жылдары болған қазақтардың отарлық езгіге қарсы азаттық күресінің себептерін, барысын, салдарларын және басты ерекшеліктерін түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы.* Аталған көтерілістер негізінде қазақ халқының басқа елдің отаршылдық саясатына ешқашан да бейжай қарамағандығын, жергілікті жерде орын алған (Орал, Торғай облыстарында) көтерілістер негізінде түсіндіру. Қазіргі қол жеткізген тәуелсіздігіміз халықтың осындай азаттық үшін күресінің нәтижесі болып табылатынын оқушыларға ұғындыру.

*Тәрбиелік мақсаты.* Аталған өңірлердегі ұлт-азаттық қозғалыстың қайраткер тұлғалар, мысалы, Сырым Датұлының немересі Сейіл Түркебаевтың, Өзірген Мұңайтпасұлының, Иса Тілембайұлының, Досан Тәжіұлының батырлық тұлғалары негізінде жастарға отансүйгіштік тәрбие беру.

#### Сабақтың деректік материалдары

Мұғалім белгіленген сабақ жоспары негізінде жоғарыдағы жоспарланған мәселелерді басшылыққа алып, оқушыларды үш топқа бөліп жұмыс жасауға жұмылдырады. Бірінші топ Орал, Торғай облыстарындағы көтерілістерді сипаттайтын тезистер жасайды. Екінші топ 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісіне байланысты шығарма жазады. Үшінші топ осы екі көтерілістің басты ерекшеліктерін тезис түрінде көрсетеді.

### Сабақ түрі мен әдісі

Аралас, баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Сабақты өту барысында келесідей басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. 1868–1869 жылдардағы Орал, Торғай облыстарындағы көтерілістердің себебтері

2. Көтерілістің барысы.

3. 1870 жылғы Маңғыстаудағы көтеріліс.

4. Оның барысы.

5. Осы көтерілістердің ерекшеліктері.

### Бағалау мүмкіндігі

Мұғалімнің жоспарында көрсетілген маңызды мәселелер төңірегінде оқушыларға қысқаша қорытындылар жасалынады.

Мұғалімнің жоспарында көрсетілген маңызды мәселелер төңірегінде оқушыларға қысқаша қорытындылар жасалынады.

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### Қосымша тапсырма

1. Оқушылар Орал, Торғай облыстарындағы және Маңғыстаудағы көтерілістердің қозғаушы күштерін, сипатын, барысын анықтайтын жазбаша талдаулар жасайды.

2. Ресей империясының көтерілістерді қатал басып, жаныштауын сипаттайтын шығармалар жазады.



## 2-сабақ. 1860-70 жылдардағы азаттық күресінің барысы және жеңілу себептері мен тарихи маңызы.

### Сабақтың мақсаты.

7.3.1.5 – қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

### Зерттеу сұрағы:

XIX ғасырдың 60-70-жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?

### Оқулық

1860–1870 жж. азаттық күрес. 144–150 беттер.

**Тірек сөздер:** Хиуа хандығы, Маңғыстау өңірі, Форт-Александровск, Иса Тіленбаев, Досан Тәжіев

### Ресурстар

1. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. – Т.1-2. – Астана, 2013.

2. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. – Алматы, 2016.

### Көрнекілік

Көтеріліс болған аудандардың карталары.

### Мақсатты айқындау

Маңғыстау өңірінде болған халық көтерілістерінің сипатын және салдарларын анықтау.

*Дамытушылық маңызы.* Маңғыстау өңіріндегі халық көтерілістерін басқарған тұлғалардың бүгінгі күні жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызын оқушыларға ұғындыру.

*Тәрбиелік мақсаты.* Маңғыстау өңіріндегі көтерілістердің қазақ халқының ғасырлар бойы келе жатқан ерлік дәстүрінің жалғасы болып табылатынын оқушыларға түсіндіру арқылы оларда отаншылдық сезімді көтеру.

### Сабақтың деректік материалдары

Оқытушы оқушыларды 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісіне басланысты шығарма жаздырады. Осы екі көтерілістің басты ерекшеліктерін тезис түрінде көрсетеді. Оқытушы оқулықтың 149, 150-бетіндегі «Білімді тексер» тапсырмаларын оқушылардың орындауын қадағалайды:

1. Орал, Торғай облыстарындағы, Маңғыстаудағы көтерілістер болған аймақтарды картаға түсіріп, көрсет.

2. Көтерілістердің барысына талдау жасайтын хронологиялық кесте жаса:

Оқиғалар мерзімі	Оқиғалар	Нәтижелері

3. Көтеріліске қатысушылардың бірі ретінде естелік-эссе жазып бер.

4. Орал, Торғай облыстарына, Маңғыстау аймағына байланысты Ресей

империясының, Хиуа және Бұқара хандықтарының ұстанымдарын анықтай түсетін кесте жаса:

Ресей империясының ұстанымы	Хиуа хандығының ұстанымы	Бұқара эмиратының ұстанымы

5. 1870 жылғы Маңғыстаудағы қозғалыстың өзінен бұрынғы көтерілістермен салыстырғанда өзіне тән ерекшеліктері қандай болғанын анықтайтын салыстырмалы кестені жаса:

Сырым Датұлы бастаған көтеріліс	Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс	Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс	Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс	Досан Тәжіұлы бастаған көтеріліс

### Сабақтүрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

**Бағалау мүмкіндіктері.** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 37. Отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсері

### Сабақтың мақсаты

7.1.2.1 – дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау

Зерттеу сұрағы

Патша өкіметі тарапынан “бөліп ал да, билей бер” ұстанымы қалай жүзеге асты?

### **Оқулық**

Отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсері. 132–136 беттер.

**Тірек сөздер:** ауыл, қыстау, көктеу, жайлау, күздеу, жайылым.

### **Ресурстар**

1. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (Основы жизнедеятельности кочевнического общества) – Алматы-Москва: Совинвест-Горизонт, 1995

2. Қазахи: историко-этнографические исследования. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 352 с.

3. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). – Павлодар: “ЭКО” ҒӨФ, 2004. 392 б.

4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

**Көрнекілік:** фотоклип (слайд-шоу).

### **Мақсатты айқындау**

Қазақ жеріндегі байырғы қоныстар мен қазақ ауылының байланысын сипаттау; дәстүрлі мерзімдік қоныстар: қыстау, көктеу, жайлау, күздеуді пайдаланудың аймақтық ерекшеліктері, мерзімдік қоныс көлемі, қоныс таңдау, адам мен табиғат байланысының дәстүрлі шаруашылықты реттеудегі ерекшелігін айту; дәстүрлі қазақ ауылындағы баспаналар жүйесі, киіз үйдің түрлері, дәстүрлі баспана тұрғызудың жергілікті жердің табиғатымен байланысы, экологиялық ортаның әсерін, дәстүрлі баспана – киіз үйдің жергілікті ерекшелігі, қыстық баспаналар – бастырма, жертөле, жеркепе, қақыра, уақытша баспаналар – өлшек, шошала, қос тұрғызу мен олардың халықтың тұрмыстық қажетін өтеудегі алатын орны мен мәнінің сипатын көрсету.

*Дамытушылық маңызы.* Дәстүрлі қазақ ауылының келбеті мен сипатын жан-жақты баяндау арқылы, байырғы ата-бабаларымыз дәстүрін, тарихын құрметтеуге баулу. Дәстүрлі қазақ ауылына деген қызығушылығын тудырып, осы тақырыпты ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеуге бет бұруға ын-тасын арттыру.

*Тәрбиелік маңызы.* Дәстүрлі қазақ ауылын сипаттай отырып, оқушыларды адам мен табиғат арасындағы байланысты сезінуге, қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін оқыту арқылы отан-сүйгіштікке, патриоттыққа, эстетикалық талғамға тәрбиелеу, экологиялық білім беру.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Қазақтар ертеде қыс мезгілінде де киіз үйде отыра берген. Ибн Рузбехан бойынша қазақ көшпелілері қыс кезінде керегесін тереңдетіп қазылған шұңқырларға орнатып тігілген, екі қабат киізбен жапқан, етегін құммен көмкеріп, сыртынан қамыспен қоршаған киіз үйлерде отырған, ортасында орнатылған ошақта үнемі от жанып тұрған. Киіз үй көшпелілердің негізгі баспанасы болды. Г.С.Загряжский: “Сырдария қазақтары қыста баспанада отыруға мәжбүр емес. Қыстық киіз үй жаздық киіз үйден кіші етіп тігіліп,

бір үзікке кем жабылған. Қыстық киіз үйлерді кейбірі екі киіз үзікпен жапса, кейбірі киіз үй сыртын қамыспен қаптаған. Қыста киіз үйді қоңыр, сұр киізбен, жазда ақ киізбен жапқан”, – деп киіз үйдің мерзімдік сипатын берген. Ал О.Шкапский: “Байлар киіз үйдің сыртынан қыс уақытында тағы бір қабат киіз жабады, кедейлер болса қамыс жабады...”, деп киіз үйдің мерзімдік жабдықталуының әлеуметтік сипатын көрсеткен. Л.Мейер “қыс кезінде де киіз үйде тұруды жалғастырып, жылы болу үшін екі қабат киіз жауып, етегін қамыс, құммен бастырған”, – деп қыс кезінде үйлердің қамыспен жабылғандығын тағы да растайды (Картаева Т. Қыстық атақоныс. Взаимодействие природы и общества в кочевой цивилизации народов Центральной Азии. /Сборник научных трудов. Алматы, 2015. 133 бет).

Деректі оқи отырып, ертеде дәстүрлі қазақ ауылдарында киіз үйдің қыс кезінде де тұрмыстық баспананы қамтамасыз еткенін айтыңыз.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Тарихи танымдылық, ғылыми-танымдық. Интербелсенділік, сыни талдау, креативті ойлау.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер келесідей:

1. Байырғы қазақтардың қыстау ауылдарының келбеті.
2. Қазақ ауылдарының жайлаудағы келбеті.
3. Ауыл ақсақалының атқаратын міндеті.

Мұғалім жаңа тақырыпты бастар алдында балалардан қазіргі кездегі “ауыл” туралы сұрайды. Мысалы, қалада тұратын балалардан “ауыл” туралы не білетінін сұраса, ауыл баласынан “біздің ауыл” тақырыбында қысқа сұрайды. “Біздің білетініміз қазіргі заманғы ауыл, ал байырғы заманғы ауыл қандай болған?” деген сауалнаманы айта отырып жаңа сабақты түсіндіруге көшеді. Мұғалім сабақты дәстүрлі қазақ ауылының бейнелі қойылған фотоклипті көрсете отырып түсіндіреді. Киіз үйдің жабдықтары немесе мерзімдік қоныстар (қыстау, көктеу, жайлау, күздеу) сияқты ерекшелікті көрсететін 2-3 минуттық деректі фильм немесе алдын-ала жасалған түрлі-түсті слайд арқылы түсіндіруге болады.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Қазақ ауылында шамамен қанша үй болған.
2. Қазақтың мерзімдік қоныстары дегенді қалай түсінеміз және қандай сипаттама береміз?

### **Қосымша тапсырма**

“Дәстүрлі қазақ ауылы” және “Мен білетін бүгінгі ауыл” тақырыбында эссе жазыңдар.

### **Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

1. Маусымдық жайылым түрлерін табыңыз:

- |                |             |
|----------------|-------------|
| А) Қырға шығу; | Е) Жайылым; |
| В) Қыстау;     | Ғ) Күздеу;  |
| С) Өріс;       | Г) Шидем;   |
| Д) Жайлау;     | Н) Суат.    |

## Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. Алыс жайылымдарға көшетін аймақ қазақтары:

- А) Шығыс Қазақстан, Алтай;
- В) Маңғыстау, Үстірт;
- С) Оңтүстік Қазақстан, Сырдария;
- Д) Үстірт, Арал маңы;
- Е) Сырдарияның төменгі ағысы бойы;
- Ғ) Жетісу, Сарыарқа;
- Г) Солтүстік Қазақстан;
- Н) Тарбағатай, Жетісу.

## § 39. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер

### Сабақтың мақсаты

7.1.2.1 - дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау

### Зерттеу сұрағы

Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?

### Оқулық

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер. 141–143 беттер.

**Тірек сөздер:** Уезд, болыс, ауыл ақсақалы.

### Ресурстар

Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (Основы жизнедеятельности кочевнического общества) – Алматы-Москва: Совинвест-Горизонт, 1995

Казахи: историко-этнографические исследования. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 352 с.

Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. 392 б.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

### Көрнекілік

XIX ғасырдың 2-жартысындағы қазақ жері картасы. Өкімшілік Ережелерге қарай бөлінген облыстар, уездер картасы. Дәстүрлі қазақ ауылының келбетінен суреттер. Қазақ ауылының тарихи фотосуреттерін <http://csmrk.kz/>; e-history.kz сайттарынан алуға болады.

### Мақсатты айқындау

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы XIX ғасырдың 2 жартысындағы Өкімшілік Ережелердің енгізілуі, облыс, уезд, болыстық, ауылдар құрылуын, құрамын, көлемін түсіндіру. Дәстүрлі билік жүйесіндегі өзгерістер, көшпелі ауылдардың жайылымдық жерлерінің тарылуы, олардың байырғы мерзімдік қоныстарындағы шұрайлы жерлерді қоныстанушылар есебіне беруі туралы

айтып түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы.* Дәстүрлі қазақ ауылына деген қызығушылығын тудырып, осы тақырыпты ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеуге бет бұруға ынтасын арттыру. Дәстүрлі қазақ ауылына деген қызығушылығын тудырып, осы тақырыпты ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеуге бет бұруға ынтасын арттыру.

*Тәрбиелік маңызы.* Дәстүрлі қазақ ауылындағы қамтылып отырған кезеңдегі өзгерістерді оқи отырып, оқушыларды қазақ ауылын құрметтеуге, туған жерін сүйеге, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

### **Сабақ түрі мен әдісі.**

Тарихи танымдылық, ғылыми-танымдық. Интербелсенділік, сыни талдау, креативті ойлау.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

*Сабақты өту барысында келесідей басты назарда ұсталатын мәселелер:*

1. Әкімшілік бөліністер: облыс, уезд, болыстық, ауыл. Бір бірінен айырмашылығы.

2. Ауыл ақсақалының атқаратын міндеті.

Мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіру барысында ХІХ ғасырдың 2-ші жартысындағы уездер аймақтарының қазіргі қай облыс аймақтарына сәйкес келетіндігін айту керек.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Ауылнай, ауыл ақсалдары қандай қызметтер атқарған?
2. Болыс қалай сайланған?
3. Қауым қалай құрылды?
4. Отау үй, жаңа ауыл қалай қалыптасқан?

### **Қосымша тапсырма**

Байырғы ауыл келбетін кітапта берілген суреттерге қарап сипатта.

### **Білімін шыңдауға берілген тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

1. Ережелерге сәйкес қазақ қоғамының әкімшілік бөліну түрлерін табыңыз:

- |                           |                   |
|---------------------------|-------------------|
| А) Облыс губернаторы;     | Е) Округ;         |
| В) Уезд;                  | Ғ) Ауыл;          |
| С) Генерал губернаторлық; | Г) Шаңырақ;       |
| Д) Болыс;                 | Н) Болыс сұлтаны. |

### **Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

2. Ережелерге сәйкес қазақ қоғамының әкімшілік басқару түрлерін табыңыз:

- |                   |              |
|-------------------|--------------|
| А) Уезд бастығы;  | Е) Ауылнай;  |
| В) Сұлтан;        | Ғ) Елбасы;   |
| С) Болыс сұлтаны; | Г) Шабарман; |
| Д) Ру басы, Би;   | Н) Ат қосшы. |

## § 40-41. XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы.

### 1-сабақ. XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстандағы әлеуметтік-саяси жағдай

#### Сабақтың мақсаты:

7.4.2.1 — капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау

#### Зерттеу сұрағы

Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?

#### Оқулық

XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. 144–148 беттер.

#### Ресурстар

Халық тарих толқынында. Ғылыми серия:мақалалар жинағы.Т.І-2.Астана,2013.

Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым).Алматы, 2012.

История Казахстана. Энциклопедический справочник. Алматы, 2010.

Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы»(М.Жолдасбекұлы,Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). Астана,2001.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап.Алматы,2016

**Тірек сөздер:** Ресей сауда капиталы, урбанизация, қалалық мекендер.

#### Көрнекілік

Қазақстандағы жаңа капиталистік қатынастарды көрсететін, қалалардың сол замандағы кейпін бейнелейтін құжаттық суреттер. Оқулықтың 159-бетіндегі түз өндіруге қатысты, 160-бетіндегі Қостанайдағы диірмен туралы суреттер.

#### Мақсатты айқындау

Қазақстанда қоныс аударушылардың көбеюіне байланысты жаңа нарықтық қатынастардың пайда болғанын, осыған байланысты Қазақстанда урбанизация үдерісінің өрістеп қалалардың өркендегенін, олардың отырықшылармен көшпелілер арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру орталықтарына айналғандарын түсіндіру.

**Дамытушылық маңызы.** Ресейдің сауда капиталының отаршылдық бағыты дамытқан жаңа нарықтық қатынастардың кейінгі Қазақстан экономикасына әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан үлкен ықпал жасағанын және мұның өзі ең алдымен қалалардың өркендеуіне ықпал жасағанын түсіндіру.

**Тәрбиелік мақсаты.** 19 ғасырдағы отаршыл нарықтық экономиканы және жәрмеңкелер жұмысын сипаттау арқылы бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы нарықтық қатынастардың өркендеуіне бастау болған себептердің тамыры тереңде жатқанын оқушыларға түсіндіре отырып, олардың бүгінгі Қазақстан экономикасының даму механизміне деген құрмет сезімін туғызу.

### Сабақтың деректік материалдары

Мұғалім сабақ жоспары негізінде оқушыларды екі топқа бөліп, жұмыс жасауға жұмылдырады. Алғашқы топ қазақ ауылындағы сауда-саттықтың өркендеуі себептерін көрсетіп, сипаттамалар жазады. Екінші топ қазақ-орыс сауда байланыстарының қалалардың өркендеуіне қалай әсер еткендігін айқындайтын тезистер жасайды.

### Сабақтүрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Сабақты өту барысында келесідей басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Жаңа нарықтық қатынастардың сауда-саттықта көрініс беруі
2. Ресей сауда капиталының шалғай қазақ ауылдарына ықпалы
3. Фабрикада жасалған тауарлардың арта түсуі.
4. Қазақстан қалаларының өркендей бастауы.

### Бағалау мүмкіндігі

Мұғалімнің жоспарында көрсетілген маңызды мәселелер төңірегінде оқушыларға қысқаша қорытындылар жасалынады.

**Бағалау мүмкіндіктері** Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

**Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### Қосымша тапсырма

Оқулықтың 162-бетіндегі көрсетілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап жазып келу.



## 2-сабақ. Қазақ өлкесіндегі өнеркәсіптің даму ерекшеліктері

### Сабақтың мақсаты:

7.4.2.1 — капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау

### Зерттеу сұрағы:

Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?

**Тірек сөздер:** Көші-қон, орыс шаруалары, жатақтар, өнеркәсіп, кәсіпорын.

### Оқулық

XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстанның өлеуметтік-саяси дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. 157-162 беттер.

### Ресурстар

Халық тарих толқынында. Ғылыми серия:мақалалар жинағы.Т.І-2.Астана, 2013.

Қазақ елінің тарихы(Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым).Алматы, 2012.

История Казахстана.Энциклопедический справочник. Алматы, 2010.

Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы»(М.Жолдасбекұлы,Қ.Салғараұлы,А.Сейдімбек). Астана,2001.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап.Алматы, 2016.

### Көрнекілік

Оқулықтың 158-бетіндегі ауыл көші және қазақ ауылы туралы суреттер.

### Мақсатты айқындау

Қазақстанда қоныс аударушылардың көбеюіне байланысты жаңа нарықтық қатынастардың пайда болғанын, осыған байланысты Қазақстанда урбанизация үдерісінің өрістеп қалалардың өркендегенін, олардың отырықшылармен көшпелілер арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру орталықтарына айналғандарын түсіндіру.

**Дамытушылық маңызы.** Ресейдің сауда капиталының отаршылдық бағыты дамытқан жаңа нарықтық қатынастардың кейінгі Қазақстан экономикасына өлеуметтік-экономикалық тұрғыдан үлкен ықпал жасағанын және мұның өзі ең алдымен қалалардың өркендеуіне ықпал жасағанын түсіндіру.

**Тәрбиелік мақсаты.** 19 ғасырдағы отаршыл нарықтық экономиканы және жәрмеңкелер жұмысын сипаттау арқылы бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы нарықтық қатынастардың өркендеуіне бастау болған себептердің тамыры тереңде жатқанын оқушыларға түсіндіре отырып, олардың бүгінгі Қазақстан экономикасының даму механизміне деген құрмет сезімін туғызу.

### Сабақтың деректік материалдары

Мұғалім сабақ жоспары негізінде оқушыларды екі топқа бөліп, жұмыс жасауға жұмылдырады. Алғашқы топ қазақ ауылындағы сауда-саттықтың

өркендеуі себептерін көрсетіп, сипаттамалар жазады. Екінші топ қазақ-орыс сауда байланыстарының қалалардың өркендеуіне қалай әсер еткендігін айқындайтын тезистер жасайды.

### **Сабақтүрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында келесідей басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Жаңа нарықтық қатынастардың сауда-саттықта көрініс беруі
2. Ресей сауда капиталының шалғай қазақ ауылдарына ықпалы
3. Фабрикада жасалған тауарлардың арта түсуі.
4. Қазақстан қалаларының өркендей бастауы.

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### **Қосымша тапсырма**

Оқулықтың 162-бетіндегі көрсетілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап жазып келу.

## **§ 42. XIX ғасырдың 80—90 жылдарындағы өкімшілік-аймақтық реформалар**

**1-сабақ. «Түркістанды басқару туралы» Ереже және оның салдарлары.**

### **Сабақтың мақсаты**

Патша үкіметінің 1884 жылғы «Түркістан өлкесін басқару туралы» ережесінің мазмұны мен салдарларын таныстыру

### **Зерттеу сұрағы**

«Түркістанды басқару туралы» Ережені енгізу неліктен қажет болды?

## Оқулық

XIX ғасырдың 80—90 жылдарындағы өкімшілік-аймақтық реформалар. 148–150 бет.

## Ресурстар

История Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы, 2010.

Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы»(М.Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А.Сейдімбек). — Астана, 2001.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. - Алматы, 2016.

**Тірек сөздер:** Отар, түркістан өлкесі, ереже, комиссия.

## Көрнекілік.

«Түркістанды басқару туралы ереженің схема түрінде көрсетілген құрылымы. Жобадан үзінділер.

## Мақсатты айқындау

Оқытушы «Түркістанды басқару туралы» Ереженің мазмұнымен таныстыру барысында бұл құжаттың басты мақсаты Түркістан өлкесін орталық Ресейдің басқару жүйесіне енгізу болып табылатынын оқушыларға түсіндіреді.

**Дамытушылық маңызы.** Түркістандағы Ресей отарлауының шаруашылықтық және рухани салдарлары күні бүгінге дейін өзінің жағымсыз қорытындыларын қалдырғанын оқушыларға ұғындыру.

**Тәрбиелік маңызы.** Түркістан өлкесін Орталық Ресейден басқарудың қолға алынуы шын мәнінде осы аймақты тәуелсіздіктен айыру болып табылатынын оқушыларға айта келе оларды тәуелсіз елді құрметтеу рухында тәрбиелеу.

## Сабақтың деректік материалдары

Оқытушы «Түркістанды басқару туралы» ереженің кейбір тұстарынан үзінділер пайдаланады. Оқушылар оқулықтың 164-бетінде көрсетілген сауалдарға жауап береді.

1. Патша үкіметі өзінің Қазақстан мен Түркістанды отарлау саясатын арнайы Ережелер шығарып, заңдастыруға неліктен ұмтылды?

2. 1886 және 1891 жылдардағы өкімшілік басқарудағы өзгерістерді 1867-1868 жылдардағы реформамен салыстыра талдап, арнайы кесте құрасыңдар:

## Өкімшілік басқарудағы өзгерістер

1886 жыл	1891 жыл	1867-1868 жылдар

## Сабақ түрі мен әдісі

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Оқытушы сабақты өткізу барысында «Түркістанды басқару туралы» құжаттың деректік мазмұнымен оқушыларды таныстырудың аса маңызды екенін ұмытпауы керек.

### Бағалау мүмкіндіктері

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

## § 43. Қазақстандағы сауда қатынастарының дамуы.

### 1-сабақ. Қазақстандағы сауда қатынастарындағы өзгерістер.

#### Сабақтың мақсаты

7.4.2.2 — сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау

#### Зерттеу сұрағы

Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?

#### Оқулық

Қазақстандағы сауда қатынастарының дамуы. 151–163 беттер.

**Тірек сөздер:** тауар алмасу мен айырбас; жәрмеңкелер; тауар айналымы; несие; Қоянды (Ботовская) жәрмеңкесі.

#### Ресурстар

История Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы, 2010.

Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы» (М.Жолдасбекұлы, Қ.

Салғараұлы, А.Сейдімбек). - Астана,2001.

Қазақстан(Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. - Алматы,2016.

### **Көрнекілік**

Оқулықтың 167-бетіндегі Петропавлдағы сауда дүкенінің суреті және Қазақстаннан Моңғолияға, Шыңжаңға шекаралық аймақтар арқылы баратын керуен жолдарының картасы.

### **Мақсатты айқындау**

Ресейдің сауда капиталының Қазақстанның көптеген өңірлеріне ықпалын, қазақ-орыс сауда байланыстарының дамуындағы жәрмеңкелердің рөлінің артуын, дала мен қала халқының жаңа нарықтық негізде қатынастар жасауын көрсету.

**Дамытушылық маңызы.** Қазақстандағы жәрмеңкелердің кейінгі замандардағы қазақтарды сауда-саттық жұмысына тартудағы маңызын көрсету. Оқушылардың бүгінгі нарықтық қатынастарда орын алып отырған базар және жәрмеңкелік сауда-саттықтың табиғатын түсінулеріне көмек көрсету.

**Тәрбиелік маңызы.** Жәрмеңкелерге негізделген сауда ісінің нарықтық қатынастарды дамытудағы рөлін айқындау арқылы оқушыларды нарықтық қатынастарды құрметтеу сезіміне баулу.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

**Аралас.** Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Оқушылар төрт бөлікке бөлініп жұмыс жасайды. Олардың алғашқы тобы Қазақстанның шекаралық аймақтарынан Моңғолияға және Қытайға баратын сауда жолдарын анықтап, елді-мекендер мен қалаларды картаға түсіреді. Оқушылардың екінші тобы шет елмен сауда-саттықта қандай өнімдердің тауарға айналғанын жазып шығады. Үшінші топ Қазақстанда ішкі сауданың қалай дамығанын көрсететін фактілерді іздестіреді. Ал төртінші топ Қазақстан экономикасын дамытуда сыртқы сауданың, нақтырақ айтқанда Монғолиямен және Қытаймен сауда қатынастарының маңызын көрсететін тезистер жасайды.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

- 1.Қазақ-орыс сауда байланыстарын дамытудағы жәрмеңкелердің рөлі.
- 2.Қазақстанда ашылған алғашқы жәрмеңкелер.
3. Банк-ақша қатынастары.
4. Қоянды жәрмеңкесінің пайда болуының себептері.
5. Қоянды жәрмеңкесінің көшпелі және отырықшы халықтарды жақындатудағы рөлі.
6. Жәрмеңкенің далалық өңірдегі сауда-саттықты және экономикалық қарым-қатынастарды дамытудағы маңызы.

### Бағалау мүмкіндігі

Мұғалімнің жоспарында көрсетілген маңызды мәселелер төңірегінде оқушыларға қысқаша қорытындылар жасалынады.

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### Қосымша тапсырма

Оқулықта көрсетілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап жазып келу.

## § 44. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойдың дамуы

### Оқыту мақсаты

7.1.2.2 – қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру.

7.2.1.2 – ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау;

### Зерттеу сұрағы:

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы және отаршылдық

### Тірек сөздер

- Білім беру
- Ағарту
- Дәстүр
- Мәдениет
- Молдалар

### Оқулық

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойдың дамуы. 169—171 беттер.

## **Оқулық**

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойдың дамуы. 95-103 беттер.

## **Ресурстар**

История Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы, 2010.

Елтұтқа. Ел тарихының өйгілі тұлғалары: оқу құралы» (М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). - Астана,2001.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. - Алматы, 2016.

## **Көрнекілік**

Мұсылмандық білім беру жүйесіндегі медреселердің, мешіттердің суреттері. Слайдтардан мұсылмандық қасиетті орындардың суреттерін алу.

## **Мақсатты айқындау**

Оқытушы отаршыл әкімшілік жүйенің мұсылмандық білім беру жүйесіне жағымсыз көзқарасын және медреселердің дәстүрлі білім берудегі рөлін ашып көрсетуге баса мән береді.

*Дамытушылық маңызы.* Бүгінгі Қазақстандағы діни білім беретін оқу орындарының бастаулары XIX ғасырдың екінші жартысындағы мұсылмандық білім беру жүйесімен жалғасуы керектігін оқушыларға түсіндіреді.

*Тәрбиелік маңызы.*XIX ғасырдың екінші жартысындағы мұсылмандық білім берудегі ерекшеліктерді басшылыққа ала отырып, оқытушы мұсылмандық білім берудің қазақтың рухани тұрғыдан ұлттық тәрбие алуына зор ықпал жасағанын түсіндіре отырып, мұсылмандық білім жүйесіне деген оқушылардың құрметін арттырады.

## **Сабақтың деректік материалдары**

1.Ресей империясының білім беру жүйесімен мұсылмандық білім берудің ерекшеліктерін көрсететін кестені толтыр.

Ресей білім беру жүйесінің ерекшеліктері	Мұсылмандық білім берудің ерекшеліктері

## **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақ барысында XIX ғасырдың бірінші жартысындағы медреселердегі білім беру жүйесінің қазіргі Қазақстандағы мұсылмандық оқыту жүйесімен сабақтастығын көрсетуді әрқашан есте ұстау керек.

## **Бағалау мүмкіндігі**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын

ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

<i>Оқушы аты-жөні</i>	<i>Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы</i>	<i>Топ басшысының қойған бағасы</i>	<i>Топтық жұмысқа қатысуы</i>	<i>Тапсырмаларды орындауға қатысуы</i>	<i>Бекіту сұрақтарына жауабы</i>	<i>Қорытынды баға</i>

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

Бағалауда БББ кестесін стикер тарату арқылы жазғызу.

<i>Білемін</i>	<i>Білдім</i>	<i>Білгім келеді</i>

## **§45-46. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті**

### **1-сабақ. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті.**

#### **Сабақтың мақсаты**

7.2.1.2 – ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау;

#### **Зерттеу сұрағы**

”Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?

#### **Оқулық**

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті. 157–162 беттер.

**Тірек сөздер:** зар заман, Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Шөже Қаржаубайұлы, айтыс өнері.

#### **Ресурстар**

1. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. – Т.1-2. – Астана, 2013.

2. Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). – Алматы, 2012.

3. История Казахстана. Энциклопедический справочник. – Алматы, 2010.

4. Елтұтқа. Ел тарихының өйгілі тұлғалары: оқу құралы” (М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). – Астана, 2001.

5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан



отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. – Алматы, 2016.

### **Көрнекілік**

Дулат Бабатайұлының суреті, Шортанбай Қанайұлы суреті, Мұрат Мөңкеұлы суреті, Шөже Қаржаубайұлының, Нысанбай Жаманқұлұлының, Әбубәкір Керделі Шоқанұлының суреті

### **Мақсатты айқындау**

Мұғалім оқушыларды қазақтың батырлар жырларын және айтыскер ақындардың шығармаларын бағалауға бағыттайды.

*Дамытушылық маңызы.* Бүгінгі күндері қазақ өнерінде халыққа көрсетіліп жүрген туындыларда халықтың ауызша жырларының қалай пайдаланылғанын анықтап оқытушы оқушыларды қазақтың ауызша жыршылық өнерін бағалауға тәрбиелейді. Сонымен қатар айтыс ақындарының бұрынғы үлгілерімен қазіргі күндері қолданыстағы айтыс өнерінің тарихи сабақтасығын ұғынуларына көмектеседі.

*Тәрбиелік маңызы.* Мұғалім оқушыларды жыраулардың және айтыскер ақындардың шығармаларымен таныстыру арқылы олардың санасында қазақтың дәстүрлі өнер үлгілеріне деген ерекше құрметті және мақтаныш сезімін қалыптастыруға күш салады.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Оқытушы оқушыларға қазақ әдебиетінің ауызша шығармашылығында жырланған тарихи тұлғалар туралы жырлардан үзінділер таратып береді. Осы үзінділермен танысқаннан кейін оқушылардың бірінші тобы Исатай Тайманұлы, Бекет және Есет батырлар, Кенесары мен Наурызбай және т.б. ауызша шығармашылықта қалай жырланғанын сипаттап қысқаша эссе жазады. Оқушылардың екінші тобы айтыс өнеріне байланысты қазақ ауыз әдебиетінде қандай айтыскер ақындардың болғанын анықтап, олардың шығармашылығы туралы өз пікірлерін білдіреді. Оқушылардың үшінші тобы XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқында айтыс өнерінің қандай түрлерінің таралғандығын анықтайды.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Халық жырауларының және айтыскер ақындардың өнері туралы әңгіме-легенде оқытушы осы рухани мұралардың бүгінгі қазақ өнерінің іргетасы және рухани негізі болып табылатынын әрқашан есте ұстауы керек.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойған-бағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### Қосымша тапсырма

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

**2-сабақ. «Зар заман» әдебиет ағымы өкілдерінің саяси көзқарастары.**

### Оқыту мақсаты

7.1.2.2 — қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы:

“Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?

### Тірек сөздер:

Зар заман, Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Шөже Қаржаубайұлы.

### Оқулық

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті және тарихи жағдай

### Ресурстар

Халық тарих толқынында. Ғылыми серия:мақалалар жинағы.-Т.І-2. - Астана, 2013.

Қазақ елінің тарихы (Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы. 1943 жылғы басылым). — Алматы, 2012.

История Казахстана.Энциклопедический справочник. - Алматы, 2010.

Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы»(М.Жолдасбекұлы,Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек). — Астана, 2001.

Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап. — Алматы, 2016.

### Көрнекілік

Дулат Бабатайұлының суреті, Шортанбай Қанайұлы суреті, Мұрат Мөңкеұлының суреті, Әбубөкір Керделі Шоқанұлының суреті

### Мақсатты айқындау

Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөңкеұлының, Әбубөкір Керделі Шоқанұлының неліктен «Зар заман» ақындары қатарына

жататанын анықтап, оның халық мүддесін көздеген шығармашылығымен оқушыларды кеңімен таныстыру

*Дамытушылық маңызы.* «Зар заман» ақындары шығармаларының бүгінгі тәуелсіздік жолына түскен халқымыздың мүддесіне сәйкес шығармалар туғызғанын түсіндіру

*Тәрбиелік маңызы.* «Зар заман» ақындары шығармалары негізінде жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу

### **Сабақтың деректік материалдары**

Мұғалім сабақ жоспарына сәйкес оқушыларға «Зар заман» ақындарының негізгі шығармаларын бөліп беріп олардың мазмұндары бойынша эссе жаздырады.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Аралас. Баяндау, пікір алмасу, ой бөлісу, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологияны қолдану, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында келесідей басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. «Зар заман» ақындары
2. Дулат Бабатайұлының шығармалары және олардың маңызы
3. Шортанбай Қанайұлы шығармалары және олардың маңызы
4. Мұрат Мөңкеұлы шығармалары және олардың маңызы
5. Әбубөкір Керделі Шоқанұлының шығармалары және олардың маңызы

### **Бағалау мүмкіндіктері.**

Мұғалімнің алдын ала даярлап әкелген жоспары оқушылар жұмысын ұйымдастыруға негіз болады. Рефлексия. Кері байланыс. Де Бононың 6 қалпағы арқылы қорытындылау.

Оқушы аты-жөні	Оқушының өзінің өзіне қойған бағасы	Топ басшысының қойғанбағасы	Топтық жұмысқа қатысуы	Тапсырмаларды орындауға қатысуы	Бекіту сұрақтарына жауабы	Қорытынды баға

### **Қосымша тапсырма**

1. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.
2. Берілген жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың жұмыс дәптерлеріне әрбір сұрақтың нақты мазмұнын ашатын қысқаша тезистер жазғызу.

*Бағалауда БББ кестесін стикер тарту арқылы жазғызу.*

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### **Қосымша тапсырма**

Оқулықта көрсетілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап жазып келу.

## XIX ҒАСЫР – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

### § 47. Рухани мәдениет және отбасылық салт-дәстүрлер ерекшеліктері

#### Сабақтың мақсаты

7.2.1.1 – салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау

#### Зерттеу сұрағы

Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

#### Оқулық

Рухани мәдениет және отбасылық салт-дәстүрлер ерекшеліктері. 164–167 беттер.

**Тірек сөздер:** қонақжайлылық, шілдеhana, бесікке салу, ат қою, бата алу, асар жасау.

#### Ресурстар

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы, 2011-2014.
2. Матыжанов К. Қазақтың отбасы фольклоры. Алматы: Арыс баспасы, 2007. 332 б.
3. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар, 1996.

#### Көрнекілік

Фотослайд. Ұлттық ойындардан деректі фильмдер үзіндісі. Мектеп кітапханасының тақырыпқа сай кітап көрмесі.

#### Мақсатты айқындау

Сабақ барысында қазақ халқының үйленуге қатысты дәстүрлерімен, байырғы кезеңде құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру рәсімдерінің қалай өткендімен оқушыларды таныстыру. Ау-жар, аушадияр сияқты құз ұзату кезінде айтылған фольклорлық мұраларымыздың болғандығын айту. Сыңсу өнін қай кезде орындағанын айту. Беташар өнінің мәні мен мағынасына түсінік беру.

*Дамытушылы және тәрбиелік мақсаты.* Қазақтың ұлттық ойын түрлерін талдай отырып, оқушыларды отансүйгіштікке, алғырлыққа, ептілікке баулу. Оқушылардың ұлттық құндылықтарды құрметтеуге деген сеніміне жігер беру.

Сабақтың деректік материалдары

“Жар-жар” жырының қыз бен жігіттер тобының кезектесіп айтатын бір нұсқасын Сырдария экспедициясы кезінде XIX ғасырдың соңында Ө.Диваев Шымкент уезі, Ноғайқора болысының қазағы Еркімбек Ақынбековтан жазып алып жариялаған.

Қара насар, қара насар,  
Қара мақпал сөукеле, шашын басар, жар-жар-ау!  
Мұнда өкем қалды деп, қам жемегін, жар-жар-ау!

Жақсы болса қайын атаң орын басар, жар-жар-ау!  
Ақ қоян қашар жоталап, жар-жар-ау!  
Ақ тайлақ өсер боталап, жар-жар-ау!  
Неге мұнша жылайсың, жар-жар-ау!  
Артыңнан інің барады, апалап, жар-жар-ау!

Көне “Беташар” жыры:

“Келін келді, көріңіз, көрімдігін беріңіз!  
Беретұғын малыңның түсін айтып қойыңыз.  
Нар берсеңіз, мая бер, үстіне кілем жая бер...  
Жылқы берсең биеден, кем болмасын түйеден...  
Сиыр берсең қызылдан, шұбалаң құйрық ұзыннан.  
Қой берсең, үлкен ағынан, егіз болсын қозысы,  
Болмасын жалқы тағынан”

(Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша. Алматы: “Арыс” баспасы. 2006. 56 б.)

Деректерді оқи отырып, қазіргі кезде байырғы “тұрмыс-салт” жырлары нұсқаларының қолданыстан шыққанын, қазіргі кездегі бұл жырлардың жаңа нұсқаларының қолданыста екенін айту керек.

### Сабақ түрі мен әдісі

Диспут. Интербелсенділік, ақпараттылық. Сыни ойлау әдісі арқылы байырғы отбасылық дәстүрлер мен қазіргі кезеңдегі отбасылық дәстүрлердің арасындағы айырмашылықтарды ажырата білуін ұйымдастыру.

### Сабаққа қатысты ескертулер

Байырғы қазақ қоғамында құда түсу, үйлену мәселесі қалай шешілгендігін “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” сияқты көркем фильмдерден мысал келтіре отырып түсіндіруге болады.

### Бағалау мүмкіндігі

Оқушылар құда түсу, қалың мал, қыз ұзату, келін түсіру, беташар, ұлттық ойындар туралы өз ойлары мен көзқарастарын айтуы керек. Ау-жар, аушадияр, сыңсу, беташар жырларының мәні мен мағынасы туралы сұрап, өз ойларын еркін білдіруі керек.

### Қосымша тапсырма

Көкпар ойыны туралы деректі фильмдерді көріп, өз ойыңды айт.  
Ұлттық ойындар туралы өз сауалнамаңды құрастыр.

### Білімін шыңдауға берілген тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

1. Бесікті құрайтын бөліктерді табыңыз:

- |                  |                    |
|------------------|--------------------|
| А) Шүмек, түбек; | Е) Белағаш, бөген; |
| В) Ұық;          | Ғ) Кереге, басқұр; |
| С) Жорға, шабақ; | Г) Шаңырақ;        |
| Д) Орама, сабау; | Н) Тұтқа           |

### Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. Ертеде туыстар арасында көмек сұрау, көмек жинау, көмек көрсету түрлерін табыңыз:

- |               |                |
|---------------|----------------|
| А) Немеурін;  | Е) Жылауық;    |
| В) Сұраныс;   | Ғ) Жылу жинау; |
| С) Жылулықан; | Г) Көпшілік;   |
| Д) Жаурауық;  | Н) Асарлату.   |

### §48. Қазақ халқының ұлттық ойындары

#### Сабақтың мақсаты

7.2.1.1 — салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау

#### Зерттеу сұрағы

Зерттеу сұрағы: Неге ХІХ ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

#### Оқулық

Қазақ халқының ұлттық ойындары. 167—169 беттер.

**Тірек сөздер:** Ақсүйек; тобық жасыру; теңге алу; арқан тарту; көкпар; қыз куу.

#### Ресурстар

1. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. – Алматы: Ғылым, 2001. – 428 б.

2. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Бір-тұ-тастығы және ерекшелігі / Құрастырған С.Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.

3. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін (отбасы-лық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша. 2-том. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2006. – 416 б.

#### Көрнекілік

Қазақтың ұлттық ойындарының фотосуреттері.

#### Мақсатты айқындау

Ұлттық ойындарды оқыту арқылы оқушыларды ептілікке, шапшаңдыққа, ұтқырлыққа тәрбиелеу. Рухани мұраларға қатысты білімдер мен дағдыларды игеруге баулу.

#### Сабақтың түрі мен әдісі

Блум таксономиясы. Ізденіс және шығармашылық сабақ

#### Сабаққа қатысты ескертпелер

Мұғалім кітапта қамтылмаған ойындар туралы айтуы керек.

Асық ойындары – көнеден келе жатқан ұлттық ойын. Бағзы замандардан бері қазақ балалары өмірде кездесетін түрлі заттардан өздеріне лайық ойыншықтар жасап, ойын түрлерін молайтып отырған. Өсіресе, қой, ешкі, тау теке, тау ешкі, арқар, құлжа сяқты жануарлардың асығы мен тайынша-торпақтың томпайларынан пайдаланып көңіл көтеріп, зейін-зердені ашатын

сан алуан ойын түрлерін шығарған және тапқырлап отырған. Асық қағу, қаршу, шұбырту, ұпай, ат жарыстыру, қошқар соғыстыру, мұз ойнақ, хан ойыны, аламан хан, үш табан, бүк-шік және т.б. сондай асық ойындарының бізге жеткен түрлері.

Бұл ойындар олардың шыдамдылығын, шапшаңдығын, ептілігін, тапырлығын, табандылығын, мрттігін шыңдаан. Бұл ойынға негізінен 3-6 балаға дейін қатынасады. Шеңбер ішіне әр бала екі-үштен тіккен, тізіле қойылған асықтарды 4-5 қадам жерде тұрып сақамен дәлдей атып, тигізіп, шеңбер сыртына шығара алған ойыншы асықты ұтып ала береді. Асығын түгел ұтқызғандар ойыннан шығып отырады, көп асық ұтқаны жеңімпаз болады.

Мұғалім асық ойынына қатысты мәліметтерді бере отырып, оқушылардан ішінен асық жинауға құмартатыны кім екенін сұрайды. Балаларға асық жинауға, ойнауға кеңес береді.

**Тоғыз құмалақ.** Тоғыз ұмалаты ойлылар ойыны десе болады. Кәдімгі есепке ұрылатын бұл ойын адамның ойлау, талдау қабілетін ерекше дамытады. Сондықтан да оны «малшылар математикасы» деп орынды атайды. Тоғыз құмалақтың ерекшелігі сол, ол ешқандай құрал қажет етпейтін өте қарапайым ойын. Ойыншылар кездескен сәттерінде ойын тақтасын, отауларды оп-оңай сызып салады. Шығыс халықтарының дәстүрі бойынша, ойын оңнан сола қарай, яғни сағат тіліне қарама-қарсы жүргізіледі. Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестер қолданылады. Отаулар әріптермен белгіленді. Қазір тоғыз құмалақ елімізде кең тараған ұлттық ойындардың бірі, одан республика деңгейінде ірі жарыстар өткізіледі. Сондай-ақ бұл ойынды қазақтар ғана емес, елде тұратын өзге ұлт өкілдері де құмарта ойнайды.

Мұғалім осындай ақпаратты бере отырып, тоғызқұмалақ тақтасының суретін көрсетеді, ережесімен таныстырады.

Қазақша күрес.Барлық дәстүрлі мерекелерде ат ойындарынан басқа ежелден келе жатан тарихы бар қазақша күреске де үлкен орын беріледі. Қазақша күресте тең түсу немесе ұпай арқылы жеңу деген болмайды. Уақытқа шектеу қойылмағандықтан, палуандардың қалай да біреуі жеңетін болған. Қазаша күресте жасқа да, салмаққа да шек қойылмайды. Тәуекел еткендер өзінен жасы үлкендермен де белдесе береді, «Күш атасын танымайды» деген сөз содан қалған.Палуандарын батырдай көрген халық олар туралы өлең, жырлар қалдырған. Қазақ халқы Қажымұқан, Балуан Шолақ, Битабар сынды алыптарды туған.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Қазақтың ұлттық ойындарын топтастыр. Осы кестені толтыр

Балалар ойындары	Жастар ойындары	Ересектер ойындары

### Сөзжұмбақты шешіңіз!

- 1 – Ат үстінде екі жігіттің алысып ойнайтын ойыны
- 2 – Ғұрыптық айтыстың бір түрі
- 3 – Жастар ойынының түрі
- 4 – Асықпен байланысты қазақ жастарының ойыны
- 5 – Ер адамдар ойыны
- 6 – Топпен бөлініп ойнайтын ат ойыны

### Білімін шыңдауға берілген тест

#### Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. Қазақтың қыз қуу ойындары туралы ХІІІ ғасырда сипаттаған жиһанкездерді табыңыз:

- |                |                              |
|----------------|------------------------------|
| А) Маниах;     | Е) Виллем де Рубрук;         |
| В) Марко Поло; | Ғ) әл Мақдиси;               |
| С) Земарх;     | Г) әл Идриси;                |
| Д) Дженкинсон; | Н) Джованни Платано Карпини. |

### §49. ХІХ ғасырдағы халық ауыз әдебиетінің дамуы және хатқа түсірілуі

#### Сабақтың мақсаты.

7.2.2.1 – халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;

#### Зерттеу сұрағы

Неге ХІХ ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

#### Оқулық

ХІХ ғасырдағы халық ауыз әдебиетінің дамуы және хатқа түсірілуі. 170–171 беттер.

**Тірек сөздер:** Қазақ әдебиеті, дәстүрлі поэзия, рухани мұра, фольклор, эпос.

#### Ресурстар

1. Қазақтың халық творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 416 б.
2. Бабалар сөзі. 100 томдық. Астана, Фолиант, 2011–2014.
3. Он ғасыр жырлайды. Алматы, 2006. 408 б.
4. Бес ғасыр жырлайды. 1-2 томдар. Алматы: Жазушы, 1989.
5. Зар заман. Алматы: Жалын, 1993.
6. Махамбет. Алматы: Арыс баспасы, 2001.
7. Сүйінішәлиев Х. ХІХ ғасыр әдебиеті. Хрестоматия. Алматы: Ана тілі, 1992.
8. Қирабаев С., Мырзалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 2002.
9. Сүйінбай Аронұлы Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1990.

#### Көрнекілік

Фотослайд. ХІХ ғасыр ақын, жырауларының суреттері, ХІХ ғасырдағы тарихи оқиғалар, ұлт азаттық көтерістер картасы.



## **Мақсатты айқындау**

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті ұлт мақтанышына айналған дарынды тұлғалардың дара туындыларының сан қырлылығымен және көптігімен ерекшеленетінін, жеке поэтикалық шығармашылық туындылардың иелері халық ауыз әдебиеті дәстүрлерін жаңа туындылармен байытқанын, дәстүрлі поэзия ырғақтары XIX ғасырда дендеп енген отаршылық бұғауына қарсы күрес құралына айналғанын, ақындармен қатар, айтыс өнерінің шеберлері, әнші-сазгерлер, қисса орындаушы жыраулар дәстүрлерін жалғастырып, олардың барлығының туындысы халық өмірімен, халықтың күнделікті тұрмыс тіршілігімен байланысты өрбігенін баяндау.

*Дамытушылық маңызы.* XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өкілдері мен олардың шығармаларының желісін жеткізу, XIX ғасыр ақындарының шығармаларынан үзінділер оқу, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің хатқа түсуі, басылым болып шығуын жеткізу оқушылардың шығармашылық қабілетін одан әрі шыңдай түседі. XIX ғасыр ақындарының өлеңдерін жаттату арқылы оқушылардың ой-санасын, логикалық ойлау қабілетін арттыру.

*Тәрбиелік маңызы.* XIX ғасыр ақындарының шығармаларында отаршылдыққа күрес, сол кездегі тұрмыс-тіршіліктің тауқыметінің көрініс табуы оқушыларды, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, алғырлыққа, шапшаңдыққа, ойшылдыққа тәрбиелейді.

## **Сабақ түрі мен әдісі**

Тарихи, әдеби дискурс, дөңгелек үстел. Интербелсенділік, сауалнамалық, логикалық.

## **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер:

2. XIX ғасырдағы халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері

Мұғалім сабаққа Қазақ әдебиеті пәні мұғалімін қатыстыра “бірлескен пәнаралық байланыс” тұрғысындағы “бірлескен сабақ” етіп өткізуіне болады. Сабақтың танымдылық мақсатына орай, “XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті” атты тақырыпта кітап көрмесін ұйымдастыру керек. Алдындағы сабақтардан өзгеше болу үшін кітап көрмесін сыныпта емес, мектеп кітапханасында немесе кітапхана алдында ұйымдастыруға болады. Көрме аясында “оқырмандар конференциясы” өтсе, онда оқушылар XIX ғасыр әдебиеті өкілдері шығармаларын талдаса, сабақ жан-жақты қамтылады.

## **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. XIX ғасырдың айтыскер ақындары кімдер?
2. XIX ғасырда қазақ әдебиетінің дамуына маңызды үлес қосқан ақын, әнші сазгерлер кімдер?
3. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің идеялық бағыты қандай болды?
4. Махамбет Өтемісұлы шығармаларының ерекшелігі неде?

## **Қосымша тапсырма**

XIX ғасыр ақындарының бірінің шығармасы бойынша эссе жазыңдар.

**Білімін шыңдауға берілген тесттен 4 дұрыс жауабын тап!**

1. Суырыпсалма сөздің шебері болған айтыскерлерді табыңыз:

- |               |                |
|---------------|----------------|
| A) М.Қашқари; | Е) Біржан;     |
| B) Сүйінбай;  | Ғ) Шернияз;    |
| C) Мақдиси;   | Г) Құрманғазы; |
| D) Шөже;      | Н) Дина.       |

**Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

2. Қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан ақын, сазгерлерді көрсетіңіз:

- |                |                  |
|----------------|------------------|
| A) Біржан сал; | Е) Г.Рубрук;     |
| B) Марко Поло; | Ғ) Жаяу Мұса;    |
| C) Сегіз сері; | Г) әл Идриси;    |
| D) Дженкинсон; | Н) Балуан Шолақ; |

### **§50. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезіндегі халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері.**

**Сабақтың мақсаты**

7.2.2.1 – халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау.

**Зерттеу сұрағы**

Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

**Оқулық**

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезіндегі халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері. 171–173 беттер.

**Тірек сөздер:** Махамбет Өтемісұлы, Сүйінбай Аронұлы, Әбубәкір Кердері.

**Ресурстар**

1. Қазақтың халық творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 416 б.
2. Бабалар сөзі. 100 томдық. – Астана, Фолиант, 2011 – 2014.
3. Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 408 б.
4. Бес ғасыр жырлайды. 1-2 томдар. – Алматы: Жазушы, 1989.

**Көрнекілік**

XX ғасырдың бас кезіндегі халық ауыз әдебиеті өкілдерінің суреттерінен слайд-шоу. XX ғасырдың бас кезіндегі халық ауыз әдебиеті өкілдерінің өлеңдері жарияланған жинақтар, басылымдардың кітап көрмесі.

**Мақсатты айқындау**

Оқушылардың тарихи-әдеби танымдылығын, ойлау, талдау, сараптау қабілеттерін арттыру.

Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Нысанбай Жаманқұлұлы, Сүйінбай Аронұлы, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Қашаубай жырау шығармаларының өзегі болған

тарихи оқиғалар мен қоғамда орын алған оқиғаларды XIX ғасырдағы қазақ әдебиетімен байланыстыра баяндау.

Қазақ әдеби шығармашылығының ертеден, атадан балаға мұра болып келе жатқан түрі – ақындар айтысында суырып салма сөздің шебері айтыскерлер де күнделікті тұрмыс аясындағы тірлікпен заманның ащы шындықтарын ортаға салып отырғанын, Жанақ, Шөже, Шортанбай, Орынбай, Түбек, Сүйінбай, Шернияз, Біржан, Бақтыбай, Сара, Ырысжан, Ұлбике, Тәрбие, Ақбала айтыскер ақындардың есімдері сөз тапқырлықтарымен, айтыстағы шешендік өнерлерімен халық арасында даңққа бөленгенін жеткізу.

*Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер:*

1. Махамбет Өтемісұлы шығармаларының негізгі арқауы болған оқиғалар

3. XIX ғасыр ақындарының патша үкіметінің отаршылық саясатына наразылық білдірген шығармалары.

### **Сабақтың деректік материалдары**

XIX ғасыр жорық ақындарының шығармалары: Мысалы

Шортанбай Қанайұлы (1819–1881) “Алдаушы жалған” дастанында отаршылдарға қарсы сөз арнаған:

”Пітіне толды осылай,  
Момын жатқан еліме,  
Көр түскендей бұзылды  
Дария шалқар көліме.  
Осы күнде заманың  
Осылайша болып тұр!”

Шортанбай ақын тәуелсіздігінен айырылған халық тағдырына қатты қайғырып, өлең-жырлары арқылы елді бірлікке шақырады.

Мұрат Мөңкеұлы (1843–1906) шығармашылығы Батыс Қазақстанда болған оқиғалармен тығыз байланысты өрбіген. “Үш қиян” атты өлеңінде халықтың отарлау жағдайындағы жай-күйін жеткізеді:

”Еділді тартып алғаны,  
Етекке қолды салғаны.  
Жайықты тартып алғаны,  
Жағаға қолды салғаны.  
Ойылды тартып алғаны,  
Ойындағысының болғаны,  
Маңғыстаудың үш түбек,  
Оны-дағы алғаны.  
Үргеніш пен Бұқарға  
Арбасын сүйреп барғаны,  
Қоныстың бар ма, қалғаны?!  
Мал мен басты есептеп,  
Баланың санын алғаны.  
Аңғарсаңыз, жігіттер,  
Замананы тағы да,  
Бар қырсықтың шалғаны!”

Мұрат Мөңкеұлы отаршылдық саясат қазақтардың ежелгі жерлерін басып алып қана қоймай, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге де кесірін тигізеді деген алаңдаушылығы мен қорқынышын жасырмайды. Ол Асанқайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора, Исатай сияқты туған өлкесін қорғай алмай, арманда кеткен батырлар туралы толғанады.

*Дамытушылық маңызы:* тарихи көзқарас пен дүниетанымын кеңейтіп, есте сақтау, пікірталасқа түсе алатын қабілеттерін арттыру.

*Тәрбиелік маңызы:* тарихи дәуірлерде елін қорғаған, елін, жерін, халқын жырға қосқан тарихи тұлғалардың өмір жолдары мен еңбектері арқылы оқушыларды өз елінің тарихына, тарихи тұлғаларына деген құрметін арттыру, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

### **Сабақтың түрі мен әдісі**

Қазақ әдебиеті, қазақ тілі сабақтарымен пәнаралық байланыс. Талдау, сараптау сабақ.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер.**

Мектеп кітапханасымен бірлесіп сабақ басталмас бұрын алады-ала кітап көрмесін ұйымдастырып, сабақты “оқырмандар конференциясы” ретінде өтуге болады.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Осы кестені толтыр.

Тұлғалар	Өмір сүрген жылдары, өңірі	Шығармалары
Махамбет Өтемісұлы		
Сүйінбай Аронұлы		
Әбубәкір Кердері		

### **Білімін шыңдауға берілген тесттен 3 қате жауабын тап!**

1. Бекей Ордасындағы көтеріліс Махамбеттің осы өлеңдерінде көрініс тапты:

- A) «Желмая»; E) «Тайманның ұлы Исатай»;  
B) «Ереуіл атқа ер салмай»; F) «Қызғыш құс»;  
C) «Азау да азау дегенің»; G) «Мұнар да мұнар, мұнар күн»;  
D) «Соғыс»; H) «Аттан халқым, аттан».

### **Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

2. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы халық ауыз әдебиетінің өкілдері:

- A) М.Қашқари; E) Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы;  
B) Құрманғазы; F) Махамбет;  
C) Баймағамбет; G) әл Идриси;  
D) Сүйінбай; H) Әбубәкір Кердері.

## §51. XIX ғасырдағы қазақтың күй өнері

### Сабақтың мақсаты

7.2.2.3 – ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау

### Зерттеу сұрағы

Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

### Оқулық

XIX ғасырдағы музыка өнері. 173–175 беттер.

**Тірек сөздер:** музыка, күй, композитор.

### Ресурстар

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы, 2011–2014.

2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

### Көрнекілік

Фотослайд, XIX ғасыр өнші композиторларының суреттері

### Мақсатты айқындау

XIX ғасыр қазақ музыка өнерінің де гүлденген дәуірі болғанын, бұл кезеңде өмір сүрген қазақтың композитор, өншілері мен күйшілерінің шығармалары халықтың музыкалық классикасының негізін қалағанын, халық композиторларының барлығы дерлік хат танитын, кейбірі орыс, араб тілдерін меңгерген, өз шығармаларын жаза алатын өз заманының білімді адамдары екенін жеткізу. Осы заманғы композиторлардың шығармаларында өмір қайшылығы, тұрмыс-тіршіліктің боямасыз көрінісі, қоғам өмірінің маңызды әлеуметтік мәселелері, адамдардың күнделікті тұрмысындағы оқиғалар, махаббат, қазақ әйелдерінің қоғамдағы орны айқын бейнеленгенін жеткізу. Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Төттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы, Сарымалайдың күйлері мен өндерінің желісінде өздері өмір сүрген қоғамның тыныс-тіршілігінің көрініс тапқандығын жеткізу.

*Дамытушылық маңызы.* XIX ғасырдың күйшілерінің шығармаларымен таныстыру арқылы қазақ халқының мәдениетін, рухани мұрасын құрмет тұтуға, шығармашылық ой-саналарын арттырып, қабілеттерін шыңдауға, өнер мен білімге деген құштарлықтарын, осы тақырыпты ғылыми зерттеу жұмысына алу мақсатын дамыту.

*Тәрбиелік маңызы.* XIX ғасырдың өнші композиторлары, күйшілерінің шығармаларымен танысу оқушыларды мәдени мұрамызды, рухани байлығымызды, халық мұрасын құрметтеуге тәрбиелейді, эстетикалық талғамын “тұлғатанулық” танымын қалыптастырады.

### Сабақтың деректік материалдары

### Сабақ түрі мен әдісі

Пәнаралық байланыс. Танымдылық, ғылымилық.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Сабақты өту барысында келесідей басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. XIX ғасыр музыкасының көрнекті өкілдері.
2. XIX ғасырдағы қазақ музыкасының ерекшелігі.
3. Құрманғазы күйлерінің негізгі желісі.

Сабақты “Өн күй”, “Қазақ әдебиеті” пәндерімен “пәнаралық байланысты” сабақ ретінде ұйымдастырып, XIX ғасыр күйлері мультимедиялық қондырғылар арқылы тыңдату керек. Сабақты сұрақ жауап түрінде өткізіп, оқушылардың тақырыпқа толығымен енуін қамтамасыз ету керек.

### Бағалау мүмкіндігі

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын кесте:

### Қосымша тапсырма

XIX ғасыр күйшілерінің күйлері тыңдап, алған әсеріңмен бөліс.

Күйшілер, аты-жөні, өмір сүрген кезеңі	Шығармалары	Күй аспабы

### Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

1. Құрманғазы Сағырбайұлының күйлерін көрсетіңіз:

- |                 |                           |
|-----------------|---------------------------|
| A) «Желмая»;    | E) «Қосалқа»;             |
| B) «Кішкентай»; | F) «Желдірме»;            |
| C) «Сарыарқа»;  | G) «Кісен ашқан»;         |
| D) «Соғыс»;     | H) «Аттан халқым, аттан». |

### Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. Ықылас Дүкен ұлының күйлері:

- |                   |                   |
|-------------------|-------------------|
| A) «Жез киік»;    | E) «Қосалқа»;     |
| B) «Кішкентай»;   | F) «Желдірме»;    |
| C) «Сарыарқа»;    | G) «Кісен ашқан»; |
| D) «Жарым патша»; | H) «Бес төре».    |

### Тесттен 2 дұрыс жауабын тап!

3. Сыбызғышы Сармалайдың күйлері:

- |                   |                   |
|-------------------|-------------------|
| A) «Жез киік»;    | E) «Қосалқа»;     |
| B) «Қоңырқаз»;    | F) «Желдірме»;    |
| C) «Сарыарқа»;    | G) «Нар идірген»; |
| D) «Жарым патша»; | H) «Бес төре».    |

## §52. XIX ғасырдың қазақтың өн-саз өнері

### Сабақтың мақсаты

7.2.2.3 - ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау

## **Зерттеу сұрағы**

Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

## **Оқулық**

XIX ғасырдағы қазақтың өн-саз өнері 175–177 беттер.

**Тірек сөздер:** Өнші, рухани мұра.

## **Ресурстар**

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы, 2011-2014.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

## **Көрнекілік**

Фотослайд, XIX ғасыр өнші композиторларының суреттері.

## **Мақсатты айқындау**

XIX ғасыр композиторларының шығармаларындағы өмір қайшылығы, тұрмыс-тіршіліктің боямасыз көрінісі, қоғам өмірінің маңызды елеуметтік мәселелері, адамдардың күнделікті тұрмысындағы оқиғалар, махаббат, қазақ әйелдерінің қоғамдағы орны айқын бейнеленгенін жеткізу. Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Мұхит Мералыұлы, өндерінің желісінде өздері өмір сүрген қоғамның тыныс тіршілігінің көрініс тапқандығын жеткізу.

*Дамытушылық маңызы.* XIX ғасырдың өнші композиторларының шығармаларымен таныстыру арқылы қазақ халқының орындаушылық мәдениетін, рухани мұрасын құрмет тұтуға, шығармашылық ой-саналарын арттырып, қабілеттерін шыңдауға, өнер мен білімге деген құштарлықтарын, осы тақырыпты ғылыми зерттеу жұмысына алу мақсатын дамыту.

*Тәрбиелік маңызы.* XIX ғасырдың өнші композиторларының шығармаларымен танысу оқушыларды мәдени мұрамызды, рухани байлығымызды, халық мұрасын құрметтеуге тәрбиелейді, эстетикалық талғамын “тұлғатанулық” танымын қалыптастырады.

## **Сабақтың деректік материалдары**

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Пәнаралық байланыс. Танымдылық, ғылымилық.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында келесідей басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Біржан Сал мемориалдық кешені туралы айту.
2. Біржан Сал мен Ақын Сара айтысы туралы айту.
3. Ақан Сері туралы оқиғалар мен қызықты әңгімелер желісін қамту.

Сабақты “Өн күй”, “Қазақ әдебиеті” пәндерімен “пәнаралық байланысты” сабақ ретінде ұйымдастырып, Біржан сал, Балуан Шолақ, Ақан Сері, Жаяу

Мұсаның әні сияқты таңдаулы шығармаларды мультимедиялық қондырғылар арқылы тыңдату керек. Сабақты сұрақ жауап түрінде өткізіп, оқушылардың тақырыпқа толығымен енуін қамтамасыз ету керек.

### Бағалау мүмкіндігі

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын кесте:

XIX ғасыр өнші композиторларының аты-жөні, өмір сүрген кезеңі

Шығармалары	Орындаушылық аспабы

### Қосымша тапсырма

XIX ғасыр өнші-композиторларының әндерін тыңдап, алған әсеріңмен бөліс.

**Білімін шыңдауға берілген тесттен 4 дұрыс жауабын тап!**

1. XIX ғасырдағы қазақ сазгерлерін көрсетіңіз:

- А) Біржан сал Қожағұл ұлы;
- Б) Құрманғазы Сағырбайұлы;
- С) Ақан сері Қорамсаұлы;
- Д) Жаяу Мұса Байжанұлы;
- Е) Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы;
- Ғ) Серікқазы Байбатырұлы;
- Г) Сырым Датұлы;
- Н) Әбілғазы Бахадүр.

### §53. Қазақ халқының ұлттық музыка аспаптары

#### Сабақтың мақсаты

7.2.2.3 – ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау

#### Зерттеу сұрағы

Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?

#### Оқулық

Қазақ халқының ұлттық музыка аспаптары. 177–180 беттер.

**Тірек сөздер:** домбыра, қобыз, жетіген.

#### Ресурстар

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы, 2011–2014.

2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

#### Көрнекілік

Фотослайд. Фотоклип, Каталог, фотоальбом кітаптар. Музыкалық аспаптар.



## Мақсатты айқындау

Қазақтың музыкалық аспаптары – ғасырлар бойына ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған мәдени мұра. Оның домбыра, қобыз, сыбызғы, даңғара, үскірік, кепшік, шаңқобыз, жетіген, сырнай, бұғышақ, шың, шаңқобыз, сырнай, сазген, желбуаз, дабыл, дауылпаз, шындауыл, керней, дудыға, дүңгіршек, тоқылдақ, асатаяқ, адырна, шыртылдауық, сақпан, тайтұяқ сияқты түрлерімен, қолданыс аясымен, жасалу жолдарымен таныстыру. Музыкалық аспаптардың күрделілігі, бірегейлігімен таныстыру.

*Дамытушылық маңызы.* ХІХ ғасырдағы музыка аспаптарының түрлерімен, оның құрылымымен, қолданыс аясымен таныстыру арқылы оқушыларды өнерге баулу. Оқушылардың қазақтың музыкалық аспаптарының бірін үйреніп алуға деген құштарлық сезімін дамыту, қалыптастыру.

*Тәрбиелік маңызы.* Оқушылардың эстетикалық талғамын, логикалық ой-жүйесін қалыптастырып, шығармашылыққа баулу. Еңбекқорлыққа, патриоттыққа тәрбиелеу.

## Сабақтың деректік материалдары

Ықылас Дүкенұлы атындағы Республикалық музыкалық халық аспаптар мұражайының экспозиция мен қор материалдары негізінде халық музыка аспаптарының классификациясымен танысу (мұражай сайты).

Қазақтың ұлттық музыка аспаптарына қатысты зерттеулер мен жазбалар.

Қазақ халқының музыкалық аспаптары халық арасына таралуы ертеден басталған. Олар ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан. Қазақтың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні, әуені мен саздылығы, өзіндік орындаушылық дәстүрі бар. Халық өз өмірінде болған оқиғалар мен тіршілік тынысын, табиғат сұлулығын тебіреніп, көңілінен шыққан туындыларын музыкалық аспаптар арқылы бейнелеп берді. Күй жанрларында халықтың өткендегі өмірі мен тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, арман тілегі, туған жерге деген махаббатын толғаған.

Музыка аспаптары кептірілген қайың, шырша, емен ағаштарынан, қамыстан, сазбалшықтан, малдың терісі мен сүйегінен, мүйізінен, қылынан жасаған.

Қазақтың музыкалық аспаптары ішекті (жетіген, шертер, домбыралар, қобыз), үрмелі (қамыс және мүйіз сырнайлар, адырна, сыбызғы, ұран, керней), шалып ойнайтын (шаңқобыз) және соқпалы (даңғыра, дауылпаз, дабыл, асатаяқ) болып бөлінеді.

## Дерек:

### Домбыраның құрылысы

**Бас.** Құлақтарды отырғызу үшін жасалады да, мойынға кіріктіріле бекітіледі. Кейде тұтас ағаштан мойнымен бірге шабылады. Әдеттегі домбыралардың басы түрлі тұрпатта, міндетті түрде құлақ кіргізілетін екі немесе үш-төрт тесікті етіп жонылады.

**Құлақ.** Ішекті тартып, босату және аспапты күйге келтіру қызметін атқарады. Қатты ағаштан жасалады.

**Шайтангиек (бас тиек).** Бас пен мойын түйіскен жерде орналасқан. Ішектерді мойыннан белгілі бір қашықтықта көтеріп тұру және бір-бірінен алшақ аралықта ұстап тұру қызметін атқарады.

**Мойынғақ** (мойынбет, сызғыш деп те аталады) – перне тағу арқылы дыбыстардың орнын анықтап, дөп басып ойнауға арналған негізгі бөлшектің бірі. Иілмейтін қатты ағаштардан жонылады. Оның иілмеуі домбыра бөлшектерінің қалыптасқан өлшемдерінің ауытқымауына әсер етеді. Мойынғақ мойынның бет жағына, 5-6 мм қалыңдықта жапсырылады.

**Мойын.** Құрастырылып жасалатын домбырада бас, шанақ және қақпақ желімделіп, бекітілетін; үстіне мойынғақ жапсырылатын; перне байланатын немесе отырғызылатын бөлшек. Тұтас ағаштан шауып жасалатын домбырада шғнақпен, баспен біртұтас болады. Тартылған ішектің қысымына төтеп беретін ең жауапты бөлшек болғандықтан, бұл да қатты ағаштан жасалады.

**Шанақ.** Ішектен шыққан дыбысты қайта жаңғырту қызметін атқарады. Шанақ тұтас ағаштан шауып жасалады. Сондай-ақ бірнеше қауыншақтан (тілшеден, шанақшадан) құрастырылады.

**Қауыншақ** (немесе тілше, шанақша). Бір ұшы тұғылға, ал екінші ұшы тұғырға желімденеді. Арнайы қалыптың көмегімен құрастырылады. Бәрі дерлік бір текті қатты ағаштан жасалады. Домбыра көлеміне қарай саны да өзгеріп отырады.

**Тұғыр** (мойын-тұғыр). Шанақшалардың бір ұшын және қақпақтың жіңішке басын ұстап тұру қызметін атқарады. Мойынның жуан басы қауыншақтардың және қақпақтың бір ұшы орнығатындай етіп кертіледі.

**Тұғыл** (түйме-тұғыл). Шанақшалар мен қақпақтың төменгі ұшы желімделетін және түймені ұстап тұратын түйін ағаш.

**Қалақша** (тақтайша, тілік). Біртекті жұқа тақтайдан сүргіленіп, тегістелген қалыңдығы 2-2,5 мм болатын қақпақтың негізін құрайтын бөлшек.

**Қақпақ** (беттақтай). Ішектің тербелісін тиек арқылы қабылдап, барлық жиіліктегі дыбысты күшейту қызметін атқарады. Қақпақ қалақшалардан құрастырылады. Шанақтың ауқымына қарай қалақшалар саны да өзгеріп отырады.

**Серіппе** (кейде кергіш, белағаш дейді). Қалақшаларды біртегіс ұстап тұру және олардың мықтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ дыбыс жаңғырығын бүкіл қақпақ көлеміне тарату қызметін атқарады. Серіппелер қақпақтың астына белгілі ара қашықтықта желімделеді. Олардың орындарының ауытқуы домбыра дыбысының өзгеруіне әкеліп соғады. Серіппелердің көлемін үлкейтіп немесе кішірейту арқылы да дыбысты азайтып-көбейтуге болады. Серіппе ішектің тиек арқылы келген қысымын қабылдаушы боп есептеледі. Сондықтан оның ернеулікке нық орналасуына баса көңіл аудару керек.

**Ернеулік** (сулық, көмкерме). Шанақтың кенересін толқу немесе шытынаудан сақтау және оның қақпақпен түйіскен жиегін ұстап тұру қызметін атқарады. Ернеуліктің екі басындағы ұштары тұғыр мен тұғылға бекітіледі. Бұл домбыра шанағының мығым болуын қамтамасыз етеді. Ернеуліктегі арнаулы кертіктерге серіппелердің ұштары енгізіледі.

**Түйме** (түйін). Ішектердің бір ұшын түйме арналған. Ағаштан жасалады. Бір ұшы сүйірленіп, екінші ұшы келпектеніп жонылады. Сүйір жағы тұғылға отырғызылады.

**Кішітиек** (түйметиек). Ішек қақпақтың жиегін жарып кетпес үшін түйменің үстіңгі жағына қақпақтың шетіне орнатылады.

**Тиек** (органтиек). Ішектерді ұстап тұру және дыбыс тербелісін қақпаққа

беру қызметін атқарады. Тиек сондай-ақ ішектің іске қосылатын бөлігінің бір ұшын шектейді. Ішек қозғалмас үшін үстіңгі қыры кертіледі.

Тиекті орналастырудың да өз тәртібі бар. Қақпақтың кез-келген жеріне қоя салғанмен, әдеттегі қалыптасқан қажетті үнді алу мүмкін емес. Сағақ пен тиектің арасы 24 сантиметр, мойынның ұзындығы 48 сантиметр болуы керек.

Тиектің табаны тегіс болғаны жөн. Бұл оның қақпақ үстінде орнықты тұруын қамтамасыз етеді. Астыңғы жағы ойылып алынады. Табанының ені 5-6 мм, ал үстіңгі қыры әдетте 1 мм-ден аспайды.

**Сағақ (саға).** Мойынғақ пен қақпақтың қиысқан жеріне жапсырылатын қатты зат. Бұл соңғы перненің де рөлін атқарады.

**Ішек.** Дыбыс шығару қызметін атқарады. Бұрын тарамыстан кейде қой немесе ешкі ішектерінен ширатылып жасалатын болған.

**Перне.** Домбыра дыбыстарының ретті орны. Қазіргі домбыралардың пернелері, белгілі ноталық жүйеге түсірілген де, мойнындағы орны тұрақталған. Ондағы дыбыс қатарлары төрт бөліктен тұрады: а) басқы шен, ә) орта шен, б) бірінші саға, в) екінші саға.

**Қорған (желбезек).** Қақпақ бетін тозып, қажалудан және шытынаудан сақтайды. Қақпақтың алдыңғы жағына, оң қол саусақтарының тиетін жеріне және ойықтың айналасына, төменгі тиектің төңірегіне жасырылады. Жаңғақ, қайың, қызылағаш қабыршақтарынан жасалады. Көзге көрікті көріну үшін қорған түрлі үлгідегі ою-өрнектермен әшекейленеді.

**Ойық (тесік).** Шанақ ішінде жаңғырған дыбысты сыртқа шығару қызметін атқарады. Қақпақтың орта тұсында екі серіппенің арасынан ойылады. Жалпы Жошы ханға баласының өлгенін күймен естірткенде тиегіне қорғасын құйғаннан тесік пайда болған, көп шегі үзіліп, екі шегі қалған деген аңыз бар.

**Сыбызғы.** XVIII-XIX ғасырлардағы этнографиялық еңбектерде сыбызғы жиі ауызға алынады. Ал мұның өзі сыбызғының сол кезде халық тұрмысында кеңінен қолданылғанына дәлел. Сыбызғы жайында капитан И.Андреевтің 1795 жылы жарық көрген кітабында айтылады. XIX ғасырдың екінші жартысына шейін сыбызғының барлық жерге кең тарағаны жайында белгілі зерттеуші А.Левшиннің жазбаларында да бар. Этнограф И.Липаевтың дәлелді мәлімдеуі көңіл аударарлық. “Семей облысындағы қырғыз музыканттардың қолынан сыбызғыны көресің, – деп жазды ол. – Сыбызғы тал шыбықтан немесе басқа да сондай ағаштан жасалады. Үш жағына, тегінде сәндік үшін болса керек, терінің жұп-жұқа қыртысымен керілген жіңішке арқан жіп байланады. Түтіктің іші жақсылап ойылып, асқан шеберлікпен өңделген. Дыбыс шығаратын тесік үшеу ғана ойнаған кезде саусақтың ұшымен ашылып-жабылады”. Өткен ғасырдың аяғына қарай Қазақстанның бір қатар өңірлерінде бұл аспап тым сиреп кетеді. Сыбызғының әртүрлі облыс тұрғындарының арасында бір мезгілде емес, біртіндеп жоғалғанын этнографтардың көптеген мәліметтерінен аңғаруға болады. Мысалы, Түркістан өлкесін жете зерттеген этнограф П.Тихов былай деп мәлімдейді: “Түркістан он екі жыл тұрып сыбызғыны бір-ақ рет көре алдым, онда да тек көзім шалып қалғаны болмаса...” Бұл өлкеде сыбызғының жоғалуын ол екі түрлі себеппен байланыстырады: жергілікті жердің табиғатында сыбызғы жасайтын өсімдіктің болмауы және онда ойнаудың қиындығы. XVIII ғасырдың екінші жартысында атақты ғалым И.Лепехин өзі Орал қазақтарынан көрген бір тамаша сыбызғы жайында жазып қалдырыпты: “Ол түтікті, қалмақтар *цур*, татарлар *курай*, ал Жайық

қазақтары (бұл аспап оларда да бар) осы күнбағыс сабағын *сыбызғы* деп те атайды... Бұл аспаптың жіңішке ұшында үш ойық бар, оларды музыкант бір қолының үш саусағымен кезек пен кезек ашып-жауып тұрады, ал екінші қолымен қажет болған кезде түтіктің төменгі жағындағы сопақша ойықты жабады. Түтіктің кең аузын жоғарғы тіске тақайды да жоғарғы ерін мен тілге тигізеді. Мұндай аспапта ойнау үшін ерекше жаттығу керек: егер оны шебер күйші тартса, онда даусы шағын флейтравестінен аумай шығады”. Бұл суреттеудің біз үшін бағалығы осы, мұнда ойнау тәсілдері айтылған. Әсіресе, түтіктің төменгі ойығын ашып-жабу арқылы қосымша дыбыс шығаруға болады дегені назар аударарлық, өйткені біз мұндай тәсіл сыбызғы ойнағанда қолданылатынын білеміз. А.Гейнс сирек кездесетін құбылысты – сыбызғының сүйемелдеуімен өн салғанды көрген. Бұл жайында ол былай деп жазады: “... Қоңыр салқын кешкі мезгілде, сондай-ақ түнгі айдың жарығында уақыттарын әрдайым үй іші болып өңгіме-дүкен құрып, сауық-сайран салумен өткізеді, мұндайда олар ара-арасында өздері жақсы көретін аспап “джабьязғының” көбінесе тамылжыта салған өнмен сүйемелдейтін мұңды сазына рахаттана құлақ түреді”. (Болат Сарыбаев. Қазақтың музыкалық аспаптары. 96-99 бб.)

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Тарихи, әдеби дискурс, дөңгелек үстел. Интербелсенділік, сауалнамалық, логикалық.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Қазақ халқының ішекті музыка аспаптарының түрлері.
2. Қазақ халқының үрмелі музыкалық аспаптары.
3. Қазақ халқының соқпалы аспаптарының түрлері.

Мұғалім сабақты ғаламтор желісіне қосылған интерактивті тақта арқылы, ұлттық музыкалық аспаптардың бірегей, жақсы сақталған үлгілерімен таныстырады әрі тыңдайды. Қалалық жердегі мектеп оқушыларына сол өңірдегі сақталған музыкалық аспаптармен таныстыра отырып өткізуге және мұражай қызметкерін қысқа уақытқа шақыруға болады. Сабақ барысында ғаламтор желісіне қосылған интерактивті тақта арқылы Ықылас Дүкенұлы атындағы Республикалық музыкалық аспаптар мұражайының сайтына кіріп, мұражайда сақталған аспаптардың бірегей үлгілерімен таныстырса, сабақ қызықты өтеді. Егер оқушылар арасынан ұлттық музыкалық аспаптардың бірінде ойнайтын-дары болса, оларға ойнап беруге мүмкіндік болады.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Қазақ домбырасының құрылымының атауларын айтамыз
2. Қобыз құрылымы қандай?
3. Қазақтың музыкалық аспаптарының қазіргі кезеңдегі қолданыс аясы қандай?

### **Қосымша тапсырма**

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының түрлері мен ұлттық ерекшеліктері туралы не білеміз?

**Білімін шындауға берілген тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

1. Домбыраның бөліктерін көрсетіңіз:

- |                       |                     |
|-----------------------|---------------------|
| A) Кедір-бұдыр, сап;  | E) Қол, аяқ, тұтқа; |
| B) Құлақ, тиек;       | F) Сағақ, ойық;     |
| C) Адырна, сазсырнай; | G) Кернеу, мойын;   |
| D) Мойын, шанақ;      | H) Ішек, тиек, аяқ. |

**Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

2. Қазақ халқында қобызда ойнаған бақсыларды көрсетіңіз:

- |                     |                    |
|---------------------|--------------------|
| A) Асылхан абыз;    | E) Жұмабек бақсы;  |
| B) Дәулет бақсы;    | F) Болысбек бақсы; |
| C) Бұғыбай бақсы;   | G) Табынбай бақсы; |
| D) Сәрсенбек бақсы; | H) Соқыр абыз.     |

**Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

1. Қазақтың үрмелі аспаптарын көрсетіңіз:

- |                      |               |
|----------------------|---------------|
| A) Домбыра, даңғыра; | E) Сырнай;    |
| B) Шаңқобыз;         | F) Қобыз;     |
| C) Адырна;           | G) Сазсырнай; |
| D) Сыбызғы;          | H) Қыл қобыз. |

**Тесттен 2 дұрыс жауабын тап!**

2. Қазақтың соқпалы аспаптарын көрсетіңіз:

- |                      |               |
|----------------------|---------------|
| A) Домбыра, даңғыра; | E) Сырнай;    |
| B) Шаңқобыз;         | F) Қобыз;     |
| C) Дабыл;            | G) Сазсырнай; |
| D) Сыбызғы;          | H) Дауылпаз.  |

## **§ 54. Қазақстандағы XIX ғасырда ағарту ісі мен ғылымның дамуы**

**Сабақтың мақсаты.**

7.2.3.2 – XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру

**Зерттеу сұрағы:**

XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?

**Оқулық**

Қазақстандағы XIX ғасырда ағарту ісі мен ғылымның дамуы. 181–184 беттер.

**Тірек сөздер:** діни білім, жәдитшілдік, араб тілі, математика, биология, тарих.

**Ресурстар**

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Алматы, 2011–2014.

2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

### **Көрнекілік**

Бөкей Ордасы картасы. XIX ғасыр медреселері мен мектептерінің суреттері. Жәңгір ханның суреті. Мұхамед Салық Бабажановтың суреті және еңбектерінің суреттері немесе еңбектерінің қайта бысылымдарының өзі.

### **Мақсатты айқындау**

XIX ғасырда Қазақстан жерінде ашылған мұсылман мектептері мен медреселердің негізгі қызметі мен бағыт-бағдарларын түсіндіру. Оқу орындарында оқытылған пәндерге шолу жасау. XIX ғасырдағы жәдидшілдік қозғалысқа түсінік беру. Жәдидшілдік қозғалыстың өкілдерімен таныстыру. Жәңгір ханның оқу-ағартушылық қызметімен таныстыру. Бөкей ордасындағы мектептің тарихын білу. Бөкей ордасының рухани өмірімен танысу. Мұхамед Салық Бабажанов еңбектерімен таныстыру.

*Дамытушылық маңызы.* XIX ғасырда ашылған білім ордаларының ашылу, қызмет ету тарихын білу арқылы оқушылар Қазақстанның рухани өмірінің тарихымен танысады. Жәңгір хан, Мұхамед Салық Бабажанов сияқты тұлғалардың рухани өмірімен, ағартушылық, саяси қызметімен танысу арқылы тұлғалық қабілеттерін дамытады.

*Тәрбиелік маңызы.* Тақырыпты ашу арқылы, осы мәселені оқыту арқылы оқушылардың білімділікке құштарлығы артады.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Тұлғатану, дінтану, білім тарихын сабақтастыра отырып, дискурс ұйымдастыра отырып оқыту. Тарихи сараптау.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Діни білім беру және жәдитшілдік.
2. Жәңгірдің ағартушылық қызметі.
3. Сабақ барысында оқушылар медресе, мұсылман мектептерінің айырмашылықтары мен бағыт-бағдарына сұрақ-жауап негізінде талдау жасап отырады. Жәңгір ханның қоғамның рухани дамуына қосқан үлесіне баға беруді өз ойларымен жеткізуді ұйымдастыру керек.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Бағалау мүмкіндігі барысында мұғалім Батыс Қазақстан облысындағы Жәңгір ханның тарихи-этнографиялық мұражайы туралы айтып өту керек. Мұхамед Салық Бабажановтың мектеп кітапханасында сақталған еңбегі болса оқушыларға көрсету керек. Бағалауды осы танымдар аясында жүзеге асыруға болады.

### **Қосымша тапсырма**

Өз өңірлеріндегі мектеп, медреселердің даму тарихы туралы іздену.

### **Білімін шыңдауға берілген тесттен 4 дұрыс жауабын тап!**

1. Жәдидшілдіктің ірі өкілдері:

А) М.Шоқай;

Е) Ш.Қосшығұлұлы;

- В) Ф.Ходжаев;
- С) М.Бехбуди;
- Д) А.Ибрагимов;

- Ғ) Ш.Маржани;
- Г) А.Жәнтөрин;
- Н) И.Гаспралы.

### Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. Мұхамед Салық Бабажанов мақала жариялап тұрған басылымдар:
- А) «Известия»;
  - Б) «Свободная речь»;
  - С) «Этнографиялық жинақтар»;
  - Д) «Русский инвалид»;
  - Е) «Туркестанский край»;
  - Ғ) «Сибирский листок»;
  - Г) «Жазбалар»;
  - Н) «География».

## §55. Ғылыми мекемелер мен ұйымдардың дамуы

### Сабақтың мақсаты

7.2.3.2 –XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру.

### Зерттеу сұрағы

XIX ғасырда Қазақстанда оқу ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?

### Оқулық

Ғылыми мекемелер мен ұйымдардың дамуы. 184—187 беттер.

**Тірек сөздер:** саяхатшылар, ғалымдар, экспедиция, баспасөз.

### Ресурстар

### Көрнекілік

Кесте, сызба, суреттер. Мұғалім XIX ғасырда қазақ жерін зерттеген зерттеушілер, саяхатшылар, суретшілер суреттерін көрсету керек. Ғаламтор желісінен, ғылыми фотокаталогтардан алынған XIX ғасырда түсірілген фотосуреттерді көрсету керек.

### Мақсатты айқындау

Оқушыларды іздемпаздыққа, алғырлыққа, білім құмарлыққа баулу.

*Дамытушылық маңызы:* оқушылардың ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығын оята отырып, шығармашылық қабілетін арттыру.

*Тәрбиелік маңызы:* туған жерінің тарихын, өлке тарихын зерттеуге деген қызығушылықтарын оята отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

### Сабақтың түрі мен әдісі

Блум таксономиясы. Сараптау, талдау, дискурс сабағы.

### Сабаққа қатысты ескертпелер

Оқулықтағы сабақ мәтінінде кездесетін сөздерге байланысты түсініктеме беріп отыру керек. Географиялық, статистикалық, этнографиялық, жаратылыстану бағыттарына байланысты зерттеулердің маңызын ашып айту керек. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық Музейінің 1930 жылдары Орынборда құрылғандығын, Жәңгір ханның қару-жарақ палатасы деп аталған көрме музейінің болғанын айтып кету керек. XIX ғасырда түсірілген

фотосуреттермен таныстыратын <http://csmrk.kz/>; e-history.kz сайттарынан алынған мәліметтерді ұсынуға болады.

### Бағалау мүмкіндігі

Кестелермен жұмыс арқылы білімін бекіту және бағалау

Кесте-1

Ғылыми ұйымдар мен мекемелер атаулары	Зерттеу бағыттары	Өкілдері

Кесте-2

Зерттеушілер аты –жөні, кезеңі	Атқарған қызметтері	Еңбектері, зерттеу нысандары

Кесте-3

Баспасөз құралдары	Атаулары	Жарияланған жылдары

### Білімін шыңдауға берілген Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

1. Қазақтардың тарихи-мәдени мұрасын зерттеп, қағаз бетіне түсірген тұлғалар:

- |                  |                   |
|------------------|-------------------|
| А) Ө.Науаи;      | Е) Ш.Қосшығұлұлы; |
| В) А.Розыбакиев; | Ғ) Н.Н.Карамзин;  |
| С) И.А.Қастанье; | Г) А.Жәнтөрин;    |
| Д) А.Ибрагимов;  | Н) Ө.Диваев.      |

### Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. 1870-1917 жылдары жариялап тұрған басылымдарды көрсетіңіз:

- |                                   |                                       |
|-----------------------------------|---------------------------------------|
| А) «Туркестанские ведомости»;     | Е) «Туркестанский край»;              |
| В) «Свободная речь»;              | Ғ) «Сибирский листок»;                |
| С) «Түркістан уәлаятының газеті»; | Г) «Дала уәлаятының газеті»;          |
| Д) «Русский инвалид»;             | Н) «Акмолинские областные ведомости». |

### Қосымша тапсырма

«Экспедиция» тақырыбына өз жоспарыңды жасап көр, бізді таныстыр және жоспарыңды қорға!

### § 56. Шоқан Уәлиханов — дарынды ғалым

#### Сабақтың мақсаты

7.2.3.1 – Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау



## **Зерттеу сұрағы**

Неге С.Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын “Аққан жұлдыз” деп атады?

## **Оқулық**

Шоқан Уәлиханов – дарынды ғалым. 188–191 беттер.

**Тірек сөздер:** кадет корпусы, зерттеуші, шығыстану, саяхатшы, экспедиция.

## **Ресурстар**

Шоқан Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1985.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

## **Көрнекілік**

Фотослайд, Шоқан Уәлихановтың шығармалар жинағы, Шоқан Уәлиханов туралы көркемфильмдер дискісі, Шоқан Уәлихановтың “Алтын емелдегі” мемориалдық мұражай сайтына интерактивті тақтаға ғаламтор желісі арқылы қосылу, мұражай сайты электронды көрнекілікті қамтамасыз етеді.

## **Мақсатты айқындау**

Қазақтың тұңғыш ғалымы, тарихшы, публицист, лингвист, өнер зерттеуші, дін зерттеуші, археолог, этнограф, саяхатшы, демократ-ағартушы Шоқан Уәлихановтың өмір жолы мен шығармашылығын, ғылыми мұраларын оқушылардың санасына сіңіру. Шоқан Уәлихановтың 12 жасына дейін Құсмұрындағы жеке мектептен білім алып, діни сауат ашып, шығыс поэзиясын оқумен, сурет салумен шұғылданғанын, шығыс поэзиясына деген ерекше сүйіспеншілігі осы мектеп қабырғасынан қалыптасқанын, әсіресе араб өлеңдерін сүйіп оқығанын айта отырып, оның білім мен ғылым жолындағы ізденісінің Кадет корпусында, одан әскери қызметті қоса атқарып жүріп жалғастырғанын жеткізу. Шоқан Уәлихановтың ерекше зеректік қабілеті оның тез есеюіне, жан-жақты болуына әсер еткенін, ұстаздарының оның зерттеуші-шығыстанушы болатынына күмән келтірмегенін оқушыларға жеткізу.

*Дамытушылық маңызы.* Шоқан Уәлихановтың Кадет корпусындағы ғылыми-ізденіс шығаршылығының дамуын қамту: географ, Орта Азияны зерттеуге ерекше құмартқан белгілі ғалым Г.Н.Потанинмен ғылыми-зерттеушілік көзқарастары бір арнаға тоғысып жатқан достар болуы; Омбыда жүріп Шоқан тарихи-географиялық, философиялық, шығыстану туралы әдебиеттерден өзіне жеке кітапхана жинауы; Омбыда оқып жүріп орыс зиялыларымен, зерттеушілерімен танысып, пікір алмасуы оның ғылыми-зерттеушілік құштарлығының артуына көп әсер етуі; Шоқанның өз ойын асқан шеберлікпен тартымды жеткізе білуі; Шоқанның орыс жазушысы Ф.М. Достоевскиймен және оның досы, патша самодержавиесіне қарсы күрескен революционер-демократ С.Ф.Дуровпен кездесуі рухани дамуына ерекше әсер еткенін, олармен үзбей байланыста болуы; Шоқанның әскери қызметпен ғылыми ізденістерін қатар алып жүруі; рухани достары А.Н.Майков, В.С.Курочкин, К.К.Гутковский, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, А.Н.Бекетов,

Е.П.Ковалевский, В.В.Григорьев, В.П.Васильев, В.В.Вельяминов-Зернов, А.Н.Майков, Я.П.Полонский, Василий мен Николай Курочкиндермен байланысы; Шоқан Уәлихановтың “Ыстықкөл”, “Қашқар” экспедицияларының бағыттары; ғылыми еңбектері т.б. мәселелерді белгіленген кесімді уақытта қамтуды жүзеге асыру.

*Тәрбиелік маңызы.* Шоқан Уәлихановтың өнегелі өмір жолы мен еңбектері арқылы оқушыларды патриоттыққа, төзімділікке, қажырлылыққа, еңбек-қорлыққа, ізденімпаздыққа, білімпаздыққа баулу. Шоқан Уәлихановты “ұлттық тұлға” ретінде таныту.

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Тұлғатану. Дөңгелек үстел (мұғалім–модератор, оқушылар–қатысушылар).  
Дискурс, ақпараттылық, ғылымилылық.

### **Сабақтың деректік материалдары**

#### **Шоқан Уәлиханов туралы замандастарының естеліктері**

*Н.И.Веселовский. Аққан жұлдыз*

Қырғыз хандарының ұрпағы және орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану көгіненқұйрықты жұлдыздай ағып өтті. Орыс шығыстанушылары оны бір ауыздан ерекше құбылыс деп мойындап, болашақта түркі халықтарының тағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар ашады деп үміттенген еді, бірақ Шоқанның мезгілсіз дүние салуы бізді бұл үміттен айырып отыр. Ол 30-ға да толмастан өкпе ауруынан қайтыс болды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт Уәлихановтың айрықша қабілетті екенін байқап, оның ғылыммен айналысуына барынша жағдай жасады және ғылым өлеміне тамаша нәтиже әкелген Қашғар сапарына баруына жәрдемдесті. Уәлиханов Қашғардан оралған кезде Гасфорт сапардың есебін реттеуге өзі қатысып, кейіннен Уәлихановқа Петерборға барып келуіне жағдай жасады. Қашғар сапары туралы жазбалар осы тамаша адамның негізгі айтулы еңбегін құрайды; қалған мақалаларының басым көпшілігі толық аяқталмаған немесе кіріспе күйінде қалған және бұл мақалалардың дені қолжазба емес, өзгелердің көшірмесі ретінде сақталған. Қолжазбаны көшіруші өз тапсырмасын мүлтіксіз орындады деуге келмейді, Уәлихановтың жазуы өте түсініксіз болғандықтан, қайталап көшірген. Сол бос қалған жерлер көп немесе сөздердің мағынасы бұрмаланған, ал автор неге екені белгісіз, түзетулер жасамаған. Дегенмен де Уәлихановтың барлық ізденістерінің маңызы соншалық, Орыс географиялық зерттеу қоғамы 1867 жылдың 24 сәуірі күнгі мәжілісінде Ш.Ш.Уәлихановтың соңында қалған барлық мұраларын басып шығаруды ұйғарды. Бұл шешім сол кезде жүзеге аспай, Уәлихановтың өңделуге тиіс біраз мақалалары өркімнің қолында кетті. Мәселен, В.В. Григорьевтің қағаздарының арасынан, мен Шоқанның екі дәптерін таптым, біреуі–Едіге туралы қырғыз аңызы, екіншісі–оның ықшамдалған орысша аудармасы.

1887 жылы Г.Н. Потанин Уәлиханов шығармаларын басып шығару туралы мәселені қайта көтерді және дала генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский баспаға қажетті қаржы жайын қарастыруға келісім берді. Бірақ Колпаковский көп кешікпей Петерборға қызметке ауысып, бұл мәселе тағы тоқтап қалды. Сол кезде Г.Н. Потанин менен Уәлихановтың жарық көруге тиіс жинағына

редакция жасауымды және баспагер табуымды өтінді. Өз жұмысым қиын болса да, бұл істің жеңіл еместігіне қарамастан, Шоқан Уәлиханов аруағының ризалығы үшін және шығыстануға үлес болсын деп бас тартпай, оның жазбаларын қарап шығуға келістім. Бұл жұмыс мен ойлағаннан да күрделі болып шықты. Өкінішке қарай, Г.Н. Потанин маған түпнұсқамен салыстырылмаған көшірмені беріпті, ал олардың біразының түпнұсқасын табу мүмкін болмады.

Кейіннен, Потанин мырза арқылы Уәлихановтың бастапқы жазбаларын алдым. Оны К.К. Гутковскийдің қызы К.К. Гутковскаядан алдым. Менің өтінішім бойынша Г.Н. Потанин мен Н.М. Ядринцев Шоқан Уәлиханов туралы естелік жазды. Сондай-ақ, менің қолыма оның отандасы, Түркістан өлкесінде қызмет еткен және 1891 жылы Ресей консулы қызметінде жүріп Джидда қаласында тырысқақ ауруынан дүние салған И.И. Ибрагимовтың естелігі түсті. Уәлихановты жақсы білетін С.Я. Капустин бұл басылымнан бөлек, оның толық өмірбаянын жазып шықпақ ойы болған, бірақ онда Уәлиханов туралы еш мағлұмат айтылмаған, кіріспе сөзбен ғана шектеліпті.

Орыс географиялық қоғамының кеңесі, менің мәлімдемемнен кейін Уәлихановтың шығармалар жинағын басуға қажет қаражатты бөлуге шешім қабылдады, солайша мен баспа ісіне кірістім. Бірақ мені өте қынжылтқан жағдай: Уәлихановтың негізгі жұмысы “1858-1859 жылдардағы Алтышар немесе Қытай провинциясы Нан-Лудың (Кіші Бұхар) алты шығыстық қаласының жағдайы туралы” деп аталатын мақаласының түпнұсқасын ала алмадым, бұл мақала қоғамның “Жазбаларында” ұқыпсыз редакцияланған, өте көп қате кеткен. Тек мақаланы теру кезінде мен Уәлихановтың Сыртқы істер министрлігі мұрағатында сақталған есебімен танысу мүмкіндігіне ие болдым. Есеп көшірмеші қолымен жазылған, кей жерлеріне Уәлиханов өзі түзету енгізген.

Бұл мәтіннің осы томдағы барлық күмәнді тұстарын мен бөлек орналастырдым (398-403 бб.), қалған қосымшалар өзгеріссіз берілді. Бұл ғасырдағы Шығыс Түркістан туралы біздің мағлұматтарымыз негізінен ол жаққа барып келген сібірлік көпестер арқылы жиналды. Осы саладағы ең тамаша еңбек біздің казак корпусында қызмет еткен қырғыз сұлтаны Уәлихановтың еңбегі болып табылады. 50-жылдардың басында ол Шығыс Түркістанға саудагер ретінде барып біраз қолжазба жинады. Ол Шығыс Түркістан болып саналатын Жоңғария мен Алтышардың (Алты қала) сипаттамасын жасады. Бұл еңбек 1861 жылы жарық көрген “Географиялық қоғам жазбаларында” жарияланған.

### *А.Н. Пыпин. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы*

Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны өте қызықты құбылыс–азиялық және еуропалық қасиеттердің қосындысы. ...Ол кезінде өз әкесі білім алған, қырқыншы жылдары казак әскери училищесінен кадет корпусы болып өзгертілген Омбы кадет корпусында оқыды. Шоқан бір ауыз орысша білмей корпусқа түсіп, 1853 жылы офицер болып шықты (өз қатарластарынан бір жыл ерте бітірді, себебі басқа ұлт өкілі болғандықтан арнаулы әскери ғылымдарды тыңдауға құқы болмады).

Ол сол кездегі Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфортқа адъютант болып тағайындалды. Шоқанның дамуына ең алдымен оның өз табиғи дарыны себеп

болса, екінші жағынан Омбы қоғамының біраз білімді адамдарының оған өзге ұлт өкілі ретінде ықыласы әсер етті. Гутковскийлер, Капустиндер, марқұм С.Я. Капустин оның ең жақын достары болды. Гутковский губернатордың жолдасы, Сібір қазақтары облысының меңгерушісі болған кезде, Шоқанмен арасы жақындай түсіп, оған қырғыздарды басқару туралы жазба дайындауды тапсырды.

Сол жылдары Батыс Сібір өлкесін аралаған П.П. Семенов Шоқанға қызығушылық танытып, оны ерекше тұлға деп таныды, оның білімділігіне және Түркістан туралы әдебиеттерді көп оқығанына таңғалды. Уәлиханов қазанамасында айтылғандай (П.П. Семеновтың мәліметтеріне сүйене жазылған), 1858 жылы (Шығыс Түркістандағы үзіліссіз толқулар мен көтерілістер себебінен Батыс Сібір басшылығы) “Қашқар жағдайы туралы жергілікті жерден нанымды мағлұматтар алу үшін және бұл өзі әбден қолдан келетін, мүмкіндігінше жан-жақты зерттеп, біліп келетін, Орталық Азияның осы бөліктеріндегі сауда жолдарын зерттеу үшін сенімді адамды аттандыру қажет болды. Тапсырма өте қауіпті болды, оны орындайтын адам батыл шешімді, көреген, байқағыш, сонымен қоса татар тілі мен шығыстық салт-дәстүрді білуі керек болды, себебі азиялық киіммен жүру керек еді”. Бұл шарттарға Уәлихановтан артық сай келетін адам табу қиын еді. 1858 жылдың маусымында ол семейлік бай сарт көпестің керуенімен ертеректе Қашқарда өмір сүріп, кейіннен Ресейге қоныс аударған отбасынан шыққан жас сарт саудагер ретінде Әлім деген атпен аттанды. Уәлиханов шашын тақырлап алғызып, азиялықша киініп, Семейден керуенмен шықты. Керуен Қашқарға аман-сау жетті, ал 1859 жылдың көктемінде қазіргі Верный қаласына оралды. Қазанамадан: “Бұл саяхат географиялық ерлік болды. Марко Поло заманынан бері осы қалада өлтірілген бақытсыз Адольф Шлагинтвейтті айтпағанда, Қашқарға бірде-бір еуропалық кіре алған жоқ”—деп оқимыз. Шоқанды өзі атын алған Әлімнің туыстары қарсы алып, оған қуанып, оның оралу құрметіне той жасалып, сұлу қалыңдық тауып (жергілікті салт бойынша қалада тұрған кезде) Шоқанды үйлендірді.

Қашқар өлкесі бұл кезеңде енді ғана төңкерісті бастан өткерген болатын, оны жасаған көтерілісші Якуб бек еді, сондықтан өрттің жалыны әлі басыла қоймаған. Уәлиханов Қашқар алаңынан адамның бас сүйегінен тұрғызылған пирамиданы көрді, тұрғындар солардың арасында Шлагинтвейттің да басы бар десті. Қашқардағы билік басындағылар Әлім атын жамылған орыс офицері жасырынып жүр деген хабар алды, бірақ ол тым кеш жетті: керуен Ресейге оралып үлгерген еді. Қашқардан қуғыншылар жіберіліп, алайда олар керуенді қуып жете алмады, ол орыс шекарасынан өтіп кетті.

Шамасы кадет корпусының тас қабырғасындағы өмірден бастап Шоқанның денсаулығына зиян келген болар. Оны әр жаз сайын туған жеріне жіберіп тұрғанымен, бірақ бұл сапарлардан жинаған күш-қуат қыс бойы жоғалтқан денсаулығын қалпына келтіре алмады. Қашқар сапары аяқталғаннан кейін оны Петерборға шақырды, бірақ астананың ауа райы мен өмірі оның денсаулығын одан әрі төмендетті: одан өкпе ауруының белгісі табылып, дәрігерлер келесі жылы туған даласына қайтуға кеңес берді. Бұдан кейін ол қырда өмір сүрді (Жөкшетау округінде), қыста Омбыға барып тұрды. Генерал Черняев Ташкентке алғашқы экспедиция шығарған кезде, Уәлиханов бұл

сапарға шақырылды, бірақ әскери жорықтарға төзбей және генерал Черняевпен іс жүргізу барысында келіспеушіліктер туып Верныйға оралды. Оның дерті меңдеп, 1864 жылы 31 жасында дүние салды.

Уәлихановтың баспа бетінде жарық көрген жазбалары санаулы ғана, олар Географиялық қоғамның басылымдарында жарияланды: “Жоңғария очерктері” (“Жазбалар”, 1861 ж., I II кітап), “1858-1859 жылдардағы Алтышар немесе Қытай провинциясы Нан-Лудың (Кіші Бұхара) алты шығыстық қаласының жағдайы туралы” (сонда, III кітап), 1868 жылғы “Географиялық қоғам хабаршысында” (IV т. 2 бөлім) Уәлихановтың Қашқарға сапары туралы хабарландыру басылған.

Бірақ Уәлиханов жинаған мағлұматтардың бәрі басылған жоқ. Оның қолжазбалары із-түссіз жоғалып кетті. “Орта Азия тарихы, этнографиясы және географиясы жайлы материал жинау үшін Уәлиханов ешнәрседен аянбады, – делінген қазанамада, – өз халқының аңыз, өңгіме, поэма, қисса-дастандарын мұқият жазып алды, өміріне қауіп төнгеніне қарамастан, ескі жәдігерлерді сатып алып, көне қолжазбаларды жинады... Уәлиханов өз еліне терең адалдығын сақтады, ол қазақ өмірін сүйді, сонымен бірге батыс өркениетін бағалай алды, өз халқының болашағын тек Ресей қанатының астынан көрді”. Уәлихановты жақсы білетін адамдар оның ақыл-ойының келістігі және бағыт-бағдары жағынан орыс батысшылы болғандығын айтады: Ол Ресейді шын жақсы көрді, оның кемшіліктерін көре білді, жақсы адамдармен бірге оның жаңаруын шын жүректен тіледі. Шоқан алпысыншы жылдардағы қозғалысқа қызығушылық танытты. Діни тұрғыдан алғанда ол еркін ойшыл болды, бірақ өз халқымен байланысын үзбес үшін мұсылман болып қалды.

### *П.И. Небольсин. “Ш. Уәлиханов Петерборда”*

Көп ұлысты Петерборда, бізде жарияланған діни-сенім бостандығының көрінісіндей басқа сенімдегі бірнеше шіркеу орын тепкен Невский даңғылы бар, Петерборда қырғыздар сирек; мұнда олар бар-жоғы бес адам ғана болар. Олар жалпы еуропалық әскери киім киіп жүреді және біреуінен басқасының назар аударатындай ешбір ерекшелігі жоқ. Бұл біреу – әлі өте жас атты әскер офицері, шамасы, шені бойынша штаб-капитан, Әулие Владимир орденінің иегері, шығу тегі бойынша сұлтан, аты Шоқан, әкесінің аты Шыңғыс, фамилиясы Уәлиханов (атасы хан Уәли, тегі – сұлтан). Уәлиханов Сібір қазақтарына жатады, ол Қашқарға саяхат жасап, осы қыста Географиялық қоғамның бір мәжілісінде жеке эрудиция мен шынайы ізгіліктерге толы баяндама жасады.

### *И.В. Мушкетов. “Шоқан Уәлиханов және оның геологиялық коллекциясы”*

1858 және 1859 жылдары Шоқан Уәлиханов көпес ретінде сауда керуеніне еріп алғаш рет Верный қаласы мен Ыстықкөлден Зәукі асуы арқылы Тянь-Шаньның барлық жоталарын кесіп өтіп, Шатыркөл көлінен асып Қашқарға барды. Уәлиханов мырза өз саяхатының барлық нәтижелерін жариялап үлгермеді; ол тек маңызды ғылыми мәні бар, автордың сирек кездесетін байқампаздығы мен мол білімін танытатын бірнеше мақалаларын жарыққа шығарды; ...Ол жергілікті халықтардың тілін жақсы білді, сондықтан

жергілікті халықтардан әртүрлі және толық мағлұматтарды одан артық ешкім жинай алмайтын еді, егер де ол Қашқардан қайтып келген соң көп ұзамай қайтыс болмағанда оның еңбектерінің нәтижелері тіпті жемісті болар еді. Оның бірнеше мақалалары бар, ең соңғысын ол қайтыс болғаннан кейін 10 жылдай уақыт өткен соң П.П. Семенов жариялады. Олардың алғашқылары география саласында емес, тарих жайлы, сондықтан маңызды болғанымен де біз оларға тоқталмаймыз, тек атап өтерлігі, Зәуки немесе Жәуки арқылы Тянь-Шань асуларынан көлденеңнен кесіп өтіп, Семенов жолын жалғастыра келе, ол “жолда кездескен тау жыныстарының коллекциясын жасап, сондай-ақ Яркент маңындағы Мирджай тауларында және Қарақас өзенінде алынатын нефрит бөліктерінің, болорлық яшманың, мәрмарды, хрусталды, Керия өзенінің құмды алтынын жинады”. Өкінішке қарай, бұл сирек кездесетін коллекция сарапталмай жатып жоғалып кетті, қалай болса да, мен қанша іздесем де, оны таппадым. Алтышарды сипаттағанда Уәлиханов мырза әртүрлі минералды заттардың бар екенін қысқаша айтып өтеді, олар аз зерттелгенімен, Керия ауылында алтынның көп мөлшерде жуылып алынатыны соншалық, тұрғындар салықты (Қытайға) осы металмен төлеп, оны жеке адамдарға сата алады. Хотаннан сарайға жыл сайын 80 ланға дейін алтын жөнелтіледі. Бірақ алтынның көп мөлшері лазурит, феруза, лағылмен бірге Памир, Қаратегін және Болорда өндіріледі.

*П.П. Семенов Тянь-Шаньский, А.А. Достоевский. “Ш.Ш. Уәлихановтың Қашқарға жасаған саяхатының маңызы жайлы”.*

Тянь-Шаньның бізге таяу орналасқан бөліктерін зерттеуге жол ашылды. 1858 жылдың өзінде орыс офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов ...Зәуки асуы арқылы Ташкентке өтіп, ол жақтан көптеген қызықты ғылыми этнографиялық және статистикалық мағлұматтар жинап келді. Петерборға келген соң П.П. Семеновтың жетекшілігімен оларды өңдеуге кіріскен еді, бірақ сырқат және мезгілсіз ажал оның қызықты ғылыми жұмыстарын тоқтатып тастады. ...Ол Омбы кадет корпусында тәрбиеленді және офицер болғаннан соң ерекше дарынымен П.П. Семеновтың назарын аударды. Олар 1856-1857 жылы Сібірде танысты. П.П. Семенов генерал-губернатор Г.Х. Гасфортқа Қашқарға өз ұлттық қырғыз киімімен сапар шегіп, ерекше дарыны арқасында Ресей үшін өте қажет Қашқар ғана емес, тұтас Алтышар туралы мәліметтерді жинап, орыс шекараларын мазасыздандырған Шығыс Түркістанда болып жатқан төңкерістің себебін түсіндіре алатын жалғыз сауатты офицер Ш.Ш. Уәлиханов екені жайлы кеңес берді. Мұндай қажетті мәліметтердің бағдарламасын П.П. Семеновпен бірге қырғыз даласын жетік білетін полковник К.К. Гутковский құрды. Сібір әскери округының қолбасшысы Г.Х. Гасфорт Шоқан Уәлихановты сәті түскен кезде Қашқарға жолсапарға аттандырып, ол (керуенбасының туысы ретінде) Зәуки асуы арқылы 1858 жылы көпес керуеніне ілесіп, аман-есен жетті.

Ол жерде Шоқан Уәлиханов жалпы Алтышар туралы аса құнды мәліметтерді жинап үлгерді және алғаш рет Адольф Шлагинтвейттің қазасының себептері мен құпиясын аша алды. Шлагинтвейт Қашқарға келген кезінде, сорына қарай, Шығыс Түркістанның қожайыны болып халық көтерілісін ұйымдастырған,

қанышер қожа Уәлихан төре таққа отырады. Қытай әскерлерінің қысымында қалған қашқарлықтар ференгтің (шетелдік) келгеніне қуанып, ол (Шлагинтвейт) қорғанысқа кеңес бере алады деп ойлап оны Уәлихан қожаға әкеледі. Әрдайым ашулы және қан төкпей отыра алмайтын ол сол сәтте өкінішке орай, апиын ішіп еліріп отырады. Қожа Шлагинтвейттен құжаттарын көрсетуді талап етеді, ол құжаттарын тек Қоқан ханына көрсете алатынын және олар Бомбейден соған арналғанын айтқанда, ыза болған қожа ашуға булығып, жатжерлікті бірден өлім жазасына бұйырады. Жаза қаланың шетінде орындалады, Шлагинтвейтті жендеттер мешіт орналасқан жаңа алаң арқылы алып өтеді. Оқиға куәгерлері, Шоқан Уәлиханов жергілікті дәстүр бойынша әйелдікке алған Қашғар қызы да шетелдіктің бойы ұзын, жергілікті киім киген, бірақ жалаңбас, шашы ұзын болғанын айтады. Адольф Шлагинтвейттің шабылған басы Уәлихан төренің бұйрығымен жазаланғандардың бас сүйегінен орнатылған пирамиданың ең төбесіне қойылған. Бұл оқиға 1857 жылдың тамыз айында болған. Арада көп уақыт өтпей жергілікті халық пен әскер Уәлихан қожаның қанышер қылықтарын көтере алмайтынын түсінеді... Сөйтіп, Уәлихан төре Қоқанға қашты, ал қытайлықтар көтеріліс жасаған халықты қайтадан билеп-төстеп, көп адамды жазалап, қаталдық танытты. Қашғарда 5 айдай болған Шоқан Уәлиханов 1859 жылы сәуірде қызықты мәліметтермен кері қайтып, 1860 жылы Петерборға келді. Ол жерде Географиялық қоғамның мүшелігіне алынып, П.П. Семеновтың жетекшілігімен Қырғыз даласы туралы жинаған мол географиялық, этнографиялық және тарихи материалдарын өңдеуге кірісті. Бұған қоса Петербор университетінен дәріс тыңдау арқылы өз мағлұматтарын толықтыруға тырысты. Француз және неміс тілдерін меңгерген Уәлиханов Орталық Азияға қатысты нәрсенің бәрінде тамаша қабілеттілік танытты. Уәлихановтың “Жоңғария очерктері”, “Алтышардың жағдайы” атты тамаша мақалалары 1861 жылы жарық көрген “Императорлық орыс географиялық қоғамының жазбалары” жинағында жарияланды. Өкінішке орай, Уәлихановтың әлсіз денсаулығы Петербор ауа райын көтермеді; ...1865 жылы өкпе дертінен дүние салды. Оның Қашқар сапарының соңғы беттерін 1868 жылы Қоғамның “Известиясында” барон Ф.Р. Остен-Сакен басып шығарды.

*Шоқан Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1-том. Алматы, 1985.*

### **Шоқан Уәлихановтың Алтыннемелдегі тарихи-мемориалдық мұражайы**

Мемориалдық мұражай 1985 жылы, Абылай ханның ұрпағы, қазақтың көрнекті зертеушісі, этнограф, батыл саяхатшы Шоқан Уәлихановтың 150-жылдығына орай ашылған. Мұражай Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан ауылында орналасқан.

Мұражай экспозициясы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметімен байланысты бірнеше бөлімдерден тұрады. Осында Шоқанның тұлға ретінде қалыптасуына әсер еткен ХІХ ғасыр басының саяси-әлеуметтік және мәдени өмірін қайта қалпына келтіретін материалдар; Омбы кадет корпусында оқу жылдары мен жұмыс қызметінің басы, орыс зиялыларымен танысуын баяндайтын материалдар; Орталық, Орта Азия, Оңтүстік Сібір мен Қазақстанның тарихы, этнографиясын және географиясын зерттеуде елеулі із қалдырған Шоқан

Уәлихановтың ғылыми мұрасы; Петербург кезеңі, Ресейдің ғылыми және әдеби топтарымен орнатқан достық және іскерлік байланыстары жайындағы материалдар қойылған, бір бөлімі Шоқан Уәлихановтың әдебиет, суреттер мен кино кейпіне арналған.

Экспозиция Қазақстанның халық суретшісі Қ.Наурызбаев орындаған Ш.Уәлихановтың гранит мүсінінен басталады. Мұражай кіреберісінде тас мүсіндері орнатылған.

Экспозицияда Шоқанның жеке заттары – эполеттері, қаруы, ер тоқымы, ол құрған карталар мен сызбалар, қолжазбалар, саяхат пен экспедициялар барысында жасалған графикалық және көркем суреттері, халық қолданбалы өнерінің топтамалары көрсетілген. Музыкалық аспаптар Ш.Уәлихановтың қазақ аңыздары мен әндеріне деген қызығушылығы мен жылы ықыласын дәлелдейді. Қырғыз, ұйғыр, қытай ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдар, Уәлиханов саяхаттары кезінде жинаған минералдар ғалымның зерттеу қызығушылықтарын көрсетеді.

Шоқанның балалық шағы өткен Сырымбеттегі Айғаным әжесінің мекенінің, қабіріндегі жерлеу құрылысының үлгілері, қазіргі әйелдер тіккен және ғалымның атақты саяхаттарының маршрутын қайтадан көрсететін түпнұсқалық гобелен сол кездегі экспонаттарымен жарасады. Экспозицияда Ш.Уәлихановтың көзі тірісінде және қайтыс болғаннан кейін шыққан туындыларының баслымдары көрсетілген.

2013 жылы мемориалдық кешенді қайта қалпына келтіру бойынша жұмыстар аяқталды, олар екі жылдан астам уақытқа созылды. Мұражай ғимараты толығымен қайта қалпына келтірілген, желілер мен коммуникациялар ауыстырылған, жұмыс барысында сәулетшілер Рүстем Сейдалин, Бек Ыбыраев, Серік Рустамбеков құрған мұражайдың бірегей сыртқы түрі сақталған.

Қайта қалпына келтіру жұмыстары барысында экспозицияның көркем безендірілуінде өзгерістер пайда болды. Ол Мемлекеттік Эрмитаж бен КСРО (Ресей) халықтарының этнография мемлекеттік мұражайы материалдарымен толықтырылған, көптеген жаңа экспонаттар ҚР Орталық мемлекеттік мұражайынан, ҚР Ұлттық кітапханасынан, сонымен қатар Шоқан Уәлиханов ұрпақтарынан сый ретінде алынған. (<http://culturemap.kz/kk/object/memorial-nuiy-muzeiy-im-ch-valihanova-altyn-mel>)

#### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Шоқан Уәлихановтың саяхаттарының нәтижелері.
2. Шоқан Уәлихановтың шығармалары мен ғылыми зерттеулері.
3. Шоқан Уәлихановтың Петербурттағы шығармашылық өмірі.
4. Шоқан Уәлиханов салған тарихи суреттер мазмұны.
5. Шоқан Уәлихановтың шығармаларының құндылығы.

Сабақ барысында мұғалім оқушылар назарына мектеп кітапханасынан және өзінің жеке кітап қорынан Шоқан Уәлихановтың шығармаларын алып келіп, сыныпта шағын кітап көрмесін жасайды. Осы кітап көрмесіне кітаптармен бірге Шоқан Уәлихановтың сөздерінен цитаталар жазып, оны А3, А4 көлемдегі қағаздарға қалың бояумен шығарып қою кітап көрмесінің мазмұнын аша түседі. Қалалық өңірде ЖОО-ның профессор-оқытушы



құрамынан сабаққа “Шоқантану” бойынша пікір айтуға қонақ шақырса да болады. Оқушыларға Шоқан Уәлиханов туралы түсірілген көркем фильмдер мен деректі фильмдерді көруді ұсыну керек. Факультатив сабаққа таңдаулы оқушыларға “Шоқантанудан” баяндама, ғылыми жоба қорғауға тақырып беру керек. Факультатив, үйірменің қорытынды отырысында “Шоқан мен оның достарының” арасындағы диалогтан көрініс ұйымдастыруға да болады. Алтынемел аймағында тұратын мектептер осы тақырыптағы сабақты Шоқан Уәлихановтың мұражайында өтуі керек. Нәтижесінде, осы тақырыпты жүргізу әдістемесін “әдістемелік журналдарда” (“Қазақ тарихы”, “Мектептегі ғылыми жұмыс” т.б.) жариялап тәжірибемен бөлісу қажет.

#### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Шоқан Уәлихановтың ғылыми экспедицияларының бағыттары.
2. Шоқан Уәлихановтың орыс ғалымдары және ағартушылармен рухани байланысының нәтижесі неде?

#### **Қосымша тапсырма**

Шоқан Уәлиханов туралы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдерінің естеліктерімен танысып, талдау жасаңдар.

#### **Білімін шынға берілген несттен Здұрыс жауабын тап!**

1. Шоқан Уәлихановтың еңбектерін анықта:

- |                                     |                            |
|-------------------------------------|----------------------------|
| А) «Бістықкөл сапарының күнделігі»; | Е) «Дүнгендер көтерілісі»; |
| В) «Маңғыстау сапарлары»;           | Ғ) «Қырғыз өлкесі»;        |
| С) «Манас»;                         | Г) «Орынбор тарихы»;       |
| Д) «Тарихи жазбалар»;               | Н) «Дала өркениеті».       |

#### **Тесттен Здұрыс жауабын тап!**

2. Шоқан Уәлихановтың жақын достарын көрсетіңіз:

- |                               |                    |
|-------------------------------|--------------------|
| А) С.С.Тянь-Шанский;          | Е) С.С.Гросс;      |
| В) Қоңырқұлжа Құдайменді ұлы; | Ғ) В.Михаэлис;     |
| С) Ф.М.Достоевский;           | Г) К.К.Гутковский; |
| Д) Карелин;                   | Н) А.Н.Майков.     |

### **§ 57. Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ағартушы**

#### **Сабақтың мақсаты**

7.2.3.3 – Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау

#### **Зерттеу сұрағы**

Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?

#### **Оқулық**

Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ағартушы. 192–194 беттер.

**Тірек сөздер:** ағартушы, демократ, мұғалім, мектеп, ұстаз.

## Ресурстар

1. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шағармалар. Алматы: Ғылым, 1994.
2. *Сүйінішәлиев Х.* XIX ғасыр әдебиеті. Хрестоматия. Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

## Көрнекілік

Фотослайд, Ыбырай Алтынсариннің шығармалар жинағының, еңбектерінің мұқабасы түсірілген суреттер.

## Мақсатты айқындау

Ыбырай Алтынсариннің “өнегелі өмір” жолдары мен ағартушылық, шығармашылық жолдарымен, еңбектерімен, қоғам дамуында атқарған істерімен, Қазақстан тарихында алатын орнын жас ұрпаққа түсіндіру. Оқушыларға Ыбырай Алтынсариннің орыс-қазақ мектептеріне арнап жазған “Қазақ хрестоматиясы”, “Қазақтарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық” атты оқулықтарымен таныстырып, оқулықтарға орыс жазушыларының балаларға арналған шағын шығармаларымен қоса, өзінің жазған өлең, әңгімелері, еңбектерінің тәрбиелік маңызын, оның орыс-қазақ мектептері мұғалімдеріне оқулық, көмекші құрал ретінде орыс педагогтары мен жазушыларының еңбектері мен оқулықтарын аударып ұсынудағы тәжірибесін айтып жеткізу.

*Дамытушылық маңызы.* Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық қызметі, ұстаздық, ағартушылық қызметін таныстыру арқылы оқушылардың оны “Ұлттық тұлға” ретінде тануына қол жеткізу. Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін оқушыларға таныстыру, оқыту арқылы оқушылардың санасын, көзқарасын “ұлттық идеология” тұрғысынан қалыптастыру.

*Тәрбиелік маңызы.* Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық қызметі арқылы оқушыларды ұстазды құрмет тұтуға, еңбектерін оқыту арқылы үлкенді сыйлауға, жамандық пен жақсылықты, сараңдық пен жомарттықты, шындық пен жалғандықты ажырата білуге, ой-санасын қалыптастыра білуге, өзін-өзі тәрбиелей білуге, өзін-өзі тани білуіне тәрбиелеу.

## Сабақтың деректік материалдары

“Аш қасқырдың қойға ұмтылғаны сияқты, мен балаларды оқытуға қызу кірістім және мені өте қанағаттандыратыны – бұл балалар әлдеқандай үш айдың ішінде орысша және татарша оқуды және тіпті жазуды үйреніп алды... Қысқасы, бұл жастар 4 жылдық курсты бітіргеннен кейін тәп-тәуір сөйлейтін және жаза алатын болады. Кейіннен парақор болмауы үшін олардың адамгершілігіне де ықпал жасауға бар күшіммен тырысамын” (*Ыбырай Алтынсарин, 1864 жыл 16 наурыз*)

## Сабақ түрі мен әдісі

Тұлғатану, дөңгелек үстел (мұғалім–модератор, оқушылар–атысушылар).  
Дискурс, ақпараттылық, ғылымилық.

## Сабаққа қатысты ескертпелер

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Ыбырай Алтынсариннің еңбек жолы.
2. Ыбырай Алтынсариннің “Қазақ хрестоматиясы” оқулығы.
3. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арнап жазған еңбектері.

#### 4. Ыбырай Алтынсарин ашқан оқу орындары.

Тақырыпты жүргізуде сабаққа ардагер ұстаздың бірін, Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімін шақыруға болады. Бұл сабақта да кітапхана мен кітап қорынан көрмесін ұйымдастыру керек. Оған Ыбырай Алтынсариннің шығармаларынан бөлек, Ыбырай Алтынсарин туралы жазылған еңбектерді де қоюға болады. Газет, журнал мақалаларын да қамту керек. Мектеп кітапханашысы да сабаққа қатысып, 3 минут уақытқа өз пікірін айтып, кітап қорымен қысқаша таныстырып өту керек.

#### Бағалау мүмкіндігі

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған қандай шығармалары бар?
2. Ыбырай Алтынсариннің қандай өлеңін жатқа білесіңдер?
3. Ыбырай Алтынсарин ұстаздарға арнап қандай еңбектер жазған?

#### Қосымша тапсырма

Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын оқып, өз пікірлеріңді айтыңдар.

Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерінің бірін жатқа айту.

#### Білімін шыңдауға берілген тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

1. Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін анықта:  
А) «Қазақ хрестоматиясы»;  
В) «Маңғыстау сапарлары»;  
С) «Қазақстарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық»;  
Д) «Тарихи жазбалар»;  
Е) «Қыпшақ Сейітқұл»;  
Ғ) «Қырғыз өлкесі»;  
Г) «Орынбор тарихы»;  
Н) «Дала өркениеті».

#### Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!

2. Ыбырай Алтынсарин ұсынған орыс педагогтерінің еңбектерін көрсетіңіз:

- А) «Қазақ хрестоматиясы»;  
В) «Балалар әлемі»;  
С) «Қазақстарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық»;  
Д) «Әліпби және мектеп пен үйде оқуға арналған кітабы»;  
Е) «Қыпшақ Сейітқұл»;  
Ғ) «Арифметика»;  
Г) «Орынбор тарихы»;  
Н) «Дала өркениеті».

### §58-59. Абай Құнанбаев – ұлы ақын

#### Сабақтың мақсаты:

7.2.2.2 – Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру

Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын “Хәкім Абай” деп атады?

## **Оқулық**

Абай Құнанбаев – ұлы ақын. 195–197 беттер.

## **Ресурстар**

1. Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы 1995.

2. Мұхтар Әуезов. Абай жолы: роман-эпопея. 4 томдық. Алматы: Жазушы, 2002.

3. Қазақ поэзиясының антологиясы. Алматы: Ғылым, 1993.

4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

**Тірек сөздер:** қазақ қоғамы, медресе, білім, ақын, жазушы, қарасөз.

## **Көрнекілік**

Фотослайд, Абай Құнанбаевтың шығармалар жинағының, еңбектерінің және Абай туралы еңбектердің (Мысалы, Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы” романы) мұқабасы түсірілген суреттер, сондай-ақ Абайдың өзінің түскен тарихи суреттерінен де енгізу керек. Абайдың туып өскен жері, Абайдың мемориалдық мұражайынан Абай қолданған заттарды көрсететін слайдтар қосу керек.

## **Мақсаты айқындау**

Оқушыларға қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтің өмірі мен шығармашылығын “Бала Абай”, “Дана Абай” кезеңдеріне бөліп оқыта отырып, бала Абайдың оқуға өте зерек болып, діни сабақтармен қоса өз бетінше араб, парсы тілдерін үйреніп, шығыс ойшылдары Низами, Сағди, қожа Хафиз, Өлішер Науаи, Физули еңбектерін және орыс, батыс елдері ақындарының, ойшылдарының еңбектерін оқып, білімін толықтырғанын жеткізу арқылы Абайдың жастайынан білім мен ғылымға құштар болып өскенін жеткізу. Абайдың ауыл арасындағы дау-дамайларға төрелік айтып, рубасылардың өкімшілік қызметіне үйрене бастағанын, билер сотына, билер кеңесіне, руаралық дауларды шешу ісіне жастайынан араласып, даулы мәселелерді шешу барысында жөнсіздікке, қатыгездікке, әділетсіздікке, билеуші топтардың мүддесін көздеген әрекеттерге қарсылық білдіріп отырғанын, Патша үкіметі сотының заң ережелерімен жақынырақ танысып, патша самодержавиесінің қазақ жеріндегі өкімшілік-шенеуніктік аппараттарының заңсыз іс-әрекеттеріне куә болып, өз ойын бүкпей айтып отырғанын жеткізе отырып, Абайдың өз заманындағы саясаткер, қоғам қайраткері екенін таныту.

*Дамытушылық маңызы.* Абай адамдарға өзін-өзі тәрбиелеу, сана-сезімді тәрбиелеу керектігін айтып, осы идеясын өлеңдерімен, қара сөздерімен жеткізген. Абайдың өлеңдері тұрмыс-тіршіліктің барлық қырын қамтыды десек болады. Ол ел ішіндегі алауыздықты, күншілдікті, адам мінезіндегі жалқаулық, енжарлықты, мақтаншақтықты, ойсыздықты, салғырттықты, көрсеқызарлықты, ысырапшылықты қатты сынға алды. Өз өлеңдерімен халықты білім алуға, сауаттылыққа, өнерлі болуға, адал еңбек етуге шақырды. Адам жанының сұлулығын, әсемдікті, тазалықты өлеңмен мүсіндеген. Жаман әдет-құлықтардан бойды аулақ ұстау керектігін, ұстамды болуды, ақыл-ой

мен естілікті насихаттаған. Абай сөзге аса шебер, табиғатынан аса қабілетті болған. Шығыс ақындары мен орыс классиктерінің шығармаларын оқып, рухани және дүниетанымдық көзқарасы толыққанды қалыптасуы үшін, оларды терең зерделеуді игерді. Абайдың ұлылығы мен даналығы арқылы оқушылардың ой-санасын шыңдай түсу, халыққа қалдырған ұлы мұраларын игеру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдай түсу.

*Тәрбиелік маңызы.* Абайдың “Ұлы Абай”, “Ұлы ақын” атануын оқыту арқылы оқушыларды адам мен қоғам, адам мен табиғат, адам мен қоршаған орта арасындағы қатынасты сезінуге, жамандық істерден жеріп, жақсылық істерге құмар болуға, өнерлі, білімді, еңбекқор болуға, кешенді ойлауға баулу.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады (Абай Құнанбаев).

## **Абай Құнанбаевтың “Қара сөздерінен” үзінділер**

### **Он жетінші сөз**

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: “Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмететке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абырой мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?” – депті.

Ақыл айтыпты: “Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?” – депті.

Онан соң жүрек айтыпты: “Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жөйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын ала-ламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?” – депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

– Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол,

кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті.

– Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтуғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, өмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, Жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

– Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісідей менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа өрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.

### **Жиырма бірінші сөз**

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады. Екінші, мақтаншақ деген біреуі “демесін” демейді, “десін” дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, өрдайым не түрлі болса да, “десін” деп азаптанып жүріп, “демесінді” ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес.

Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді.

### **Отыз екінші сөз**

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.

Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-

ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусідшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бөлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық, мақтаншақтық, хусідшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі – құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бөрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсекызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

### **Отыз үшінші сөз**

Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.

Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп,

көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, “маған мал жоқ па?” дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші – “дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым”, немесе “ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!” дегенде “маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін” деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыпшын ғой деп және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, “жоғары шыққа” қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен. Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Тұлғатану. Дөңгелек үстел (мұғалім модератор, оқушылар қатысушылар).  
Дискурс, ақпараттылық, ғылымилық.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Сабақты өту барысында басты назарда ұсталатын мәселелер:

1. Абай өмір сүрген қоғам.
2. Абай жазған шығармалар.
3. Абайдың ағартушылық тұрғыдағы ойлары.

Сабақ барысында алдындағы тақырыптарға қолданылған әдіс бойынша мұғалім оқушылар назарына мектеп кітапханасынан және өзінің жеке кітап қорынан Абай Құнанбаевтың шығармаларын алып келіп, сыныпта шағын кітап көрмесін жасайды. Осы кітап көрмесіне кітаптармен бірге Абай Құнанбаевтың сөздерінен цитаталар жазып, оны А3, А4 көлемдегі қағаздарға қалың бояумен шығарып қою кітап көрмесінің мазмұнын аша түседі. Қалалық өңірде ЖОО-ның профессор-оқытушы құрамынан сабаққа “Абайтану” бойынша пікір айтуға қонақ шақырса да болады. Оқушыларға Абай туралы түсірілген көркем фильмдер мен деректі фильмдерді көруді ұсыну керек. Факультатив сабаққа таңдаулы оқушыларға “Абайтанудан” баяндама, ғылыми жоба қорғауға тақырып беру керек. Абай туралы деректі фильмді көруді факультатив немесе үйірме жоспарына енгізу керек. Семей, Жидебай өңіріндегі мектеп оқушыларына осы сабақты мұражайда немесе мұражай қызметкерлерінің “көшпелі дәрісі” бағдарламасы бойынша мектеп қабырғасында өтуге болады. Нәтижесінде осы тақырыпты жүргізу әдістемесін



“әдістемелік журналдарда” (“Қазақ тарихы”, “Мектептегі ғылыми жұмыс” т.б.) жариялап тәжірибемен бөлісу қажет. Сабақты Абай шығармаларының өлем тілдеріне аударылып тарауы, Абайдың 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде тойланғанын айтып қорытындыласа болады.

### **Бағалау мүмкіндігі**

Оқушы білімін бағалауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Абайдың рухани достары кім болған?
2. Абайдың “Қара сөздерінің” негізгі идеясы.

### **Қосымша тапсырма**

Абайдың “Қара сөздерін” толық оқып шығып, өз ойларыңды айтыңдар.

### **Білімін шыңдауға берілген тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

1. Абай Құнанбаевтың ғибратты өсиеттерге толы дастандарын анықта:

- |                       |                     |
|-----------------------|---------------------|
| А) «Қарасөздер»;      | Е) «Масғұт»;        |
| В) «Елбастар»;        | Ғ) «Медғат-Қасым»;  |
| С) «Ескендір»;        | Г) «Өзім әңгімесі»; |
| Д) «Тарихи жазбалар»; | Н) «Еңлік-Кебек».   |

### **Тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

2. Абай Құнанбаев аударған орыс классик әдебиетшілерін көрсетіңіз:

- |                          |                                 |
|--------------------------|---------------------------------|
| А) М.Шевченко;           | Е) Михаэлис, Мейер, Г.Ф.Миллер; |
| В) Н.Хлудов;             | Ғ) А.С.Пушкин;                  |
| С) В.Верещагин;          | Г) М.Ю.Лермонтов;               |
| Д) С.С.Гросс, Янушкевич; | Н) И.А.Крылов.                  |

## **§60. Ш. Құдайбердіұлы, М. Ж. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы**

7.2.3.4 – Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау

Зерттеу сұрағы: Ш.Құдайбердіұлы, М.Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?

### **Оқулық**

Құдайбердіұлы, М. Ж. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы. 198–202 беттер.

### **Ресурстар**

1. Ш. Құдайбердиев. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1990.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, 1990.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.

**Тірек сөздер:** шежіре, поэма, қисса, дастан.

### **Көрнекілік**

Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид суреттері, кітап көрмесі.

### **Мақсатты айқындау**

Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид еңбектеріндегі қазақ тарихына қатысты деректердің маңыздылығын айту. Олардың еңбектерінің қазақ халқының тарихынан алатын орнын түсіндіру.

*Дамытушылық маңызы.* Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид тұлғалық қасиеттерін ашып көрсету арқылы оқушылардың өз бойларында тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал ету.

*Тәрбиелік маңызы.* Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид еңбектеріндегі қазақ тарихына қатысты деректерді оқыта отырып, оқушыларды туған жерін, халқын сүюге тәрбиелеу.

### **Сабақтың деректік материалдары**

Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид шығармалары сабақтың негізгі деректік материалдарын құрайды. Олардың еңбектерінен үзінділер дайындап, оқушыларға оқып беріп, оқушыларға толық оқуға ұсыну керек

### **Сабақ түрі мен әдісі**

Пәнаралық сабақтастық. Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид еңбектеріне тек қана тарихи дерек көзі ретінде ғана емес, қазақ халқының рухани мұрасы ретінде қарау. Әдебиет пәнімен байланыста өту. Сыни ойлау, сыни талдау.

### **Сабаққа қатысты ескертпелер**

Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халидтың өмірімен олардың құнды еңбектерімен таныстыру керек. Мөшһүр Жүсіп Көпейұлының “Наурыз” атты шығармасындағы мәліметтерді оқи отырып, қазіргі күнгі Наурыз мерекесінен қандай айырмашылықтар барын талқылау.

### **Бағалау мүмкіндіктері**

Сабақты қорытындылау барысында Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид шығармаларының аттарын, олардың қазақ тарихынан алатын орындары жайлы өз ойларын айтуды ұйымдастыру керек.

### **Қосымша тапсырмалар**

Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид өмір жолдарымен таныса отырып, осылардың бірі туралы “Тұлға” атты эссе жаз.

### **Білімін шыңдауға берілген тесттен 3 дұрыс жауабын тап!**

1. Шөкәрім Абайдың қандай туысы болатынын анықта:  
А) Шөкірті;  
В) Құнанбайдың үшінші әйелі Айғанымның ұлы;  
С) Абайдың Оспаннан кейінгі інісі;  
Д) Абайдың екінші әйелі Айгерімнен туған ұлы;  
Е) Құнанбайдың бәйбішесі Күнкеден туған Құдайбердінің баласы;

- F) Абайдың ағасы Төкежанның үлкен ұлы;
- G) Абайдың інісі Құдайбердінің кіші ұлы;
- H) абайдың нағашы інісі.

**Тесттен 2 дұрыс жауабын тап!**

**2.** Құрбанғали Халидтің шығармаларын көрсетіңіз:

- A) «Ер Көкше»;
- B) «Тауарих Хамса»;
- C) «Лепсі өлкесін қоршаған таулар»;
- D) «Атқа мінген қазақ»;
- E) «Көш», «Мал айдау»;
- F) «Жарида»;
- G) «Наурыз»;
- H) «Сайын батыр».

## МАЗМҰНЫ

### ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ

§1. XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы .....	3
§2. “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” заманы.....	5
§3. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастыру .....	6
§4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы халық жасағының құрылуы .....	8
§5. Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызы .....	10
§6. Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызы .....	11

### XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

§7-8. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. Ресейдің әскери отарлау әрекеттерінің басталуы. ....	11
§9. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары .....	13
§10. XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты ..	14
§11. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы саяси жағдайдың асқынуы .....	15
§12. Абылай ханның қайраткер ретінде қалыптасуы .....	17
§13. Абылай хан және біртұтас Қазақ хандығының қайта нығаюы .....	18
§14. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты.....	19

### XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

§15. XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларындағы тарихи оқиғалар.....	21
§16. Дәстүрлі рухани мәдениет (салт-дәстүр) .....	24
§17. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі.....	26
§1. Қазақтың ұлттық киімдері.....	28

### ОТАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС

§19-20. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері.....	30
§21-22. Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс.....	33
§23. 1822–1824 жылдардағы реформалар және қазақ қоғамы .....	38
§25–26. 1836–1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі .....	41
§27–28. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс .....	46
§29–30. Орта Азия хандықтарының басқыншылығына қарсы қазақ көтерілістері.....	50
§31–32. Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы.....	54

### V-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

§33–34. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы реформалар .....	59
§35-36. 1860–1870 жж. азаттық күрес .....	63

### XIX ҒАСЫР – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

§37. Отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсері.....	66
§39. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер .....	69
§40-41. XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. ....	71
§42. XIX ғасырдың 80—90 жылдарындағы өкімшілік-аймақтық реформалар .....	74
§43. Қазақстандағы сауда қатынастарының дамуы. ....	76
§44. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойдың дамуы .....	78
§45-46. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті .....	80
§47. Рухани мәдениет және отбасылық салт-дәстүрлер ерекшеліктері .....	84
§48. Қазақ халқының ұлттық ойындары .....	86
§49. XIX ғасырдағы халық ауыз әдебиетінің дамуы және хатқа түсірілуі.....	88
§50. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезіндегі халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері. ....	90
§51. XIX ғасырдағы қазақтың күй өнері .....	93
§52. XIX ғасырдың қазақтың ән-саз өнері.....	94

§53. Қазақ халқының ұлттық музыка аспаптары .....	96
§54. Қазақстандағы XIX ғасырда ағарту ісі мен ғылымның дамуы .....	101
§55. Ғылыми мекемелер мен ұйымдардың дамуы .....	103
§56. Шоқан Уәлиханов — дарынды ғалым .....	104
§57. Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ағартушы .....	113
§58-59. Абай Құнанбаев – ұлы ақын.....	115
§60. Ш. Құдайбердіұлы, М. Ж. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы .....	121

*Учебно-методическое издание*

**Омарбеков Талас  
Хабижанова Гульнара Болатовна  
Картаева Таттигул Ерсайыновна  
Ногайбаева Мендигуль Сагатовна**

**ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

**Методическое руководство**

Пособие для учителей 8/7 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке)

Редакторы *Е. Жайнақов*  
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатов*  
Техникалық редакторы *Л. Садықова*  
Корректоры *Г. Тұрмағанбетова*  
Компьютерде беттеген *И. Алмабаева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № /094

Басуға ... қол қойылды. Пішімі 70 × 100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі “ММ Мектептік”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы ... .  
Шартты бояулы беттаңбасы ... . Есептік баспа табағы ... .  
Таралымы ... дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй  
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30  
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34  
E-mail: mektep@mail.ru  
Web-site: www.mektep.kz